қатысуымен орын алған жол көлік оқиғалары жиілеп, адам қазасына ұштасқан жағдайлар тіркелген. Аталған көлік құралдары жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзудың салдарынан орын алғандығын баяндады. Өзгенің өмірі мен өз өмірлеріне қауіп тудырмау және мүліктеріне зиян келтірмеу үшін жолда жүру ереже талаптарын сақтау әрбір адамның міндеті екенін түсіндірді. Адам өмірі мен денсаулығын сақтау және құқықтық тәртіпті нығайту ортақ міндет екенін айта отырып, жалпы оқушылардың каникул уақытында және сабаққа жеңіл автокөлік, самокат, электромопед айдамауларын ескертті. Сонымен қатар жастарды улап келе жатқан электронды шылымның зияндылығын туралы айтып, салауатты өмір салтын сақтауға шақырды. Семинар өз деңгейінде өтті.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

21.10.24 ж. күні мектеп-интернатында мұғалімдердің және техникалық қызметкерлердің қатысуымен сенбілік ұйымдастырылды. Мектеп ауласы жапырақтардан, қоқыстардан тазартылып, ретке келтірілді.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

25 қазан Республика күніне орай, "Спорт - денсаулық кепілі" ұранымен 18 жастан асқан аудан тұрғындары арасында жүгіру марафоны өтті. Марафонға қатысушылар 3 км жерді жүгіріп өтіп, өздерінің мықтылық, төзімділік, ептіліктерін көрсете білді. Аудан тұрғындары арасында спортты насихаттай отырып, салауатты өмір салтына баулу мақсатындағы жүгіру марафонына 300 -ге жуық ерлер мен әйелдер қатысып, барлық жас санаттары бойынша үздік үштікке ие болған жеңімпаздар медаль, мақтау қағаздары және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Аталған жарысқа Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатынан дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Тасболатов Ержан қатысып, жүлделі 3-орынды иеленді.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

2023 жылғы қазан айының 26 күні Түркістан қаласы, «Ақжайық» музыка мектебінің базасында облыстағы "Дарын" мектеп-интернаттары, мектеп-интернаттары, арнайы (көмекші) мектеп-интернаттарының ұстаздары арасында «Өнерлі ұстаз-2023» байқауы өтті. Байқаудың мақсаты мен міндеттері: Ұстаздың тарихи танымдығын, педагогикалық–психологиялық сауаттылығын, шығармашылық талантын анықтау; Тәрбие жүйесінде ұстаздардың жаңа технологиялардың дамуы кезеңінде болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуына ерекше көңіл бөлу; жанартылған білімдегі тәжірибесімен өзара бөлісу; Байқау 3 шарт бойынша өткізілді: Өзін-өзі таныстыру кезеңі.

«Педагогтың бір күні» видеороликтер байқауы.

Өнер кезеңі. «Ұстаз болу – жүректің батырлығы» өнер кезеңі (ән, би, күй, т.б. шығармашылығымен). Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатынан математика пәні мұғалімі Әсілбай Нұрлыбек қатысып, үздік шығармашылығымен және сахна шеберлігімен танылып, жүлделі III орын иегері атанды. Сонымен қатар қаржылай сыйлық сертификатымен марапатталды.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

1.11. 24 ж күні денсаулықтың алты шарты : " таза ауа" ; "дұрыс тамақтану"; " қозғалыс"; "тыныш ұйқы"; көтеріңкі көңіл-күй", күйзеліске түспеу" атты тақырыбында 7 сынып оқушылары мен ата - аналары бірлесе отырып салауатты

өмір салтын насихаттау жөніндегі чөлентжі өткізілді.
<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

Даңқы қазір күн санап кең тарап, түркі әлемі, қазақ жұртшылығына танымал болған аса қадірлі кісі Қожа Ахмет Яссауидің туғанына биыл 930 жыл толып отыр. Яссауи қараңғылық заманының аспанына жарық жұлдыздай өз арайын шашқан жалынды, жарқын бейне. Еліміз Егемендік алғанан кейін әдеби-мәдени мұраларымыздың, асыл қазыналарымыздың көзін ашты. Халқымызды қазыналы тарихына қайта бұрып, қасиетті мұраларымызды қастерлеуге нық аяқ бастық.

Атаулы мерейтой аясында Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында «Қожа Ахмет Яссауидің хәл хикмет ілімі» тақырыбында 9-11-сынып оқушылары арасында эссе байқауы өткізілді. Байқауға жоғары сынып оқушылары арасынан 20 оқушы қатысып, 9-сынып оқушылары Лесбай Жанерке, Шатырхан Оразалы, 10-сынып оқушылары Анартай Аяжан, Нұрланқызы Динара, 11-сынып оқушылары арасынан Үшкемпір Диана мен Жанатбек Айжанның эсселері үздік деп бағаланды. Қожа Ахмет Яссауиге және оның мұраларына жаңаша көзқарас, тарихи жаңа таным қалыптастыру мақсатында өткізілген эссе байқауында оқушылар оқыған деректері мен шығармаларынан мысалдар келтіріп, философиялық еңбектерінің маңызына кеңінен тоқталды. Эссе жұмыстарында оқушылар Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың өмір жолы мен құнды еңбектері жөнінде айтып, тарих тұлғаларын ұмытпауға шақырды.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

18 қараша күні Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкент қаласында "ТАЛАНТЫ АЗИИ" атты халықаралық өнер байқауы өтті. Аталған байқаудың 14-16жас аралығындағы "Аспапта орындау" жанры бойынша мектебіміздің 10-сынып оқушысы Жолдыбай Нұрай өнер көрсетіп, дәрежелі дипломмен марапатталды.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

Қараша айының 25-і күні Түркістан облысы Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының "25 жылдық" мерейтойы қарсаңында мамандандырылған мектеп-интернаттарының ер мұғалімдері арасында волейболдан жарыс өтті. Жарыстың ашылу салтанатын мектеп-интернат директоры Лязат Құрбанқызы ашып, қонақтарға жылы лебізін білдірді. Мектеп оқушылары ән-бимен өз өнерлерін көрсетіп, ары қарай қатысушыларды жеребе арқылы екі мектепке бөлді. Жарыс тартысты өтті. Қатысушы командалар белсене қатысып, нәтижесінде Жетісай ауданының мамандандырылған мектеп интернаты 1- орын, М.Тасова атындағы мектеп-интернаты 2-орын, Ж.Қаппаров мектеп-интернаты ұжымы 3-орынды иеленді.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

«Адал ұрпақ» ерікті мектепішілік клубының жетекшісі Э.Керимкулова 7-8 сынып оқушылармен «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында тәрбие сағатын өтті. Мақсаты: «Сыбайлас-жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптастыру.

Мектебімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды насихаттайтын «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылған. Клуб сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізу бағытында жұмыстарды атқаратындығы оқушыларға таныстырылды.

«Жемқорлық – ғасыр дерті» атты сурет иллюстрациясы ұйымдастырылып, оқушылар сурет арқылы өз ойларын жеткізді.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

Түркістан облысы білім басқармасының қосымша білім беруді дамыту орталығының 2023 жылға арналған жоспар – кестесіне сәйкес Сарыағаш ауданының № 4 мамандандырылған мектеп-интернатының базасында «ZHAS STAR» мамандандырылған білім беру ұйымдары көшбасшыларының бірінші облыстық слеті өтілді.

Мақсаты: Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, белсенді азаматтық (өмірлік) ұстанымды қалыптастыру және іске асыру арқылы слетке қатысушылардың шығармашылық даралығы мен көшбасшылық қасиеттерін дамыту.

Аталған іс-шараға “Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ-нің белсенді жастар ұйымы қатысып, өздерінің тапқырлықтары, зеректігі мен ойының ұшқырлығының арқасында жоғары жетістіктерге жете білді.

«ZHAS STAR» облыстық бірінші слетінде «ТӘУЕЛСІЗДІК - ТҰҒЫРЫМ» бейнероликтер байқауында Анартай Аяжан III дәрежелі дипломмен марапатталды. Сонымен қатар «BRAIN RAIN» зияткерлік сайысында өздерінің тапқырлығымен көзге түскені үшін «ДОСТАР» тобы 1- дәрежелі дипломмен марапатталды. Топ құрамында мектебіміздің 10-сынып оқушысы Тулегенов Ернар өз білімі мен шығармашылық дағдыларын жоғары деңгейде ортаға салды.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

15.12 күні “Ұлы дала мұраты” атты тәуелсіздік күніне арналған мерекелік іс-шара өткізілді. Балалардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру, ұлттық сана сезімін, саяси сауаттылығын ояту, Тәуелсіздік үшін күрескен, желтоқсан құрбандарын еске түсіріп, желтоқсан құрбандарының ерлігі жайында түсіндіру, Желтоқсан оқиғасында ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында 9 “А” сыныбының ұйымдастыруымен жоғары деңгейде аталып өтті. Іс-шара “Жаса, Қазақстан” әнін хормен шырқаудан бастау алып, «Әлқисса биі», “Тәуелсіз елім” көркемсөзімен, Полатбек Кәмшаттің қобызда орындаған “Ерден” күйімен, сонымен қатар сыныптың домбырашылары Омарұлы Рахат, Талғатбекова Диана мен Лесбай Жанеркенің орындауындағы «Адай» күйімен жалғасын тапты. Сыныптың мың бұралған биші қыздары «Мен қазақпын» биін биледі, “Тәуелсіздік алғаннан кейін 20 жыл өткенде” тақырыбында көрініс көрсетті. Мерекелік іс-шараның соңы “Қазақ елі” әнін шырқаумен аяқталды.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

11.01.2024 жылы «Математика сабағында формативті бағалауды дұрыс ұйымдастыру» тақырыбында қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасының алшақтығын жою, алшақтықты қысқарту мақсатындағы Төлеби

ауданының білім бөліміне қарасты шағын жинақты мектептердің математика пәні мұғалімдеріне арналған тәжірибелік семинар өтті.

Жоспар бойынша мектебіміздің, математика пәнінің мұғалімі шебер- педагог Мүсірепбаева Бибігүл «Екі өрнектің квадраттарының айырымының формуласы» атты тақырабында 7б сыныбымен ашық сабақ өткізді, бағалау бойынша саралау тапсырмаларын бере отырып, критериалды бағалауды көрсетті.

Содан соң математика пәнінің мұғалімі модератор- педагог Әсілбай Нұрлыбек «Қысқаша көбейту формулалары» атты тақырабында 7а сыныбымен ашық сабақ өткізді, сабақта банк ісі бойынша бағалады, менеджменттер бағалады, яғни оқушылар өзара бағалады.

Мектебіміздің математика пәнінің мұғалімі педагог –зерттеуші Исмаилова Ақмарал «Үшбұрыштарды шешу» тақырыбында 9А сыныбымен ашық сабақ өтті. Сабақ барысында топтық, жұптық, жеке жұмыстар жасады, дискрипторлар арқылы өзін-өзі бағалау жүргізді.

Келген қонақтар өтілген сабақтар туралы пікірлерін білдіріп кері байланыс жасалды. Өздеріне бағалау бойынша тиімді тұстарын алдық, сабақтар жоғары деңгейде өтілді деген пікірмен тарқасты.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

17.01.2024ж. география пәні мұғалімі, педагог-шебер Айтінбетов Қайрат 7 «А» сыныбымен шеберлік сабағын өтті. Шеберлік сабағының мақсаты – педагогикалық ұжымның кәсіби білімін кеңейтіп қана қоймай, тәжірибе алмасуға және оқу үдерісіне инновациялық әдістерді енгізуге жағдай жасау, мектеп ішінде оқу мен оқытуда әдіс-тәсілдерді тиімді іске асырудың үлгісін көрсету. Мұғалімнің сабақта оқушылармен байланысы жолға қойылғаны анық көрінді. Сабақта берілген мәліметтер қоршаған ортамен тығыз байланысты болғандықтан, оқушылар Төлеби ауданындағы экологиялық мәселелермен байланыстыра білді. Оқушылар алған білімін өмірде пайдалана алады. Өте сәтті өткен шеберлік сабағына қатысқан мектеп әкімшілігі мен мұғалімдер шын риза болып, мұғалімге алғыс айтты. Шеберлік сабағына оқу ісі меңгерушілері қатысып, жас мамандар мен тәжірибелі ұстаздар арасындағы байланысты арттыру жолындағы маңызды қадам ретінде жоғары баға берілді. <https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

Мектептің білім берумен қатар атқаратын қызметтерінің бірі – кәсіптік бағдар беру. Оның мәні – мектеп оқушыларының болашақ мамандығын таңдау мүмкіндігін беру. Мектептің орта сыныптарында кәсіптік бағдар беру іскерлік, психологиялық және кәсіптік бағдар беру ойындары түрінде жүзеге асырылады. Бұл әртүрлі мамандықтардың ерекшеліктерін тереңірек түсінуді қалыптастырады. Жас санатындағы оқушыларға кәсіптік бағдар беру барысында бар мамандықтар туралы негізгі білімдерді игереді, олардың қызығушылықтары мен даму болашағын түсінеді. Мектеп педагог – психологы Эльмира Керимкулова «Профи TIME мамандықтар әлемінде» («Жеткіншектің жеті жарғысы») жобасы аясында сыныптан тыс іс-шара өткізді. Топтық жұмыс барысында оқушылар өздерінің ойларын ашық айтып, бір-бірлерімен пікір алмасты. Әңгімелесу барысында мамандық таңдауда әр бала жеке өзіндік бейімділігін, қабілетін, қызығушылықтарын ескеру керектігі жөнінде кеңестер беріліп, мамандық таңдауда

нақты жоспарлы түрде ұмтылу арқылы мақсатқа жетуге болатыны айтылды.
<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

«Мейір-Бейс» медициналық колледжінің және «Дарын» мектебінің оқушылары бой көрсетті. Дебатқа қызуғышылығы жоғары деген студенттерді іріктеп, дебат пікір сайыс клубының ойындарын бастап кеттік. Студенттердің ойынға деген қызуғышылықтары өте жоғары. Бүгінгі ойын түрлері өте қызықты, ерекше форматта өтті. Дебатқа қызуғышылар саны күннен күнге артып келеді.
<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

7 (а,б) сынып оқушыларымен 2024 жылдың 30 қаңтар айында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Табиғатты аялайық, достар !» атты тақырыпта ашық тәрбие сағаты өткізілді. Іс шара бекітіліп, мектептің акт залында өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсініктерін кеңейту. Шығармашылық қабілеттерін, жақсылық жасай білу іскерліктерін, ойлау қабілетін дамыту, өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру. Табиғатты қорғауға, елін, жерін сүюге, мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу, экологиялық тәрбие беру, Табиғат-Анаға сүйіспеншілікпен қарауға жетелеу
<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

7 (а,б) сынып оқушыларымен 2023 жылдың 28 қараша айында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті» атты тақырыпта ашық тәрбие сағаты өткізілді. Іс шара бекітіліп, мектептің акт залында өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың жақсы денсаулығының, жан - жақты дамуының кепілдігі - тиімді және үйлесімді тамақтану болып саналатынын, Тамақтану сауаттылығының бес негізін; Тамақтану тәртібін, тамақтану мәдениетін; «Салауатты өмір» салтына қатысты негіздеулерді тұжырымдау
<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

5.02.2024 ж. күні ұстаздар мен мектеп оқушылары «ДОСБОЛЛИКЕ: достық қолын ұсын» акциясы аясында жоспар құрылып, таныстыру лездеме жұмысы өткізілді. «Дос болЛИКЕ: достық қолын ұсын» акциясы шеңберінде оқушылардың жағымды қарым-қатынастары мен эмоционалдық әл-ауқатын дамыту мақсатында «Кіші зияткерлік академия» бағытында 9 «Б» сынып оқушыларымен «Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы» тақырыбында сайыс өткізілді. Сайыстың мақсаты: сөз өнері арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейту, зияткерлікке, даналыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. Сайыс өте тартысты өтті. Сынып оқушылары екі топқа бөлініп, мақал-мәтелдердің жалғасын тапты, жұмбақ шешті, топпен шығармашылық жұмыс орындады.

06.02.2024ж “Арайлым” қыздар клубының кезекті отырысы өтті. Отырыс барысында “Жасөспірімнің қоршаған ортасы баланың тұлға болып қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді ме?” тақырыбында 8 «А» және «Б» сыныптар арасында пікірсайыс ойыны өткізілді. Пікірсайыстың мақсаты: тұжырымдаманың астарында не жатқанын терең түсінік бере отырып, оқушылар арасында достық сезім қалыптастыру. Өмірде адал дос табу, достық қарым-қатынастарды сақтай білу. Сонымен қатар “Қыз намысы - ұлт намысы” тақырыбында тәрбие ісінің меңгерушісі Баедилова Жанар мен 9 «А» сынып оқушысы Меирбек Шұғыла

тақырыптық баяндама мен түсіндірме жұмысын жүргізді. Жасөспірімдер арасында қыз баланың тәрбиесі мен қоғам тәрбиесіне байланысты ұлт тағдыры болашақ тағдырының қамын түсіндіре отырып, қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге ақыл-кеңес беру мақсатында, онда «Ерте жүктіліктің алдын алу» мәселесі бойынша түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Клуб отырысының қорытынды кезеңінде «ДОСБОЛЛИКЕ: достық қолын ұсын» акциясы аясында тәрбие ісінің меңгерушісі Баедилова Жанар мен мектеп психологы Керимкулова Эльмира достық шеңбер тренингін өткізді. Мақсаты: Балаларды дос болуға, ұйымшылдыққа, бауырмашыл болуға тәрбиелеу. Оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым – қатынасын нығайту.

7.02.2024ж күні «Икемді қол шеберханасы» бағыты бойынша жіп графикасы технологиясымен сурет салу және қолөнерлік бұйымдар жасау айдарында оқушылардың эстетикалық талғамға ие өзінің әдемілігімен адам көзін қуантатын суреттер мен заттарды жасау нәтижесінде оқушылардың бойында өзінің ұлттық мәдени тарихына үңілуге, этнографиялық ерекшелігін білуге ынталандырып, ұлттық өнерге деген қызығушылығы артып, жалпы өнерге деген құрмет сезімін арттыру мақсатында технология пәнінің мұғалімі мен тәрбиешілер жауапкершілігімен атқарылды.

2024 жылдың 07 ақпан күні Шымкент қаласындағы Ж.Шанин атындағы театрға қазақ әдебиетінің классигі М.Әуезовтың жауһар туындысы «Қарагөз» спектакліне (режиссері Б.Құрманғожаев) мектеп-интернат оқушылары барды. Мақсаты: оқушыларға театр өнерінің адамға пайдасын түсіндіру, сезіндіру (Адамның мәдени таным-түсінігі, ой-өрісі кеңейеді; Адамның жақсы жағына өзгеруіне мол мүмкіндік беретіндігі; Көрермен жат әрекеттерден іштей тіксініп, түсініп, одан аластанып, өзіне қажеттіні жазбай танып, өзіне керектіні ерікті үнсіз қабылдай алады. Сөз композициясы, дикция, ораторлық шеберлік, түрлі қозғалыс динамикасы мен мимика-жестикуляция, мінез-қылық, Сөз сөйлеу мәнеріне мән береді; Көрерменнің кітап оқығанмен тең білім алатындығы. Әрі қарай сол оқиғаға деген көрерменнің қызығушылығы оянып, оны өз бетімен тақырыпты қуалап ізденіп, түсінігін одан әрі толықтыру мүмкіндігіне ие болады. Театр адам жанын тыныштандырады.) сонымен қатар ауызбіршілікке, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. Оқушылар театрға барғаннан алған әсерін: «бірізділігі табылған қойылым – нағыз әсерлі, өнімді жан азығы»- деп бөлісті 08.02.2024ж күні «Еріктілер» бағыты бойынша «Менің таза сыныбым» акциясына оқушылар белсене қатысты. Мақсаты: мектеп тазалығына жанашырлықпен атсалысу, қоршаған ортаға деген құрмет пен өзгенің еңбегін бағалау, ауызбіршілік пен татулықты арттыру. Еңбек шыққан жерден төзім де шығады демекші оқушылардың бойында еңбектің ең бірінші өмірлік қажеттілік, өмірлік табыстарға жетудің басты тәсілі мен жоғары құндылық ретінде қалыптасудың маңызын түсіндіру орын алды. 13.02.2024ж күні «Көңілді сурет» тренингін педагог-психолог Э.Керимкулова 7-8 сынып оқушылармен өткізді. Мақсаты: «ДОСБОЛЛИКЕ акциясы шеңберінде оқушылардың жағымды қарым-қатынастары мен әл-ауқатын дамыту айналадағылардан сенім мен түсінуіне негізделген жылы достық қарым-қатынасты қалыптастырып, өз-өздерін бағалауды адекватты қалыптастыруға көмектесу, сенімділікті, ұйымшылдықты дамыту. Сынып оқушылары шеңберге тұрып «Дос

достыққа» сергіту ойынын ойнады. Ойын арқылы ой, сезім және мінез- құлық бір-бірімен қалай байланысты екендігін білді. Содан кейін «Мен досымды теңеймін...» жаттығуы жасалды. Осы арқылы бір-бірлеріне жылы лебіздерін білдіре отырып үлкен қуаныш сыйлады. 14.02.2024 ж. күні «ДОСБОЛ LIKE: достық қолын ұсын» акциясы аясында «Көтеріңкі көңіл күй» бағыты бойынша «Көңілді үзіліс» сергіту минутын өзін-өзі басқару ұйымы үлкен үзілісте мектеп оқушыларымен достық қарым-қатынасты арттыру мақсатында бірлесе өткізді. Оқушылар ортақ істе бірігіп атқарған жұмыстың сәтті, көңілді болағанын баяндады. 14.02.2024ж. күні «ДОСБОЛ LIKE: достық қолын ұсын» акциясы аясында «Шығармашылық ынтымақтастық» бағыты бойынша «Әке жүрегі таудан үлкен» әкелер кеңесі мүшелерінің шашка-шахмат, тоғызқұмалақ ойынынан жарыс болды. Мақсаты: мектеп өміріне ата –аналарды қызықтыру, ата-аналармен қарым қатынас арттыру, отбасылық құндылықтарды сақтау, отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде мектептегі тәрбие процесіне көмек көрсету. Әкелермен өткізілген іс шарада жеңімпаздары марапатталып, алғыс білдірілді және бүгінгі іс-шараның өз деңгейінде қызықты, тартысты өткендігі туралы өз пікірлерін білдірді.

15.01.2024ж. күні **«Шығармашылық ынтымақтастық» бағыты бойынша** ата –аналар мектеп ұжымына, оқушыларға деген тілегін бейнеролик жасау арқылы жіберді. Мақсаты: ата-аналардың мектеп өміріне белсенді араласуын және ата-аналардың бір –біріне, мектепке жақсы қарым –қатынасын арттыру, жағымды көңіл –күй, пікір туғызу. Оқушылардың ұстаздық мамандығына оң көз-қарасын қалыптастыру. Ата –ана ақылын баласына айтады, ұстаз шәкіртіне айтады. Достықтың көзі ақылдан басталады, - демекші отбасында мұғалімдер туралы жақсы пікір айтылса, алдымен ата-ананың мектеп, ұстаз туралы жақсы ниеті балаға жақсы әсер етеді. Ондай балалардың оқуға, білімге мектепке құштарлығы артады. Ұстазды, адамды сыйлауы өзгеше болады.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

06.02.2024ж “Арайлым” қыздар клубының кезекті отырысы өтті. Отырыс барысында “Жасөспірімнің қоршаған ортасы баланың тұлға болып қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді ме?” тақырыбында 8 «А» және «Б» сыныптар арасында пікірсайыс ойыны өткізілді. Пікірсайыстың мақсаты: тұжырымдаманың астарында не жатқанын терең түсінік бере отырып, оқушылар арасында достық сезім қалыптастыру. Өмірде адал дос табу, достық қарым-қатынастарды сақтай білу. Сонымен қатар “Қыз намысы - ұлт намысы” тақырыбында тәрбие ісінің меңгерушісі Баедилова Жанар мен 9 «А» сынып оқушысы Меирбек Шұғыла тақырыптық баяндама мен түсіндірме жұмысын жүргізді. Жасөспірімдер арасында қыз баланың тәрбиесі мен қоғам тәрбиесіне байланысты ұлт тағдыры болашақ тағдырының қамын түсіндіре отырып, қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге ақыл-кеңес беру мақсатында, онда «Ерте жүктіліктің алдын алу» мәселесі бойынша түсіндірме жұмысы жүргізілді. Клуб отырысының қорытынды кезеңінде “ДОСБОЛ LIKE: достық қолын ұсын” акциясы аясында тәрбие ісінің меңгерушісі Баедилова Жанар мен мектеп психологы Керимкулова Эльмира достық шеңбер тренингін өткізді. Мақсаты: Балаларды дос болуға, ұйымшылдыққа, бауырмашыл болуға

тәрбиелеу. Оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым-қатынасын нығайту.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

14.02.2024ж. күні «ДОСБОЛЛИКЕ: достық қолын ұсын» акциясы аясында «Шығармашылық ынтымақтастық» бағыты бойынша «Әке жүрегі таудан үлкен» әкелер кеңесі мүшелерінің шашка-шахмат, тоғызқұмалақ ойынынан жарыс болды. Мақсаты: мектеп өміріне ата –аналарды қызықтыру, ата-аналармен қарым қатынас арттыру, отбасылық құндылықтарды сақтау, отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде мектептегі тәрбие процесіне көмек көрсету. Әкелермен өткізілген бүгінгі іс шарада жеңімпаздары марапатталып, алғыс білдірілді және бүгінгі іс-шараның өз деңгейінде қызықты, тартысты өткендігі туралы өз пікірлерін білдірді.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

2024 жылдың 07 ақпан күні «ДОСБОЛЛИКЕ: достық қолын ұсын» акциясы аясында Шымкент қаласындағы Ж.Шанин атындағы театрға қазақ әдебиетінің классигі М.Әуезовтың жауһар туындысы «Қарагөз» спектакліне (режиссері Б.Құрманғожаев) мектеп-интернат оқушылары барды. Мақсаты: оқушыларға театр өнерінің адамға пайдасын түсіндіру, сезіндіру (Адамның мәдени таным-түсінігі, ой-өрісі кеңейеді; Адамның жақсы жағына өзгеруіне мол мүмкіндік беретіндігі; Көрермен жат әрекеттерден іштей тіксініп, түсініп, одан аластанып, өзіне қажеттіні жазбай танып, өзіне керектіні ерікті үнсіз қабылдай алады. Сөз композициясы, дикция, ораторлық шеберлік, түрлі қозғалыс динамикасы мен мимика-жестикуляция, мінез-қылық, Сөз сөйлеу мәнеріне мән береді; Көрерменнің кітап оқығанмен тең білім алатындығы. Әрі қарай сол оқиғаға деген көрерменнің қызығушылығы оянып, оны өз бетімен тақырыпты қуалап ізденіп, түсінігін одан әрі толықтыру мүмкіндігіне ие болады.Театр адам жанын тыныштандырады.) сонымен қатар ауызбіршілікке, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. Оқушылар театрға барғаннан алған әсерін: «бірізділігі табылған қойылым – нағыз әсерлі, өнімді жан азығы»- деп бөлісті <https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

8-20 ақпан аралығында "ӘЛЕМДІ БЕЙНЕЛЕГЕН НАҚТЫ ҒЫЛЫМДАР" атты математика-информатика бірлестігінің апталығы бастау алды. Мақсаты:Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, танымдық ізденістерін ояту;Логикалық ойлау қабілеттерін, пәнге ынтасын, белсенділігін арттыру; Білімдерінің жүйелі болуын қамтамасыз ету;Аптаның алғашқы күні апталықтың ашылу жиыны өткізілді. Жиын барысында бірлестік жетекшісі, математика пәні мұғалімі Ақмарал Мұхамедқызы апталық жоспарымен таныстырып, оқушыларды апталық аясында жоспарланған шараларға белсене қатысуға шақырды.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

16.02.2024ж шағын жинақты мектеп мұғалімдеріне физика пәнінің мұғалімі, педагог-шебер Бекишев Данияр 7-сынып оқушыларымен «Кері итеруші күш» тақырыбында шеберлік сабағын өтті. Сабақтың мақсаты: сұйықтар мен газдардағы кері итеруші күштің табиғатын түсіндіру; есептер шығаруда Архимед заңын қолдану. Сабақ барысында «Викторина», «Ой қозғау», «Кинометафора», «Сиқырлы конверт», физикалық диктант, «Пантомима» әдістерін қолданып, сабақ барысында оқушыларды әрбір тапсырма бойынша дескриптор арқылы бағалады.

Шағын жинақты мектеп мұғалімдері сабақтың қарқынды өткенін, әдістемелік қоржындарын жаңа біліммен толтырып бара жатқанын айтып, алғыс білдірді.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

15.01.2024ж. күні «Шығармашылық ынтымақтастық» бағыты бойынша ата –аналар мектеп ұжымына, оқушыларға достық туралы ой-пікірін, тілегін бейнеролик жасау арқылы жіберді. Мақсаты: ата-аналардың мектеп өміріне белсенді араласуын және ата-аналардың бір –біріне, мектепке жақсы қарым –қатынасын арттыру, жағымды көңіл –күй, пікір туғызу. Оқушылардың ұстаздық мамандығына оң көз-қарасын қалыптастыру. Ата –ана ақылын баласына айтады, ұстаз шәкіртіне айтады. Достықтың көзі ақылдан басталады, - демекші отбасында мұғалімдер туралы жақсы пікір айтылса, алдымен ата-ананың мектеп, ұстаз туралы жақсы ниеті балаға жақсы әсер етеді. Ондай балалардың оқуға, білімге мектепке құштарлығы артады.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

Математика-информатика пәндері әдістемелік бірлестігінің "Әлемді бейнелеген нақты ғылымдар" атты онкүндік аясында мектебіміздің математика пәнінің мұғалімі Шалбай Қымбат 9 сынып пен 10 сынып оқушыларымен «Математикалық қызықты ойындар» сыныптан тыс жұмысын өткізді. Мақсаты:

1. Ойын арқылы ептілікке, өз ара сайыс түрінде қарапайым болса да логикалық ойлауды қажет ететін түрлі мазмұнды есеп, жұмбақтарды шешуде оқушылардың танымдық қасиеттерін дамыту, тапқырлыққа баулу; 2. Оқушыларды пәнге деген сүйспеншілікке, білімге, құштарлыққа, шығармашылықпен жұмыс жасауға тәрбиелеу; 3. Ойын арқылы оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

Математика-информатика пәндері әдістемелік бірлестігінің "Әлемді бейнелеген нақты ғылымдар" атты онкүндік аясында информатика пәні мұғалімі Далмырзаев Сәкеннің ұйымдастыруымен оқушылардың дайындығын шыңдау мақсатында Робототехникадан Орта Азия Championship First Challenge Master Piece ойын байқауына қорғау кезеңін ұйымдастырды.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100022652143107>

«Төрт тоқсан - төрт өнер» ұлттық мәдени ағартушылық жобаның іс-шара жоспары аясында

1-тоқсан -Республика күніне арналған «Ақындар айтысы» іс-шарасын өткізу
Айтыс- бұл ұлттық өнер. Айтыс халық өнерін бейнелейтін көркем әдебиет саласының бірі. Онда халықтың қуанышы да, қайғысы да, мәдени дәрежесі де адамдардың қарым- қатынасы да суреттеледі. Айтысқа суырып салма, сөзге шешен, қиыннан қиыстырар, білімді, бір сөзбен айтқанда сегіз қырлы бір сырлы адам қатыса алады. Міне, сол ақындарға «болмасаңда ұқсап бақ» деп Абай данамыз айтқандай, осы бір ұлттық өнерге бізде талпыныс жасап көрейікші деген мақсатпен Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында Республика күніне арналған «Ақындар айтысы» іс-шарасы өткізілді. Мақсаты:

Оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру;

Жас ақындар өнерін дамыту. Егемендіктің қадірін түсінуге, тарих шежіресін білуге, салт-дәстүрді сыйлауға баулу.Мерекелік іс-шараны мектеп директорының

орынбасары Ж.Баедилова қорытындылап, жас ақындарға шығармашылық табыс тіледі.

2-тоқсан - «Алтын сақа»

17 қараша елімізде миллионнан асатам оқушы бір мезгілде ұлттық ойындар ойнады. Челлендждің мақсаты — білім алушыларды рухани-адамгершілік, эстетикалық, патриоттық бағытта тәрбиелеу, мәдени құндылықтарды сақтау және ұлттық ойындарды дәріптеу. «Ұлттық ойындар — адамға қанат бітіріп, шабыттандыратын ғажайып сайыстар, ол денсаулықтың ғана емес, өмір үйлесімділігінің кепілі. Мәселен, асық ойнау баланың жүйке-бұлшықет жүйесін шынықтырады, дүниетанымын кеңейтеді, оның шапшаң қимылдауына әсер етеді, сондай-ақ көру қабілетін жақсартады. Бұл кең көлемді республикалық акция еліміздің барлық білім беру ұйымдарын біріктіруге, өз елі үшін, халық Челленджге Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының ұстаздары мен оқушылары “Бес табан” және “Бес асық” ойындарына қызығушылықпен қатысты.

3-тоқсан-Ұлттық өнер көрмесі (тоқыма бұйымдарын жасау, ағашты, сүйекті, былғарыны көркемдік өңдеу, металды көркемдік өңдеу, мүсіндер жасау, ою-өрнек, қағаздан бұйым жасау, дизайн жобасы.) «Ұлттық өнер» көрмесі (тоқыма бұйымдарын жасау, ағашты, сүйекті, былғарыны көркемдік өңдеу, металды көркемдік өңдеу, мүсіндер жасау, ою- өрнек, қағаздан бұйым жасау, дизайн жобасы Төрт тоқсан- төрт өнер іс –шара аясында) өтті. Кез келген халықтың әлауқаты шешуші дәрежеде оның мәдени кодын — ұлттық менталитеттің негізін құрайтын бірегей белгілерінің сақталуымен анықталады. Ұрпақтар сабақтастығын дамыту, білім алушылардың ұлттық өнерге, халық шығармашылығына мемлекеттің, қоғамның, отбасының, тұлғаның мәдени игілігі ретінде құндылық қатынасын тәрбиелеу мақсатында Наурыз мерекесі аясында мектебімізде «Ұлттық өнер» көрмесі ұйымдастырылып өтілді. «Ұлттық өнер» көрмесінің мақсаты: балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін ашу, мәдениет пен өнер арқылы әдемі әлемге баулу, ел тарихының маңыздылығы мен қатысуын арттыру, отансүйгіштікке және туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мәдени мұраны сақтау. «Ұлттық өнер» көрмесін өткізу жауапкершілігі Г.Құттымуратова, Е.Нышанов және тәрбиешілерде болды. Көрмеге барлық сынып оқушылары мен ұстаздар тарапы қатысты. Көрмеде тоқыма бұйымдарын жасау: гобелен, кесте, бисер, ағаштан, қағаздан бұйымдар жасау: оригами, аппликация, ұлттық бояуы бар интерьер дизайны жобасы: саяжай жасады. «Ұлттық өнер» көрмесі балалар мен ересектердің назарын қазақ халқының мәдени мұрасын сақтауға бағытталған. Көрмені өткізу кезінде мектептердің жас экскурсоводтар оқушыларды, ата-аналарды, педагогтерді, қонақтарды көрменің экспозицияларымен таныстырды. «Ұлттық өнер» көрмесі Наурыз мерекесінің ажырамас бөлігі болмақ.

4-Тоқсан

«Туған-өлкем» географиялық интеллектуалдық ойын алаңы іс-шарасы Қазақстандағы туризм мен өлкетанудың болашағы зор. Балалар мен жастарды туған өлкені, көрікті, киелі жерлерді зерттеуге, өз халқының рухани мәдениетімен таныстыруға, елдің тарихи өткенін зерттеуге бағытталған түрлі жобаларға тарту қазақстандық бірегейлікті, өскелең ұрпақтың туған жеріне деген сақтығы мен ұқыптылығы үшін жауапкершілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Туған өлкем» географиялық интеллектуалдық ойын алаңы оқушылардың туған өлкесін зерттеуге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған қызықты интеллектуалды ойын өтті. Интеллектуалды ойын барысында бұл туристік маршруттар кластеріне енгізілуі мүмкін туған өлкенің әдемі және ішкі жерлерін насихаттаумен толықтырылды. Оқушылар туған өлкенің тарихын, оның көрікті жерлерін насихаттау бойынша идеялармен алмасты.

«Туған өлкем» географиялық интеллектуалдық ойын алаңының **мақсаты** - оқушылардың белсенді азаматтық ұстанымын дамыту, отансүйгіштік пен азаматтық сезімін тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау, туған өлкені зерделеу арқылы туристік-өлкетану қызметін жандандыру. 24.05.2024 ж. күні «Білім – Отаным» атты жалпыреспубликалық ашық тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағаты мемлекеттік Әнұранмен басталып, Білім министрінің арнайы құттықтауын тыңдады. Ашық тәрбие сағаты барысында, алдын ала түсіріліп дайындалған әр сыныптың балаларының жыл бойғы жетістіктері мен тәрбие тағылымы бойынша бейнеролик дайындалып, үздік жетістіктерімен оқушыларды марапаттап, мақтау қағаздары берілді және жол қауіпсіздік ережелерін сақтауын, жазғы демалыс кезінде түрлі қауіп-қатердің алдын алу мақсатында қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Сонымен қатар әрбір оқушының, сынып жетекшілер мен қызметкерлердің жақсы қасиеті, үлгілі істеріне ерекше назар аударып, «Ең,Ең...» номинацияларымен марапатталды. Ал, 9,11 сыныптың түлектері «Мен, Мектеп. Ұстаз» тақырыбында мектеп қабырғасындағы балалық шақтан болашаққа қадамы туралы өз ойларын эсседе жазып, көрсетті. Мақсаты оқушылардың бойына ұлттық мәдени құндылықтарды сіңіру. Балаларды ұстаздарды құрметтеуге, білім ұясына қамқор болуға, білім алуға құштар болуға, жыл бойы алған білімінің нәтижесін қорытындылай білуге, Мемлекеттік тілімізді сүйе білуге үйрету, туған елін, жерін құрметтейтін саналы, ізденпаз, адал, алған білімін кез-келген жерде қолдана алатын құзыретті тұлға болуға тәрбиелеу.

«9 айға 9 іс-шара» жобасы бойынша қыркүйек айында салауатты өмір салтын ұстану бағытында бүкіл мектеп болып «Денсаулық күні» аталып өтілді.

№ 1. «Сергіту сәті» челленджі

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі «Тоғыз айдағы 9 іс-шара» тұжырымдамасымен білім беру ұйымдарында бірыңғай тәрбие және спорттық-сауықтыру іс-шараларының өткізілу аясында **8 қыркүйек** күні білім алушылардың салауатты өмір салтын насихаттау, дене белсенділігін арттыру мақсатында республиканың барлық елді мекендерінің білім беру ұйымдарына «Сергіту сәті» челленджі ұйымдастырылды. Челленджге мектебіміздің оқушылар және ұстаздары қатысты. Челленджге жалпы 210 оқушы, 20 мұғалім қатысты. Бұл челлендж оқушыларға физикалық, психологиялық стрессті төмендетуге ықпал ету, оқу іс-әрекеті процесінде шаршаудың алдын алуға, физикалық белсенділікті арттыруға ықпал ету, балалардың денсаулығын сақтау мақсатында жұмыс қабілеттілігін арттыруға ықпал етуде өз үлесін тигізді.

№2. “Әнұран айту” челленджі

«Тоғыз айға тоғыз іс -шара» ұлттық мәдени ағартушылық жобаның іс-шара жоспары аясында «Республика күні» қарсаңында Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты «Тоғыз айға 9 іс-шара» жоспары аясында

оқушылардың патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету мақсатында «Әнұран айту челенжін қолдады.

№3. «АСЫҚ АТУ» челленджі

«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында «АСЫҚ АТУ» челленджі өтті.

Ұлттық ойындар – тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, қиялы мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Асық ойыны баланың жүйке-жүйесін қалыптастырады, ой-өрісін және көкжиегін кеңейтеді, мінезін төзімділікке, қозғалысын дәлдікке ептейді, көздің көру қабілетін арттырады. Асықты нысанаға алғанда қан тамырларының жұмысы жақсарады, ал қолға ұстап иіргенде, саусақ пен алақандағы жүйке нүктелері үйкеліске түсіп, ми тынығады. Бұл челлендж қазақ халқының ұлттық ойындарын жаңғырту және насихаттауға, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын қастерлеуге, оқушыларды асық ойынына баулиды.

Челлендждің мақсаты — білім алушыларды рухани-адамгершілік, эстетикалық, патриоттық бағытта тәрбиелеу, мәдени құндылықтарды сақтау және ұлттық ойындарды дәріптеу. «Ұлттық ойындар – адамға қанат бітіріп, шабыттандыратын ғажайып сайыстар, ол денсаулықтың ғана емес, өмір үйлесімділігінің кепілі. Мәселен, асық ойнау баланың жүйке-бұлшықет жүйесін шынықтырады, дүниетанымын кеңейтеді, оның шапшаң қимылдауына әсер етеді, сондай-ақ көру қабілетін жақсартады. Бұл кең көлемді республикалық акция еліміздің барлық білім беру ұйымдарын біріктіруге, өз елі үшін мақтаныш сезімдерін қалыптастыруда және өзінің ұлттық ойындарын дәріптеу үшін челленджге Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының ұстаздары мен оқушылары “Бес табан” және “Бес асық” ойындарына қызығушылықпен қатысты.

№4. «Шығарма жазу: болашаққа хат» челленджі

Челлендж оқушылардың эссе жазуға бағытталған, осылайша жазу арқылы өз ойын білдіру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Челлендж білім алушылардың өз ойын қағаз бетінде жүйелі жазуға, ішкі тұжырымдарын сөзбен жеткізуге үйрету арқылы жазылым дағдысын жетілдіруге бағытталған.

Челленджде оқушылар “Атамекен” тақырыбында жазды.

Жалпы, жазу – бұл баланың өзінің жинақталған білімін білдіру. Челлендждің барысында оқушыларға өзінің жеткен жетістіктері, алға қойған жоспарлары мен болашағы туралы шығарма жазу барысында функционалдық сауаттылығын дамыту, өз ойларын қағаз бетіне жүйелі жазып жеткізу дағдыларын жетілдіру, өзін-өзі дамыту және сыни ойлау дағдыларын жетілдіру сияқты дағдыларды қалыптастырды.

№5. «Қазақ есебі» челленджі

26.01.2024 ж. күні Оқу-ағарту министрлігінің "Тоғыз айға тоғыз іс -шара" тұжырымдамасы негізінде "Төлеби ауданы мамандандырылған мектеп-интернаты" 26 қаңтар күні "Қазақ есебі" челленджін жариялады.

Челлендждің мақсаты — Білім алушылардың ұлттық мазмұнды логикалық есептерді шығару, ойлау қабілетін тереңдету, логикасын жетілдіру, білім алушылардың креативті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету, жылдам ойлауға, алғырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу, халқымыздың өткен тарихына көз жүгірту.

Сонымен қатар математикалық есептер шығару білім алушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамытуға, логикасын, зейінін жаттықтыруға ықпал етеді.

Математикалық есептерді шешу оқушыларды ойлануға, модельдеуге, болжауға және нақты мысалдарды дәлелдеуге негіз болады, бұл күнделікті өмірде ең қарапайым және күрделі мәселелерде оң шешім қабылдауына әсер етеді. Нәтижесінде оқушылардың математикалық және логикалық есептерді шығаруға деген қызығушылығы дамыды.

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп интернаты

№6. “Оқуға құштар мектеп” челленджі

Республикалық “Оқуға құштар мектеп” челленджі ұйымдастырылды. Челлендж мақсаты: Білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тарту. Кітаптың адам өміріндегі орны туралы түсінік беру, сөйлеу мәдениетін арттыру, кітапты сүйе білуге, кітапты қадірлеуге, өз ойын дұрыс жеткізе білуге баулу. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыра түсіріп, білімнің кітапта екенін ұғындыру. Кітап оқу - тұлға болып қалыптасуға ықпал ететін бірден - бір күш. Оқушылар өздері оқыған кітаптары туралы қызықты мәліметтермен бөлісіп, кітап оқуға шақырды.

№7. “Домбырышылар” челленджі

20.03.2024 жылы Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай "Күй күмбірі" атты Республикалық домбырашылар челленджі (Тоғыз ай – тоғыз іс –шара аясында) өткізілді. Dombra-challenge-дің мақсаты: өскелең ұрпақты отан сүйгіштікке тәрбиелеу, ұлттың мәдени мұрасын сақтау және тарату, дәуірлік аспап – домбырада ойнауды кеңінен насихаттау челленджінің мақсаты: Білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, балалардың домбырада орындау өнерін насихаттау. Челлендждің міндеттері: Қазақ халқының музыкалық мәдениетіне білім алушылардың қызығушылығын ояту, орындаушылық дағдыларын қалыптастыру, қазақ халық аспаптары туралы білімдерін кеңейту, домбырада музыка орындаудың ұжымдық түрлерін жетілдіру

№8. "Шахмат ойыны" республикалық челленджі

2024 жылдың 12 сәуір күні тоғыз айға тоғыз іс шара аясында мектеп-интернатта “Шахмат ойнау” челленджі өткізілді. Шахмат – көне тарихы бар, тәрбиелік мәні бар зияткерлік ойын. Шахмат ойыны тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді, логикалық ойлауға және өз іс-әрекетін жоспарлауға үйретеді, зейіннің шоғырлануын дамытады. Қазір - ең көп таралған үстел ойындарының бірі. Челлендждің мақсаты - оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту. Оқушылар арасында шахмат ойнау өз деңгейінде өтті.

№9. « Жасыл мекен» челленджі

12.05.2023 ж. күні Оқу-ағарту министрлігінің "Тоғыз айға тоғыз іс -шара" тұжрымдамасы негізінде "Төлеби ауданы мамандандырылған мектеп-интернаты" "Жасыл мекен" челленджін жариялады. Мақсаты: оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу.

“Таза Қазақстан” акциясы «Жасыл мекен» челленджіне ұласты.

Көктемде көшет отырғызу арқылы қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауды дәріптеумен қатар, еңбек құндылығын қалыптастыруға, айналаны көгалдандыруға,

абаттандыруға бастама болып табылды. Сонымен қатар оқушылардың бойында экологиялық мәдениетті дарытуға, табиғат пен қоршаған ортаны құрметтеуге, өзгенің әрі өзінің еңбегін бағалауға тәрбиелеуде 8 сынып оқушылары және “Жасыл ел” экологиялық тобымен “ Жасыл мекен” челленджі ұйымдастырылды. Табиғат пен адам қатар ұғым. Адамсыз табиғат, табиғатсыз адам өмір сүруі мүмкін емес. Қазіргі таңдағы шиеленіскен экологиялық мәселелер шешудің бір жролы - жасыл желекті көбейту. Осы мақсатта оқушылар ағаш көшеттерін егу, бөлме өсімдіктерін отырғызу жұмыстарын жасап, экологиялық мәдениетті, саналы қоғам болып бірге әрекет етуге шақырды.

Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының «Мөлдір бұлақ» атты бесінші аптадағы іс-шараға қатысуы

Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының «Мөлдір бұлақ» атты бесінші аптадағы іс-шарасына белсене қатысып, атсалысты. 2024 жылы 11 мамыр күні мектеп-интернат ұжымы тазалық жұмыстарын жасап, сенбілікке қатысты. Сонымен қатар 10 сынып оқушылары мен ұйымдастырушы ұстаздар “Таза Қазақстан” акциясы аясында «Мөлдір бұлақ» атты бесінші апта іс шарасында бұлақ маңын қоқыстан тазалау жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: республикалық деңгейдегі ұйымдастырылған іс-шараға белсене қатысып, қолдау көрсету, туған жердің тазалығын сақтау, қоршаған ортаның ластануына жол бермеу, табиғатты аялау, мектеп-интернат территориясында тазалық жұмыстарына өз үлестерін қосу.

Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының «Өнегелі ұрпақ» атты төртінші аптадағы іс-шараға қатысуы

Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының «Өнегелі ұрпақ» атты төртінші аптадағы іс-шараға белсене қатысып, атсалысуда.

2024 жылы 1 мамыр күні мектеп-интернат ұжымы жалпыхалықтық тазалық жұмыстарына атсалысысты. Мақсаты: республикалық деңгейдегі ұйымдастырылған іс-шараға қолдау көрсету, қоршаған ортаның ластануына жол бермеу, табиғатты аялау, мектеп-интернат территориясында тазалық жұмыстарын жүргізу. Сонымен қатар 9 сынып оқушылары мен ұйымдастырушы ұстаздар “Таза Қазақстан” акциясы аясында «Өнегелі ұрпақ» атты төртінші аптада ардагер ұстаздың ауласын тазалау шарасына интернат меңгерушісі Құрманова Асия апай бастап, 9”Б” сынып жетекшісі Шинтаева Гульмира, тәрбиешісі Үсіпбекова Қарагөз, мектеп қызметкері Давидов Рүстем және 9”Б” сынып оқушылары мектебіміздің ардагер ұстазы Мырзалиева Қызбала апайдың үйіне барып, аула тазалау жұмыстарын жүргізді. Іс-шараның мақсаты: республикалық деңгейдегі іс-шараға қолдау көрсету; ардагер ұстаздарға көмек көрсету; табиғатты аялауға баулу.

3 мамыр - Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдау мақсатында Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында «Түлектердің ағаш егу» акциясы ұйымдастырылды. Акцияға мектеп-интернат түлектері мен сынып жетекшілері және тәрбиешілері бірлесе отырып қатысты. Игі шараның мақсаты: "Таза Қазақстан " экологиялық акциясына белсене қатысып қолдау көрсету, туған жердің тазалығын сақтау, мектептің көгалдандыру жұмыстарына өз үлестерін қосу. Мектеп-интернатымыздың бітіруші түлектері мектептің ауласына жеміс ағаштарын отырғызып, оларды әктеу жұмыстарын

жүргізді. Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының «Жасыл аймақ» атты үшінші аптадағы іс-шараға белсене қатысып, атсалысуда. 2024 жылы 26 сәуір күні мектеп аумағында 9 сынып оқушылары мен ұйымдастырушы ұстаздар көшет отырғызу, ағаш әктеу жұмыстарын жүргізді. Ал 27 сәуір күні ұстаздар мен қызметкерлер сенбілікке қатысып, мектеп аумағындағы территориялардың шөптерін орып, тазалық жұмыстарын жүргізді. «Жасыл аймақ» акциясына белсене қатысып, атсалысты. Мақсаты: Республикалық деңгейдегі акцияға қолдау көрсету және де өскелең ұрпақты еңбексүйгіштікке, патриоттық тәрбиеге баулу, қоршаған ортаның ластануына жол бермеу, табиғатты аялау. Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының «Киелі мекен» атты екінші аптадағы іс-шараға белсене қатысып, атсалысуда. 2024 жылы 18 сәуір күні ұйымдастырушы ұстаздар мен 8 а,б сынып оқушылары «Шілтер әулие» кесенесіне барып, тарихи-мәдени ескерткіш аумағында тазалық, абаттандыру жұмыстарын жүргізді. Іс-шара барысында ұстаздар мен оқушылар топ-топқа бөлініп, бұлақтардың айналасын тазалау жұмыстары мен табиғат аясындағы ағаштарды әктеу жұмыстарын жүргізді. «Киелі мекен» акциясына қызығушылықпен белсене атсалысты. Мақсаты: Республикалық деңгейдегі акцияға қолдау көрсету және де өскелең ұрпақты еңбексүйгіштікке, патриоттық тәрбиеге баулу, қоршаған ортаның ластануына жол бермеу, табиғатты аялау, оқушыларды киелі мекендерді, ескерткіштерді сақтауға үйрету.

Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының «Таза өлке» атты бірінші аптадағы іс-шараға қатысуы Мемлекет басшысының тапсырмасымен республика бойынша «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында 5 апталық іс-шараға сай әр аптаның өзіндік тақырыбы мен нақты мақсатын орындау барысында «Таза өлке» атты бірінші аптадағы акцияға мектеп –интернат қызметкерлері мен оқушылары, ата –аналары да өз үлестерін қосып, тазалық жұмыстарына белсене кірісіп, өз аулалары мен мектеп аумағындағы территорияларды тазалау жұмыстарын жүргізді. Іс-шараның мақсаты – мектеп ұжымы, ата-ана, оқушы арасындағы қоғамдық мәдениет деңгейін арттыру арқылы республикалық деңгейдегі акцияға қолдау көрсету болып табылады. Акцияға барлығы түгелдей белсене қатысты.

Оқушылардың қатысуымен түрлі келеңсіз оқиғаларды болдырмау мақсатында ата-аналарға «Қауіпсіз жаз» ескертпе парағы таратылып, оқушыларға тәрбие сағаттарында және «WhatsApp» әлеуметтік желісі арқылы ата-аналарға «Улы газбен уланудың алдын алу», «Суға шомылу кезіндегі қауіпсіздік», «Өрт қауіпсіздігі» тақырыптарында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге ата-аналар жиналысы өткізіліп, жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың жеке бас қауіпсіздігі жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді, нұсқаулар берілді, жазғы демалыс кезінде тиым салынған су аймақтарында суға түспеуге қатаң ескертулер жасалды.

2024-2025 оқу жылындағы Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында атқарылған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша атқарылған жұмыстарға талдау.

2024-2025 жылға арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру

бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің “30” шілде 2024 жыл № 194 бұйрығына 2-қосымшасына сәйкес “Біртұтас тәрбие бағдарламасы” бойынша жоспар құрылып, бекітілді.

Бағдарламаның мақсаты:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу; адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

Елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;

отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

Биылғы оқу жылында 10 сынып комплектысы, 10 сынып жетекші, 5 тәрбиеші жетекшілік етеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру туралы жылдық кешенді жоспар жасалынып бекітілді. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқаулықты басшылыққа алып, ата -аналарды

психологиялық және педагогикалық қолдау сабақтарының кестесі жасалынып, ата - аналар комитетімен бірлесе, заманауи үрдістерді қолдана отырып, ұлттық құндылықтарға негізделген аға буын өкілдерінің келісімімен «Даналық мектебі» клубының «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қамқорлығы», «Женге кеңесі» секция жұмысын үйлестіріп, жылдық жұмыс жоспары жасалынды. Ұлттық құндылықтар: «Тәуелсіздік және отаншылдық», «Бірлік және ынтымақ», «Әділдік және жауапкершілік», «Заң және тәртіп», «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» және «Жасампаздық және жаңашылдық» бойынша жоспар жасалынды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асыру шеңберінде әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізу жобалары («Қамқор», «SMART BALA», «Еңбегі адал - жас өрен», «Ұшқыр ой алаңы», «Шабыт», «Балалар кітапханасы») жүзеге асырылу мақсатында жобалардың жетекшілері бекітіліп, іс-шаралар жоспары жасалынды.

16.05 күні ” кітапханашының ұйымдастырылуымен “ Ең үздік оқырман” сайысы өтті. Халқымыз өнер мен білімді қастерлеген. Бүгінгі таңда адамзат алдында тұрған басты мақсат- білімді ұрпақ тәрбиелеу. Ал ұрпақ білімді қайдан алады? Әрине, кітаптан.” Кітапхана- білімнің күншуағы “десек,” Ізденсем, білсем деген балаға кітапхананың есігі әрқашан да ашық. Үздік оқырман сайысының мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, шығармашылыққа баулу. Ең үздік оқырманды анықтап, оны мадақтау арқылы оқырмандық мәдениетті насихаттау. Сайыс арқылы ең белсенді, көп оқитын оқырмандар анықталып, оларды үлгі ету арқылы оқушылардың мотивациясы көтерілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1C521ozVXM/>

«Аналар күні», «Халықаралық отбасы күні», «Әкелер мерекесіне» арналған іс-шаралар өтті. Аталған іс-шараларға 7Б сынып оқушылары белсене қатысты.

<https://www.facebook.com/share/v/14oQZzXCse/>

Жергілікті телеарналарда батыр балаларды тәрбиелеуге зор үлес қосқан аналар мен әкелер жөнінде (мысалы өрт сөндірушілердің, құтқарушылардың, т.б) сондай-ақ, елімізге белгілі тұлғалардың (қоғам қайраткерлері, саясаткерлер, әртістер, спортшылар және т.б) ата-анасынан сұхбат алу челленджі аясында Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының 9 Б сынып оқушылары арасынан Республикалық олимпиада жеңімпаздарының ата-анасынан сұхбат Әр баланың артында - үлкен сенім мен махаббат тұруы керек

<https://www.facebook.com/share/v/16Mw7kRgf4/>

8Б сыныбының “Аналардың өнегелі өмірі” тақырыбында сыныптың “Алтын, Күміс алқа” иегерлерінің балаларға кеңесі және балалардың аналарына әдемі арнаулары
Мақсаты: Аналардың өмірінен өнеге алу арқылы оқушыларды мейірімділікке, сыйластыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу. Отбасыдағы ананың рөлін ұғындыру, құрметтеуге үйрету.

<https://www.facebook.com/share/v/16Mw7kRgf4/>

2025 жылдың 15 мамыр Халықаралық Отбасы күніне орай "Менің отбасым - менің мақтанышым" атты фоточеллендж түсірілді.

Мақсаты: Оқушыларды Отбасындағы сыйластыққа, дамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу. Үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге, отбасының бірлігін сақтап, ата-ана

алдындағы парызын өтеуге, еліміздің жақсы азаматы болып өсуге, жанұяның мақтанышы болуға тәрбиелеу. <https://www.facebook.com/share/v/1HjhQ3L2cA/>

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында 7А сынып оқушылары әкелер күніне "Менің Әкем – Ең Жақсы Адам" атты чөлентж ұйымдастырды. Чөлентждің мақсаты: Оқушылардың әкелеріне деген құрметі мен сүйіспеншілігін арттыру; Әке мен бала арасындағы байланысты нығайту; Әкелердің отбасындағы рөлін дәріптеу, олардың еңбегін бағалау; Әкеге деген құрметтерін бейне жазба арқылы көрсетті.

<https://www.facebook.com/share/p/1BgGX36MCg/>

мектеп-интернаттың 10-сынып оқушы қыздары үшін бүгінгі күн ерекше тәжірибеге толы болды. Далалық оқу іс-шарасы аясында олар медициналық-санитарлық даярлық бағытында алғашқы көмек көрсету бойынша маңызды білім мен дағдыларды меңгерді. Оқушылар түрлі төтенше жағдайларда алғашқы көмек көрсету, жарақат алған адамға дұрыс көмектесу және қауіпсіз әрекет ету ережелерін тәжірибе арқылы үйренді. Бұл сабақтар — болашақта адам өмірін сақтап қалуға сеп болатын құнды тәжірибе. Жауапкершілік пен жанашырлыққа тәрбиелейтін мұндай оқу сабақтары оқушылардың болашағына зор үлес қосты.

<https://www.facebook.com/share/v/1LNfUKH7WW/>

06.05.2025ж. күні 7Б сыныбымен «7 мамыр-Отан қорғаушылар» және «9 мамыр-Жеңіс күні» мерекесі қарсаңында «Ер есімі ел есінде» атты мектепішілік іс-шара өтті. Іс-шараның мақсаты: Балаларға халқымыздың аты аңыз болған даңқты қаһарманы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы туралы мағлұмат беру, батырдың азаматтық, ерлік істерін айту, қанатты сөздерімен таныстыру; Жеңістің 80 жылдық мерекесіне орай оқушыларды өз Отанын, елін, жерін сүйуге, қаһарлы күндердегі халқымыздың үлгі тұтарлық қасиетін мақтан ете отырып, тәуелсіз еліміздің туын биікке көтеруге, елжандылыққа, Отанын қорғай білуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/1DUaSERyiV/>

2025 жылдың 8 сәуір күні Алдын алу шаралары жобасы аясында "Ескерткіштер - ел тарихы" атты такырыпта іс шара өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды ескерткіштердің түр-түрлерімен таныстыру, ескерткіштер жайында ой-өрістерін дамыту, болашаққа аманат екенін түсіндіру. Сәулет ескерткіштері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/1Yh1Ebve53>

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай 9 "Б" сынып оқушыларымен «Бірлігі жарасқан Қазақ елі» атты ашық тәрбие сағаты өтілді.

Мақсаты: -Оқушыларға Қазақстан халқының бірлігі мен достығының маңызын түсіндіру;

-Ұлтаралық татулық, келісім және бейбітшіліктің құндылық екенін ұғындыру;

-Оқушылардың отансүйгіштік және патриоттық сезімдерін тәрбиелеу;

-Қазақстанда тұратын түрлі ұлт өкілдерінің мәдениеті мен салт-дәстүріне құрметпен қарауға үйрету. <https://www.facebook.com/share/p/16UQFP2Y9J/>

2025 жылдың 1-2 мамыр күндері “Жарқын болашақ” республикалық қазақ тілі олимпиадасының республикалық қорытынды кезеңі Астана қаласында “Nurorda” мектеп-лицейінің базасында болып өтті. Түркістан облысының атынан олимпиадаға мектебіміздің 9-сынып оқушы Жолдас Жанель “Жас қаламгер”

бағыты бойынша қатысып, жүлделі ІІІ орын иеленіп қайтты. Жүлдегер оқушыны дайындаған жетекшісі Мусаева Мейрамкүл

<https://www.facebook.com/share/p/15tsMW6Jwq/>

Төлеби аудандық кітапханасының ұйымдастыруымен, жазушы, журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мархабат Байғұттың туғанына 80-жылдығы аясында ұйымдастырылған «Әдебиет әлемінің ақтаңгері» атты аудандық байқауына мектеп-интернатымыздың 7а сынып оқушысы Тұрдыбек А қатысып, облыстық байқауына қатысуға жолдама жеңіп алды. Әділ қазылардың шешімен Мархабат Байғұттың шығармаларын (прозасынан) мәнерлеп оқу сайысында қатысушы үміткерлер арасынан топ жарып, жүлделі орынға ие болды. Дайындаған тәрбиеші Тасмурзаева Динара.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0cv6Lucd7qs183j2coa5gmBAPEASTU9P3fvbV2qr98PzPA5oX74mNiL3M9AAxG6S6l&id=100022652143107&mibextid=Nif5oz

2025 ж 22сәуірде Балалар кітапханасы жобасы бойынша мектеп-интернат тәрбиеленушілерімен бірге «Біз таңдаған кітаптар» атты тәрбие сағаты өтілді.

Мақсаты: Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру; Оқушылардың оқу мәдениетін қалыптастыру; Оқушылардың сөздік қорын байыту, тілдік шеберлігін шыңдау; Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; Кітап арқылы адамгершілік құндылықтарды дәріптеу. Іс-шара барысында оқушылар «Менің сүйікті кітабым» бөлімінде өздерінің сүйікті кітаптары жайлы қызықты мәліметтер беріп өтті. «Кітап кейіпкерлерінің әлемінде» атты бөлімінде оқушылар таңдаған кітаптарының үзінділерін мәнерлеп оқыды. «Шығармашылық бөлімінде» таңдап алынған кітаптары бойынша эссе жазды. Іс-шара соңында оқушылар кітап туралы нақыл сөздер айта отырып, бір-біріне кітап оқуға кеңес берді. Кітап – адам өмірінде маңызды роль атқарады. Ол елді, жерді сүйуге талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға үйретеді. Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмысында пайдаланады. Одан ақыл - кеңес, тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алады.

<https://www.facebook.com/share/v/1Jx7z1g67F/>

2024 жылдың 22 сәуір күні шабыт жобасы аясында

«Электронды темекінің зияны мен пайдасы» атты тақырыпта дебат өткізілді.

Мақсаты: Электронды темекі туралы шынайы ақпарат беру. Оның денсаулыққа тигізетін әсерін түсіндіру. Салауатты өмір салтын насихаттау. Оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту.

<https://www.facebook.com/share/p/1JWW4PXpso/>

2025 жылдың 21-24 сәуірі аралығында Шығыс Қазақстан облысы

Өскемен қаласында өткен Қанипа Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиетінен республикалық олимпиадаға облыстың атынан 11-сынып оқушысы Қошқарбай Гүлім қатысып, жүлделі ІІІ орынды иеленіп қайтты. Жүлдегер оқушыны дайындаған жетекшісі Мусаева Мирамкулді

<https://www.facebook.com/share/p/1NLVh653zq/>

23 сәуір - "Ұлттық кітап күні". Бұл күн кітап сүйер қауымның ортақ мерекесі, асыл қазынамыз кітапты бағалау. "Оқуға құштар ұлт" жолындағы рухани әлемімізді

байыту күні. "Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты" КММ-нің кітапханасында 23 сәуір – Ұлттық кітап күніне орай, ашық есік күні өткізілді.

Бұл күн – білімнің бастауы, рухани байлықтың көзі саналатын кітаптың қадірін арттырып, оқуға деген құштарлықты оятатын мереке.

Әр парағы — даналыққа жол, әр жолы — ойға азық. Кітапты серік еткен ұрпақтың болашағы жарқын болары сөзсіз. Мақсаты: жас ұрпақтың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, кітаптың адам өміріндегі орны мен маңызын ұғындыру;
<https://www.facebook.com/share/p/1J2Fe7g6mo/>

12-сәуір Ғылым күніне орай Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында «Ғарышқа саяхат» атты макеттер байқауы ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, балалардың техникалық шығармашылығын дамыту, логикалық ойлауды, есте сақтауды, зейінді, қиялды дамыту, қолдың жалпы және ұсақ моторикасын дамыту, инновациялық ғылыми-техникалық шығармашылыққа тарту. Техникалық шығармашылық және өнертапқыштық, сәулет өнері саласында дарынды, талантты білім алушыларды анықтау болып табылады. Оқушылар байқау ережесімен таныстырылып, байқауға белсене қатысты. Байқау мектеп-интернатымыздың : 7а, 7б, 8а, 8б, 9а, 9 б сыныптар арасында өткізілді. Байқау тәртібі бойынша қатысушылар өз жұмыстарын әділ қазылар алдында қорғап шықты. Байқаудың қорытындысы бойынша жүлделі орынға ие болған сыныптар мадақтамен марапатталды.
<https://www.facebook.com/share/v/12JjdPf1qSW/>

12 СӘУІР ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІ

"Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында" (Балалар кітапханасы) жобасы аясында Ғарышкерлер күніне орай “Ғарыш әлемі” тақырыбында танымдық сабақ өткізілді. Мақсаты: Балаларға ғарыш әлемі туралы түсінік бере отырып, алғаш самғаған әлемдік және қазақтандық ғарышкерлер туралы мағлұмат беру, ғарыш әлеміне деген қызығушылық және танымдық қабілетін арттыру, патриоттық сезімін ояту.

Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мусабәевтың ерліктері жайлы әңгімелеп, ғарыш әлемімен таныстыру. Сабақ барысында оқушылар ғарыш әлеміндегі ғаламшарлармен танысып, макет жасап шығармашылықтарын дамытты.

<https://www.facebook.com/share/v/1L1VN8RwNg/>

14.04 күні Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатнда ”Қызықты химия әлемінде” тақырыбында іс шара өтті.

Мақсаты:

Оқушылардың химия пәніне қызығушылығын арттыру;

Химияның өмірмен тығыз байланысты екенін көрсету;

Логикалық ойлау, зерттеу дағдыларын дамыту;

Топтық жұмысқа бейімдеп, шығармашылықты ояту.

Тәрбиелік: сайыс барысында ұжымдық коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру.

Дамытушылық: өз бетімен ізденіп, шығармашылық жұмыстармен айналысуға, алған білімдерін пайдаланып, алғырлыққа, шапшаңдыққа, тез ойлануға, тапқырлыққа баулу.

<https://www.facebook.com/share/p/16Mw2EYu5p/>

11-СӘУІР «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»:

“Түлектердің ағаш егу” акциясы

Мемлекет басшысы Қасымжомарт Тоқаевтың “Таза Қазақстан” экологиялық акциясын қолдау мақсатында Түркістан облысы "Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты"

“Атадан мал қалғанша, тал қалсын” демекші, бүгінгі түлектердің ағаш егу акциясы өте керемет өтті. Нәтижесінде ағаш егу арқылы айналамызды жайқалтуға болады.

Табиғатымызды аялау, қорғау - ол біздің мойнымызда.

<https://www.facebook.com/share/v/16Ke43h5nd/>

ӨЗ ЕЛІҢДІ ТАНЫ

25-наурыз Гайдбук жоспары бойынша

Өз еліңді таны

Мақсаты:

Оқушыларды қарапайым қадамдары арқылы Қазақстан мемлекеті туралы көбірек білуге, ұлттық құндылықтарымызды сақтау мен дәріптеуге, өз Отанымыздың нағыз патриоты болуға тәрбиелеу.

Өз еліңді тану -ол өз еліңнің ұлттық құндылығын сақтау . Ол- Отан, тіл, тарих, өнер, әдебиет

Сынып жетекшісі: Айтінбетов Кайрат Сапаралиевич

<https://www.facebook.com/share/v/1979nV38WP/>

8- сәуір күні Төлеби ауданы мамандандырылған мектеп-интернатының жаратылыстану- математика пәндері әдістемелік бірлестігінің

атты "Ғылым, білім және жасанды интеллект: болашақтың триосы!" онкүндік іс-шара мақсаты — оқушылар мен жастарды заманауи ғылым жетістіктерімен, білімнің маңыздылығымен және жасанды интеллект (AI) технологияларымен таныстыру арқылы олардың болашаққа деген қызығушылығын арттыру, сыни ойлау, шығармашылық және цифрлық сауаттылық дағдыларын дамыту. Апталықтың негізгі мақсаттары:

1. Ғылымға қызығушылықты арттыру: Табиғат, техника, математика, информатика және басқа да ғылым салаларына қызығушылықты ояту.

2. Білімнің рөлін көрсету: Үздіксіз білім алудың маңызын түсіндіру және оқуға ынталандыру.

3. Жасанды интеллектпен таныстыру: AI-дың не екенін, оның қоғамдағы, өндірістегі, білім беру жүйесіндегі қолданылуын көрсету.

4. Цифрлық дағдыларды дамыту: Оқушыларды ақпараттық технологияларды тиімді пайдалануға үйрету.

5. Болашақ мамандықтарға бағдар беру: Ғылым, технология және AI салаларындағы мамандықтар жайлы ақпарат беру.

6. Жас ғалымдарға қолдау көрсету: Оқушылардың ғылыми жобаларына мүмкіндік беру, идеяларымен бөлісуге жағдай жасау.

<https://www.facebook.com/share/p/18kTWNKJCq/>

15- наурыз қайырымдылық күні «Наурызнама онкүндік іс-шара жоспарына» сәйкес Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының педагог-психологы Э.Керимкулова мен әлеуметтік педагог М.Омарованың ұйымдастыруымен көше тазалауға шыққан Төлеби ауданының тазалығына үлес қосып жүрген еңбек адамдарына ыстық кофемен, ыстық самса таратылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты: қоғамда, өскелең ұрпақ арасында мейірімділік, қамқорлық сезімін қалыптастыру, қайырымдылықты насихаттау, жастарды үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелеу

<https://www.facebook.com/share/v/1GKcGV4cQr/>

Бүгін 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні! Халықаралық балаларға арналған кітап күні 1956 жылдан бастап Халықаралық кеңестің шешімімен жыл сайын дат жазушысы Ганс Христиан Андерсеннің туылған күніне орай атап өтіледі

Бүгін 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні! Халықаралық балаларға арналған кітап күні 1956 жылдан бастап Халықаралық кеңестің шешімімен жыл сайын дат жазушысы Ганс Христиан Андерсеннің туылған күніне орай атап өтіледі Төлеби ауданының орталық кітапханасы мен "Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты" бірге бірлесе отырып "Әлемдік мәдениет-кітапта" атты зияткерлік ойын іс-шарасын ұйымдастырды.

Аталмыш шараға мектеп интернатымыздың тәрбиешісі Д.Тасмурзаева және 7 сынып оқушылары қатысты. Іс-шара барысында кітап көрмесіне шолу жасалып, қаламгерлердің балаларға арналған өлеңдері оқылды. Сонымен қатар көңілді ойындар мен жұмбақтар шешіп, викториналық сұрақтарға жауап берді.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, «Кітап – әр адамның өмірлік досы». <https://www.facebook.com/share/p/1BxQbAsXqi/>

КАНИКУЛДА КІТАП ОҚИМЫЗ

Түркістан облысы білім басқармасының «Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты » КММнің 2025 жылдың 18 наурыз күнгі №429 хатына сәйкес, «Білім шыңы» Республикалық білім беру парадигмасын дамыту және біліктілікті артыру орталығының ұйымдастыруымен 21-31 наурыз аралығындағы көктемдегі каникулда өтетін «Каникулда кітап оқимыз» атты кітап оқу марафонына мектеп-интернатымыздың кітапханашысы, тәрбиешілері және пән мұғалімдерінің жетекшілігімен барлық сынып оқушылары белсенді қатысып марапаттарға ие болды. <https://www.facebook.com/share/p/16KhExSqCP/>

2025 жылы 14 қаңтарда 9 сынып оқушыларымен, (Біртұтас тәрбие бағдарламасы) бойынша « Біз- сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: «Сыбайлас-жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. <https://www.facebook.com/share/v/1AVnBBY4Fm/>

29-наурыз күні Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп интернатында "Алтын оймақ" үйірмесінің қолөнері өткізілуде. Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту, оқушылардың алған білімдерін өмірде өз бетінше қолдана білуін қадағалау және шығармашылық іскерліктерін арттыру. Оқушыларды талғаммен жұмыс жасауға, ептілікке, ұқыптылыққа, өнерді сүйеге, талмай еңбек етуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/1D6w2dR6kT/>

2025 жылдың 18 — ақпанында қауіпсіз қоғам - бейбіт өмір кепілі тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатының негізгі мақсаты оқушыларға білім беру мекемесінде қауіпсіз орта қалыптастыра отырып, білім алушылардың жан-жақты дамуына жағдай туғызу. Әр іске жауапкершілікпен қарауға дағдыландыру. Тәрбие сағатының тақырыбын таныстыра отырып кіріспе бөлімде қауіпсіздік адам баласы үшін әрқашанда керек. Қауіпсіздік аясындағы мектептің қызметі – оқу және еңбек қызметі кезіндегі күтпеген жерден туындайтын ықтимал жайттардан (өрттен, апаттан) оқушылар мен қызметкерлердің өмірін сақтау және денсаулығын қорғауға бағытталған заманауи технологияларды қолдана отырып, оқушыларды сабақ қызметі кезінде қорғау туралы түсінік берілді. Негізгі бөлім бойынша Қоғамдағы қауіпсіздік – бұл азаматтардың өмір сүруіне, дамуына және өздерін еркін сезінуіне қолайлы орта. Қауіпсіз қоғамда заң үстемдігі, адам құқықтары қорғалған, зорлық-зомбылықсыз өмір қалыптасқандығын түсіндіру. Қауіпсіздіктің негізгі түрлері: Жол қауіпсіздігі – жол жүру ережелерін сақтау, жаяу жүргіншілер мен көлік жүргізушілерінің жауапкершілігі. Киберқауіпсіздік – интернеттегі қауіпсіздік, алаяқтардан, жалған ақпараттардан қорғану. Өрт қауіпсіздігі – өрттің алдын алу шаралары, төтенше жағдайда әрекет ету. Экологиялық қауіпсіздік – табиғатты қорғау, таза қоршаған ортаны сақтау. Қорытынды: Қауіпсіз қоғам – әрбір адамның қауіпсіздігі мен әл-ауқатына тікелей байланысты.

<https://www.facebook.com/share/v/19bb6W6hcX/>

28-наурыз күні Түркістан облысының білім басқармасы «Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп - интернатында» "Стартаптар әлемі: Стартап – Жаңа Идеялар Мен Мүмкіндіктер атты тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Тәрбие сағатының негізгі мақсаты оқушыларға стартап пен оның маңыздылығы туралы түсінік беру; Оқушыларға стартап ұғымын түсіндіру Жас кәсіпкерлердің жетістікке жету жолдарын көрсету Шығармашылық және кәсіпкерлік дағдыларын дамыту Өз идеясын қалай жүзеге асыруға болатынын талқылау

Тәрбие сағатының тақырыбын таныстыра отырып «Стартап дегеніміз не?»

Стартап – жаңа идеялар мен жаңашыл өнімдерге негізделген бизнес түрі. Ол жаңа технологияларды пайдалану арқылы қоғамдағы белгілі бір мәселені шешуге бағытталған. Стартаптың табысты болуына қандай факторлар әсер ететіндігі түсіндірілді. Сабағымыздың негізгі бөлімінде стартап туралы қысқаша бейнебаян немесе презентация көрсетілді. Сабағымыздың екінші кезеңінде «Стартап идеяңды қорға!» тақырыбында әр топ өз жобасын қысқаша таныстыра отырып топтық жұмыс жасалды. Сонымен қатар мектеп оқушыларына арналған бірнеше стартап идеялар мәлімделді. Сабағымызды қорытындылай келе Оқушылар стартаптың маңыздылығын түсініп, өздерінің шығармашылық қабілеттерін дамытады. Тәрбие сағаты жас кәсіпкерлерді қолдап, болашақта өз бизнесін бастауға ынталандырады.

<https://www.facebook.com/share/v/1ZHxVgP75K/>

2025 жылдың 13 — қаңтарында еңбегі адал жас өрен жобасы бойынша «Мамандық марафоны » атты тәрбие сағаты тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатының негізгі мақсаты оқушыларға мамандық таңдау маңыздылығын түсіндіру. Әртүрлі мамандықтар туралы түсінік беру, олардың мән-маңызын ашу. Оқушылардың болашаққа деген жауапкершілігін қалыптастыру, өз қабілеті мен қызығушылығын анықтауға көмектесу. Тәрбие сағатының

тақырыбын таныстыра отырып кіріспе бөлімде шағын талқылау сұрақтарына Мамандық дегеніміз не? Сіз білетін мамандықтарды атаңыз. Жауап ала отырып презентация (әртүрлі мамандықтардың қоғамдағы рөлі) арқылы сабақтың тақырыбы түсіндірілді. Сабақтың келесі кезеңі ойын арқылы "Мамандықты тап" кездейсоқ сөздерден табу арқылы жалғасты. Ережесі: Бірнеше мамандықтардың аттары жазылып, араластырылады. Ойыншы кездейсоқ сөзді таңдап, оны басқаларға түсіндіруі. Кеңестер алу бойынша отбасы мен достардың пікірлері жақындарыңыздан, дос-жарандарыңыздан кеңестер сұрау. Бірақ соңғы шешімді өзіңіз қабылдау. Білім алу жолын анықтау Оқу орны мен оқу бағдарламасын таңдау: таңдаған мамандыққа байланысты қандай оқу орындары мен бағдарламалар қолжетімді екенін зерттеу арқылы кеңестер айтылды. Мамандық түрлеріне шолу жүргізіліп түрлі мамандықтар туралы қысқаша ақпарат берілді. Оқушыларға мамандықтардың түрлерін топтастырып, қысқаша презентация жасалды (әр оқушы бір мамандықты таңдайды және сол туралы мәлімет ұсынады). Оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа мамандық таңдау мәселесін талқылауды тапсырма етіп беру. Топтар өз пікірлерін ортаға салып, мамандық таңдау кезіндегі қиындықтар мен шешімдер туралы талқылады. Оқушыларға мамандық таңдау мәселесі бойынша сұрақтар қойып, жауап алынды. Сабақ соңында тәрбие сағатының қорытындысын шығарылып әр оқушы өз болашақ мамандығын таңдауда жауапкершілікті сезінуі үшін кеңестер берілді. Мамандығыңызды таңдау кезінде әрқашан өз қызығушылықтарыңыз бен қабілеттеріңізге сүйеніңіз. Бұл сіздің өзіңізге деген сеніміңізді арттырып, болашақта шығармашылықпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Ең бастысы, болашақ мамандық таңдауыңыздан қорықпаңыз, өйткені әрбір мамандық адамды дамыта алады және қоғамға үлесін қосуға мүмкіндік береді <https://www.facebook.com/share/v/1NM8WRc8k1/>

12-қаңтар "Ойынға салауатты көзқарас" Мақсаты: Оқушыларға компьютерлік және мобильді ойындарға деген дұрыс көзқарас қалыптастыру. Ойындардың пайдасы мен зияны туралы ақпарат беру. Уақытты тиімді пайдалану, денсаулықты сақтау және өз-өзіне бақылау жасау дағдыларын дамыту. Міндеттері: 1. Ойындардың адам психологиясына, физикалық денсаулығына және уақытқа әсерін түсіндіру.

2. Ойындарға тәуелділік қаупін түсіндіру және алдын алу жолдарын көрсету.

3. Ойын мен өмірдің басқа салалары арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңыздылығын үйрету.

<https://www.facebook.com/share/v/15ZTuAnm8s/>

18.03.25 жылы «Шабыт» жобасы бойынша «Ұлттық мәдениет» көрмесінде оқушылар ұлттық атрибуттарды (ағаштан, металдан, матадан, киізден ж/е басқа материалдардан жасалған бұйымдар) пайдалана отырып орындалған шығармашылық жұмыстарын ұсынды.

«Ұлттық мәдениет» көрмесі – қазақ халқының дәстүрлі қолөнерін, мәдениетін және өнерін насихаттайтын маңызды іс-шара. Бұл көрмеде оқушылар өз қолдарынан жасаған бұйымдарды ұсынды. Мақсаты: Қазақтың мәдени мұрасын сақтау және дәріптеу. Қолөнер шеберлерін қолдау. Жастарды ұлттық өнерге баулу. Ұлттық нақыштағы бұйымдарды заманауи стильде ұсыну. Көрме аясында жәрмеңке, шеберлік сабақтары, сән көрсетілімдері, ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/v/1AJDLw1FWA/>

28-наурыз күні «Кітаптың сыры: Негізгі ойды тап» — бұл балалар үшін көктемгі демалыс кезеңінде уақытты тиімді әрі қызықты өткізудің бір жолы. Кітап оқу, әсіресе бос уақытты пайдалы өткізуде маңызды рөл атқарады. Кітап оқу ой-өрісті кеңейтеді, шығармашылықты дамытады, тіл байлығын арттырады және жалпы тұлғалық дамуға әсер етеді. Демалыс кезінде кітап оқу тек қана бос уақытты өткізу емес, сонымен қатар адамның рухани жан-дүниесін байытып, өмірге деген көзқарасын кеңейтеді. <https://www.facebook.com/share/v/1BgpzwWvkC/>

"Кітаптың сыры" (Басты идеяны тап) кітапханасында, кітапханашының ұйымдастыруымен 9"Б" сынып оқушыларымен "Кітаптың сыры" атты іс шара болып өтті. Іс шара барысында Міржақып Дулатұлының "Бақытсыз Жамал" повесі талқыланды. Мақсаты: "Кітаптың сыры" шығармасының басты идеясы- кітаптың адам өміріндегі маңыздылығы, оның білім мен даналықтың қайнар көзі екендігі. Шығарма арқылы білімге, оқуға деген сүйіспеншілікті ояту мақсат етілген. Оқушылар кітаптың сырын, басты идеясын аша білді.

<https://www.facebook.com/share/v/1JdSBYdQfm/>

Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру мақсатында 21.01.2025 жылы «Заң және тәртіп құндылығы» тақырыбында тәрбие сағаты өтілді. Оқушылардың құқық бұзушылықтар туралы білімдерін жүйелеу, оларды құқық бұзушылықтардың түрлерімен және олар үшін жазалармен таныстырдым, заңсыз әрекеттердің салдары туралы түсініктерін дамытып, өз іс- әрекеттері үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу, оқушылардың келісімді сөйлеуін дамытуға ықпал ету, жауапты шешімді өз бетінше қабылдады.

<https://www.facebook.com/share/p/1AXbA9EDaU/>

Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру мақсатында 25.02.25 күні «Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» тақырыбында тәрбие сағаты өтілді Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру мақсатында «Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» тақырыбында іс-шара өтілді. Іс-шара барысы 6 бөлімнен құралды:

I Психологиялық тренинг

II Құқық туралы жалпы түсінік

III Сенің құқығым – менің құқығым (Оқушы құқығы)

IV «Тығырықтан шығар жол қайсы» (ситуациялық жағдайды шешу)

V Ойды аяқта (мақал-мәтелдің жалғасын табу, түсінік беру)

VI Қорытынды

<https://www.facebook.com/share/p/16skb87C93/>

2025 жылы наурыз күні 7, 8 ,9 сынып оқушыларымен, (Біртұтас тәрбие бағдарламасы) «Қамқор» жобасы бойынша Мақсаты: Балалар мен жастардың санасына эко-белсенділік және экологиялық мінез құлық идеяларын сіңіру, экологиялық мәдениетін дағдыларын дамыту. Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.

«Жер сағаты» экологиялық акциясы өтілді. Оқушылар өз таңдауын жасауға мектеп –интернаттың гүлдерін қопсытып, ауласын қоқыстан тазалады.

Қорытындылай келе, оқушыларды тазалыққа табиғатқа ұқыпты қарауға шақырды.

<https://www.facebook.com/share/p/19EVgwGE1s/>

28.01. күні 7-а,б сынып тәрбиеленушілерінің арасында Біртұтас бағдарламасының «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Ұшқыр ой» атты зияткерлік ойын сабағы өткізілді. Мақсаты: тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу. Оқушылар екі топқа бөлініп, өзара зияткерліктерімен сайысты. Сабақ барысында қызықты сұрақтарға жауап тауып, логикалық жұмабақтарды шешті. Сондайақ креативті тапсырмалар орындап, сабақ соңында әділ қазылар шешімімен жеңімпаз топ анықталып, тәтті сыйлықтармен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/19ZT4tabrX/>

19.03.2025ж күні Мектеп театры жобасы аясында 8 сынып оқушыларының орындауында "Нашақорлық- ғасыр дерті" атты тақырыпта сахналық қойылым көрсетілді.

мақсаты: оқушылардың шығармашылығын дамыту, балалардың бойына рухани қазынаны сіңіру және елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, баланың сөйлеу мәнерін жақсарту, көпшілік алдында өзін ұстай білу, жан-жақты дамуына ықпал жасау.

Оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға үйрету.

Ғасыр дерті болып саналатын зиянды әдеттер – темекі шегу, есірткі заттарды пайдаланудан аулақ болуға шақыру. Адамгершілік, имандылыққа тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/162WimU3MJ/>

19 наурыз-Жаңару күніне орай “Түл егу акциясы” іс шарасы өтті. Іс шара 7-8 сыныптар арасында ұйымдастырылды. Әр сыныпқа гүл аттары алдын ала берілді, әр топ гүлдер жайлы ақпарат жинап, бір бірімен алмасты. Айтылған мәліметтер бойынша топ аралық сұрақтар қойылды! Келесі кезекте әр топ өзіне берілген гүлдерді белгіленген жерлерге егіп шықты. Соңында әр сынып номинациялармен марапатталды, атап айтсақ 7”А” сыныбы Biomasters тобы “Табиғатқа қамшоршы команда”, 7”Б” сыныбы Biobloom тобы “Ең бірлескен команда”, 8”А” сыныбы Crocus тобы “Түл егудің шеберлері”, 8”Б” сыныбы Эколiffe тобы “Экологияның қорғаушылары” номинацияларымен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/v/16iCpDZadQ/>

18.03.2025ж "Арайлым" қыздар клубының ұйымдастыруымен "Бұрымды қыз" шаш өру челленджін қолдады. Челлендж ұлттық құндылықтарды насихаттап, қыздар арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, ұлттық салт-дәстүрді кеңінен насихаттауды көздейді. Бұл-тек сыртқы сұлулық қана емес, мектеп мәдениетін құрметтеу, ұқыптылық пен талғамды насихаттау.

Шаш өру-әр қыз баланың нәзіктігі мен тәрбиесінің айнасы.

Барша мектеп аруларын нәзіктік пен жинақылықтың символына айналған ақ бантик тағуға, шаш өріп жүруді әдетке айналдыруға шақырды.

<https://www.facebook.com/share/v/1APmmEzqEC/>

18 наурыз - Ұлттық киім күні!

"Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында" Наурызнаманың онкүндігінде Ұлттық киімдерді танымал ету және насихаттау мақсатында "Мен ұлттық киіміммен мақтанамын" тақырыбында челлендж ұйымдастырылды.

□ Наурызнаманың онкүндігі елімізде ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан халқымыздың салт-дәстүрін айрықша қастерлеп, ұлықталатын кез.

<https://www.facebook.com/share/v/16Tx7mSjL7/>

(Біртұтас тәрбие бағдарламасы) бойынша, 18.03.25ж «Берекелі –мерекелі Наурыз» мектеп кітапханасының оқу жылындағы жоспары бойынша танымдық сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқырмандарды салт- дәстүрді берік ұстануға, мерекенің маңыздылығын түсіндіру, ұлыстың ұлы күнін атап өту, дәстүрді дәріптеу. Наурыз мерекесіне байланысты би билеп, салт-дәстүрге байланысты мағлұматтар беріліп, ұлттық киім, спорт ойындары, асық асық ойыны, ұлттық тағамдарынан наурыз көже ішіп, бауырсақтан дәм тататып, дастархан жайылды.

Қорыта айтқанда, ұлттық құндылықтарымызды қастерлеп ары қарай дамыта берейік.

<https://www.facebook.com/share/v/1C44SBKg7g/>

2025 жылдың 17 наурыз күні Түркістан қаласының білім бөліміне қарасты «№32 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің базасында Қанипа Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиетінен республикалық олимпиадасының облыстық кезеңі өтті.

Олимпиада 2 айналымнан тұрды.

I айналым-эссе.

II айналым- ауызша. (Қ.О.Бітібаеваның өмірбаяны, оның ғылыми мұрасы және еңбектері, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен бағдарлама негізінде алған білімдері сараланды).

Олимпиадаға мектебімізден қатысқан төмендегі оқушылар жеңімпаз атанды: 11-сынып оқушысы Қошқарбай Гүлім I орын, (Республикаға жолдама); 9-сынып оқушысы Арапбай Жансұлу III орын.

<https://www.facebook.com/share/p/15uCimX8r8/>

(Біртұтас тәрбие бағдарлама аясында) «Наурызнама» онкүндігі бойынша 17 наурыз – Шаңырақ күні. Елдік тұрғыда жаңару мен жаңа құндылықтарды қалыптастыру ісінің аясында Наурызды бірлік, бауырластық пен ынтымақ мерекесі ретінде қарастыратын жаңа тұжырымдамаға сәйкес бұл күні отбасы құндылықтарын дәріптеу ұсынылады.

Бұл күні отбасы құндылықтары насихатталады. Сондай-ақ қазақ халқының жас ұрпақты тәрбиелеу мәдениетін көрсете отырып, олардың бойында патриотизм, адамгершілік пен еңбекқорлыққа деген құштарлықты қалыптастыруға үндейді. Шаңыраққа ерекше маңыз беріп, Шаңырақ күнінің аталып өтуі бекерден-бекер емес. Себебі мұның астарында бауырмалдық, адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі ең бастысы кейінгі жастарды ұлттық рухани құндылығымызды құрметтеуге үйрету секілді үлкен мән жатыр. Айтулы күн аясында мектебіміздің 8 сынып оқушысы Советхан Көркемнің отбасы құндылықтарын дәріптеу аясында "Өнегелі отбасы" бейнеролигін ұсынды

<https://www.facebook.com/share/v/16b1PRDftp/>

Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акция аясында 2025 жылдың 15 наурызында мектебіміздің қызметкерлері сенбілікке қатысып, мектеп

аумағындағы шөптерін ору, көшет отырғызу, ағаш әктеу т.б тазалық жұмыстарын жүргізді. Аталған акцияға қолдау көрсету, өскелең ұрпақты еңбексүйгіштікке, патриоттық тәрбиеге баулу, қоршаған ортаның ластануына жол бермеу және табиғатты аялауға шақырды.

<https://www.facebook.com/share/p/1CggZMPzfK/>

14-наурыз - "Көрісу күні" Амал мерекесі ұйымдастырылды. Бұл күні халық бір-бірімен көрісіп, амандасып, ақжармас тілектерін арнайды. Көрісу – үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін, ренішті ұмыттырып, адамдарды жақындастыратын дәстүр. 2023-2024 жылғы түлегіміз Әбдікүл Бақдәулет те мерекеге орай ұстаздарымен көрісуге келіп, жылы тілектермен бөлісті. Наурыз- мерекенің бастауы. Ұстаздарымызға, оқушыларымызға бар жақсылықты тіледі

<https://www.facebook.com/share/v/1YsL7B4Xzj/>

07.03.2025ж 7А-сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Исмаилова Ақмарал 8–Наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Арулар-асыл жандар» тақырыбында мерекелік іс – шарасын өткізді. Мақсаты: Ана жайлы тамаша сөздер мен өлеңдер, әндер арқылы ұстаз – аналар мен аруларды мерекемен құттықтау, оқушыларды мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеу, ұстазға, ата – анаға деген құрмет сыйын арттыру, ана еңбегін қадірлей білуге үйрету. Іс-шара жоғарғы деңгейде өтілді. Оқушылар ұстаздарға арналған туындыларын оқыды. Аруларға арналған ойындар ұйымдастырылды

<https://www.facebook.com/share/p/18uMzpyERn/>

"Біртұтас тәрбие" жоспарына сәйкес 7А сынып оқушыларының аналармен "Аналар-асыл жандар" атты тақырыпта мәдени іс-шара ұйымдастырылды.

Мақсаты: Ананы құрметтеуге, ана мен бала арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған.

Сабақ барысында "Қазақ қыздары" айдары өте әсерлі болды. Оқушылар тарихтағы қазақ қыздарының тектілігін, қоғамдағы рөлін айқындап көрсете білді. Аналарға арналған оқушылардың өз туындылары оқылып, "Ананың аялы алақаны" атты қызықты ойындар ойнатылып, аналарға жағымды көңіл- күй сыйлай білді. Аналарымызға сыйлықтар беріп, Ш.Қалдаяқовтың әніне жазылған "Ана туралы жыр" әнінің тарихын сахналап оқушылар хормен орындады, өте әсерлі болды. Аяулы аналарымызға зор денсаулық пен ұзақ өмір тілейміз.

<https://www.facebook.com/share/p/19Dovgj4Fg/>

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында 2025 жылы 11 ақпан күні (Біртұтас тәрбие бағдарламасы) бойынша 9 сынып оқушыларымен "Қазіргі қоғамда кітап оқу маңызды ма?" деген тақырыпта дебат өтілді. Мақсаты: оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау, шешендік қабілеттерін дамыту. Пікірталас мәдениетін қалыптастыру, өз ойын еркін әрі дәлелді түрде жеткізе білуге үйрету.

<https://www.facebook.com/share/v/1C1pQRiNtS/>

13.03.2025жыл АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ – ІЗГІЛІК ПЕН РИЗАШЫЛЫҚ МЕРЕКЕСІ!

Біз бүгін білім нәрімен сусындатып, өмірге бағыт-бағдар беретін ұстаздарымызға, қаламыздың қауіпсіздігі мен тәртібін қамтамасыз ететін полиция қызметкерлеріне, денсаулығымызды сақтауға бар күшін салатын дәрігерлерге, күнделікті өмірімізге қажетті жарық, су, газ сынды игіліктермен қамтамасыз ететін қызметкерлерге,

және әр салада аянбай еңбек етіп жүрген барша мамандық иелеріне алғыс білдіруді жөн көрдік.

<https://www.facebook.com/share/v/19RcYoA4gn/>

5 наурыз күні Сырлы да сымбатты қазақ қызы” тақырыбында жиналыс өтті. Жиналыс барысында қазақ қызының инабаттылығы, сымбаты, ұлттық құндылықтарды сақтаудағы рөлі және заманауи қоғамдағы орны талқыланды. Қатысушылар өз ойларын ортаға салып, қыз баланың тәрбиесі мен болашағы жайлы пікір алмасты. Жиналыс әсерлі әрі мазмұнды өтті. Қазақ қызы – ұлттың айнасы, тәрбиенің, сұлулықтың, ізеттіліктің көрінісі. Бабаларымыз қыз баланы ерекше құрметтеп, «Қыз – ұлттың ары, халықтың жаны» деп бағалаған. Қазақ қызының бойындағы ең басты қасиеттер – инабаттылық, сыпайылық, әдептілік, еңбекқорлық, батылдық пен мейірімділік. Қазіргі қазақ қызы – заман талабына сай, білімді, алғыр, өз мақсатын айқындаған тұлға. Ол ата-дәстүрін ұмытпай, ұлттық болмысын сақтап, жаңа белестерді бағындыруда. Қазақ қызы – елдің болашағы, ұлттың ұйытқысы. Сондықтан әр қазақ қызы өз қадірін білуі, ар-намысын сақтауымен қатар, білімді де білікті болуы керек.

<https://www.facebook.com/share/p/1AtAwt9c14/>

1 наурыз – Алғыс айту күні түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды. Сондай-ақ бұл күн ел бірлігін бекемдеумен қатар, тұғырлы татулығымыз бен ырысты ынтымағымызды жаңа белеске жетелейді. Айтулы күн жақсылықты бағалай білуге, әр іске жақсылықпен жауап қайтаруға, өзара сыйластық пен құрметке бастайды. Кең пейілді қазақ халқы қашанда әрбір игі іске ризашылығын білдіріп, алғыс айтып отырған. Осындай құндылықтардың қадіріне жете білген елдің қашанда келешегі кемел болары анық. Алғыс айту күніне орай мектеп-интернатымыздың тәрбиеленушілері де мектеп ұжымына өз алғыстарын білдірді

<https://www.facebook.com/share/v/1RgRQwghzR/>

8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай, "шабыт жобасы" аясында "Ананың аялы алақаны" атты тақырыпта челендж өткізілді. Мақсаты: Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, арқылы аналар мен қыздарды мерекемен құттықтау. Ұстазға, ата-анаға деген құрмет сыйын арттыру. Ана еңбегін қадірлей білуге үйрету. Оқушыларды адамгершілікке, сыйластыққа тәрбиелеу

<https://www.facebook.com/share/v/16Ebod6dnk/>

2025 ж ақпан айында оқушыларымен, (Біртұтас тәрбие бағдарламасы) бойынша Халықаралық кітап сыйлау күніне орай мектеп-интернатында «Кітапханаға кітап сыйла!» акциясы өтті. Мақсаты: Кітап мәртебесін көтеру, жастарды патриотизмге, еңбекті сүйеге, жалпыұлттық құндылықты әрбір жастың бойына сіңіріп, білімді де мәдениетті болып тәрбиеленуіне үлес қосып, кітап оқуды насихаттау, кітапхана қорын толықтыруға атсалысуға шақыру. Бұл акцияға 7-8 сынып оқушылары белсене қатысты. Сыйға тартылған кітаптар кітапхананың арнайы кітап бұрышына орналастырылды. Басылым маңызды, өйткені сол кітаптың ғұмырын созуға, кітапханаға көмек беруге және оқырмандардың рухани байлығын дамытуға, оқу мәдениетін жақсартып, уақыттарын тиімді пайдалануға мүмкіндікті күшейтеді.

<https://www.facebook.com/share/v/1EwitByXtm/>

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында 2025 ж 27 ақпан айында оқушыларымен, (Біртұтас тәрбие бағдарламасы) бойынша М.Мақатаевтың поэзия тұлпары мәнерлеп оқу сағаты өтілді. Мақсаты: Ақынның өлеңдері арқылы Отанға, туған жерге, анаға тілге деген сүйіспеншілік сезімін оятып, адамгершілікке тәрбиелеу.

Шыда, шыда!

Шыдай түс шыда тағы!

Шыдамдыны мына өмір ұнатады,

Үміттің құлан иек құла таңы,

Әйтеуір бір атады, бір атады...Мұқағали атамyz жырлағандай, ақынның өлеңдерін 7, 8 сынып оқушы сөз мәдениетін дұрыс меңгеріп, әр өлеңдерінің мәнін, мағынасын ашып мәнерлеп оқуға, ақынға барынша еліктеп ақынжанды болып өсуіне кең жол ашу. Осы орайда ақынның жырларына кезек бердік. Баязит «Ана, сен бақыттысың», Айсауле «Үш бақытым», Айша «Әке», Ару «Ана» өлеңдерін жатқа айтып өмірбаянына да, тоқталып

кетті.<https://www.facebook.com/share/v/1AHfqr3uce/>

2025 жыл 28 ақпан күні Түркістан облысы Білім басқармасының “Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығының” ұйымдастыруымен өткен 7-11 сынып оқушыларына арналған Республикалық “Жарқын болашақ” қазақ тілі олимпиадасының облыстық кезеңінде «Жас қаламгер» бағыты бойынша І орын Жолдас Жанель, “Білгірлер бәйгесі” бағыты бойынша ІІІ- орын Сарикулова Жасмин, «Сөз шеберлері» бағыты бойынша ІІІ орын Қалаубекова Каусар иеленді. Оқушыларды, ата-аналарды және жетекшісі Мусаева Мирамкүл <https://www.facebook.com/share/p/18KqmV5SM1/>

21-23 АҚПАҢ КҮНДЕРІ Алматыда «First Robotics Almaty Tech Cup 2025 – Central Asia FIRST Championship & Drone Racing» ғылыми жобалар конкурсы

Алматы қаласындағы «Атакент» көрме орталығының 11-павильонында 1-11 (12) сынып оқушыларына арналған «First Robotics Almaty Tech Cup 2025 – Central Asia FIRST Championship & Drone Racing» ғылыми жобалар конкурсы өтуде. Бұл конкурсқа Қазақстан, Әзірбайжан, Моңғолия, Қырғызстан, Тәжікстан, Үндістан, Түрікменстан, Өзбекстан, БАӘ, Сауд Арабиясы сияқты 10 елден 3000-нан астам оқушы қатысты.

Биылғы конкурстың тақырыбы — су ресурстары мен суасты әлемін зерттеудің жаһандық мәселесіне арналып отыр.

Конкурстың мақсаты: оқушылардың интеллектуалдық-шығармашылық және инженерлік-техникалық әлеуетін ашып, ғылыми-техникалық дағдыларын дамыту, сондай-ақ робототехника және сенсорика саласындағы техникалық жобалау мен бағдарламалауға қызығушылықтарын арттыру.

Оқушылар өздерінің ғылыми жобалары мен инновациялық стартаптарын төрт санат бойынша ұсынады:

FIRST LEGO League Discover (4-6 жас);

FIRST LEGO League Explore (6-10 жас);

FIRST LEGO League Challenge (10-16 жас);

FIRST Tech Challenge (12-18 жас).

Төлеби ауданының мамандандырылған » мектеп-интернатының «Tolebi Daryn» командасы ЖАС ИННОВАТР, «Tolebi» командасы ЖАС ПРОГРАММИСТЕР номинациясына ие болды. Команда жетекшілері мен оқушыларымызды және ата-аналарды жеңістерімен құттықтаймыз!

<https://www.facebook.com/share/p/1Et8FHKoV3/>

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы, Алматы қаласы білім басқармасының «Алматы Дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы және Орталық Азиядағы USTEM Foundation қоғамдық қоры бірлесіп, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен, 2025 жылғы 20-23 ақпан аралығында Алматы қаласы Атакент 11 павильон базасында Central Asia First Championship & Drone Racing робототехника бойынша ғылыми жобалар конкурсы өтуде. Конкурс финалына Қазақстан, Әзербайжан, Монғолия, Қырғызстан, Тәжікістан, Үндістан, Түркменстан, Өзбекістан, БАӘ, Сауд Арабиясы, Танзания, Марокко Азияның 12 елінен 2800 ден астам оқушылар және Түркістан облысынан First Lego League Explorer (6-10жас)-1 команда, First Lego League Challenge (10-16жас)-8 команда қатысты Central Asia First Championship & Drone Racing робототехника бойынша ғылыми жобалар конкурсының First Lego League Challenge санатына Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатынан Tolebi Daryn, Tolebi командалары қатысып бағын сынауда. Барша қатысушы командаларға сәтіллік және Tolebi Daryn, Tolebi командаларымызға сәтіллік серік болып, жарыстың жеңімпаздары атануына тілектеспіз!

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы, Алматы қаласы білім басқармасының «Алматы Дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы және Орталық Азиядағы USTEM Foundation қоғамдық қоры бірлесіп, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен, 2025 жылғы 20-23 ақпан аралығында Алматы қаласы Атакент 11 павильон базасында Central Asia First Championship & Drone Racing робототехника бойынша ғылыми жобалар конкурсы өтуде. Конкурс финалына Қазақстан, Әзербайжан, Монғолия, Қырғызстан, Тәжікістан, Үндістан, Түркменстан, Өзбекістан, БАӘ, Сауд Арабиясы, Танзания, Марокко Азияның 12 елінен 2800 ден астам оқушылар және Түркістан облысынан First Lego League Explorer (6-10жас)-1 команда, First Lego League Challenge (10-16жас)-8 команда қатысты Гүлсезім: ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен Ақтөбе қаласында 2025 жылдың 18-21 ақпаны аралығында ұйымдастырылған Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсының нәтижесі шықты. Конкурсқа Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты КММ-нен 7 оқушы қатысып, 5 оқушымыз жеңімпаз атанды.

Түркістан облысының мерейін үстем еткен мектебіміздің мақтаныштары, жас ғалымдарымыз:

Информатика секциясы: Бақтыбай Дінмұхамед 3 орын. Жетекшісі: Кенжеева Айжан

Математика секциясы : Үсен Нұрай мен Шалбай Нұржайна 3 орын.

Жетекшісі: Мүсірепбаева Бибігүл

Информатика секциясы: Шатырхан Оразәлі мен Омаров Мәди грамота. Жетекшісі: Орынбекова Меруерт. Құрметті ата-аналар! Сіздер берген өнегелі тәрбиені мектеп

ұжымы ұлағатты біліммен сабақтастырып , бірге жұмыс жасау нәтижесінде осынау үлкен белестерді бағындырдық. Бүгінгі бала- ел ертеңі.
<https://www.facebook.com/share/p/1DQgvFfzWw/>

2025 жылы 14 ақпанда Түркістан облысының білім басқармасының «Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде "БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ: АУЫЛДЫҚ ЖЕРДЕГІ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕР" тақырыбындағы республикалық оқу-әдістемелік кеңесі өтті
Мақсаты: Жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды пайдалану арқылы дарынды балалардың жеке қажеттіліктеріне сай білім беру, дағдыларын дамыту әдістері мен басқарудың мүмкіндіктері.

Семинарға еліміздің әр аймағынан келген мамандандырылған мектеп-интернаттары, IT лицей, ”ЗЕРДЕ”, “БИЛ” мектептерінің басшылары, “ДАРЫН” РҒПО директоры орынбасары Айгул Акимгерейқызы мен бөлім басшысы Сайран Бакенұлы, әдіскер Гүлден Серикова, әр облыстың Дарын орталықтарының басшылары мен мамандары қатысты.

Республикалық оқу-әдістемелік кеңесіне келген қонақтарды мектеп-интернат директоры Нурымбетова Ләзат қарсы алды. Ашылу салтанатынан кейін жиналған қонақтарды 6 топқа бөліп Шеберлік сыныптарға қатыстырды.

Мектептің қосымша білім беру жұмыстарымен танысып, құндылыққа бағытталған тәрбиенің де қатар мағыналы беріліп жатқанына куә болған кеңес қонақтары мектеп-интернаты ұйымдастырған алаша тоқу, киіз басу т.б. ұлттық салт дәстүрлердің көрінісін тамашалап, қолөнер көрмесімен танысты.

Қазіргі қоғамда тренд технологияларды үйренуге асыққан мұғалім өз брендин жасай алуға да мүмкіндігі жоғары.

Шеберлік сыныптарынан кейін “ДАРЫН” РҒПО директоры орынбасары Айгул Акимгерейқызы мен бөлім басшысы Сайран Бакенұлы қорытынды жасап, қатысушылар шеберлік сыныптарға талдау жасап, кеңес жұмысына өз пікірлерін айта келе республикалық оқу-әдістемелік кеңесі жоғары деңгейде өткенін айтып өтті.

Семинардан кейін қатысушылармен “Тау самалы” тау шаңғы кешенінде Team-building командалық ойындар өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1AiKN2Faa6/>

2025 жылы 14 ақпанда Түркістан облысының білім басқармасының «Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде "БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ: АУЫЛДЫҚ ЖЕРДЕГІ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ МҮМКІНДІКТЕР" тақырыбындағы республикалық оқу-әдістемелік кеңесі өтті
Мақсаты: Жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды пайдалану арқылы дарынды балалардың жеке қажеттіліктеріне сай білім беру, дағдыларын дамыту әдістері мен басқарудың мүмкіндіктері. Семинарға еліміздің әр аймағынан келген мамандандырылған мектеп-интернаттары, IT лицей, ”ЗЕРДЕ”, “БИЛ” мектептерінің басшылары, “ДАРЫН” РҒПО директоры орынбасары Айгул Акимгерейқызы мен бөлім басшысы Сайран Бакенұлы, әдіскер Гүлден Серикова, әр облыстың Дарын орталықтарының басшылары мен мамандары қатысты.

Республикалық оқу-әдістемелік кеңесіне келген қонақтарды мектеп-интернат директоры Нурымбетова Ләзат қарсы алды. Ашылу салтанатынан кейін жиналған қонақтарды 6 топқа бөліп Шеберлік сыныптарға қатыстырды.

Бірінші шеберлік сыныпта “Ақпараттық технологияларды физика, химия сабақтарында қолданудың шексіз мүмкіндіктері” атты шеберлік сабақты педагог-шебер физика пәнінің мұғалімі Бекишев Данияр Мырзашұлы мен химия пәнінің мұғалімі педагог-шебер Карымсакова Раушан Куанышевна презентация жасауға көмек беретін жасанды интеллект платформалары: “Gamma”, “Canva”, графикалық визуализация құралдары: “D-ID”, “Talkingco.de”, “Stories AR”, виртуалды зертханалар: “Phet Interactive Simulations”, “Corinth”, геймификация құралдары: “Umaigra”, “WordWall” және кері байланыс алуға арналған “Padlet” платформаларының оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға бағытталған интерактивті құралдарды, виртуалды зертханаларды және жасанды интеллект шешімдерінің тиімділігімен таныстырып, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Екінші шеберлік сынып “Жасанды интеллект көмегімен қазақ және ағылшын тілі пәндерін оқытуды оңтайландыру” тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер, Мусаева Мирамкүл мен ағылшын тілі мұғалімі педагог-зерттеуші, Заитова Гаухардың шеберлік сыныбында “Gamma”, “D-ID”, “Padlet”, “DiFfit”, “EDUCAPLAY” платформаларының сабақта тиімділігін таныстырды және тәжірибе алмасты.

Үшінші шеберлік сыныпта математика сабағы бойынша «Цифрлық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбында педагог-шебер Мусрепбаева Бибигуль мен педагог-зерттеуші Исмаилова Ақмарал шеберлік сынып өткізді. Бұл шеберлік сыныпта DESMOS, MATHWAY, MADIC SCHOOL, картамен саяхат, TALKINGCO.DE платформаларымен таныстырып, сабаққа тиімді тұстарын оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудағы қолжетімді тұстарын жеткізді. Төртінші шеберлік сынып “Жасанды интеллект: оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген білім беру” тақырыбында тарих пәнінің мұғалімі, педагог-шебер Мейіржан Ергешұлы мен педагог-психолог, педагог-зерттеуші Эльмира Бақадырқызы өтті. Сабақ барысында оқушылардың қажеттіліктерін анықтау мақсатында “16 Personalities” платформасын, “WORDWALL платформасы — оқушылар мен мұғалімдерге арналған интерактивті тапсырмаларды және ойындарды жасау платформасын, . «QazGPT» платформасының тарих сабағында қолданудың тиімділігімен және де "Визуалды оқыту әдісі" - «ChatGPT» платформаларының тиімділігін таныстырып, тәжірибе алмасты Бесінші шеберлік сыныпта «Ақпараттық технологиялар дәуірінде оқушылардың мобильді цифрлық сауаттылығын дамыта отырып, патриоттық тәрбие құндылықтарын қалыптастыру» атты шеберлік сабақты директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Баедилова Жанар Анарбайқызы мен педагог-шебер география пәнінің мұғалімі Айтинбетов Қайрат Сапаралыұлы презентация жасайтын жасанды интеллект Canva, Gamma.app – жасанды интеллект көмегімен презентациялар, құжаттар және веб-парақшалар жасауға арналған заманауи платформа, Google Earth – ғаламшарды 3D форматта зерттеуге арналған қуатты құрал, Zoom Earth – спутниктік суреттер арқылы Жерді онлайн зерттеуге мүмкіндік беретін платформа,

Mozaik Education мұғалімдер мен оқушыларға арналған заманауи цифрлық платформа, D-ID – AI көмегімен суреттерді сөйлетіп, бейнеаватарлар жасауға мүмкіндік беретін инновациялық платформа, Ребустар арқылы Қазақстан қалаларын үйрену және әлемнің керемет табиғаты мен Қазақстанның көрікті жерлерін салыстыру әдістері, кері байланыс үшін Microsoft Forms платформасын пайдаланды. Сөз соңында Қаныш Сәтбаевтың «Туған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде жердің алтын тасын да мақтап жарытпас» қанатты сөзімен қорытындылады. Алтыншы шеберлік сыныпта "Робототехниканы оқытудағы геймификация: мотивация және шығармашылық" тақырыбында информатика пәнінің мұғалімдері педагог- шебер Далмырзаев Сакен, педагог-зерттеуші Орынбекова Меруерт, педагог-зерттеуші Кенжеева Айжан шеберлік сыныпта Халықаралық FLL жарысына толық ақпарат берілді. FLL (First Lego League) – 4-16 жас аралығындағы балаларға арналған халықаралық робототехника және инновация жарысы. Ол FIRST (For Inspiration and Recognition of Science and Technology) және LEGO Education ұйымдарының бірлескен жобасы. FLL бағыттары FLL үш негізгі санаттан тұрады:

1. Discover 2. Explore 3. Challenge– Командалар LEGO роботтарын бағдарламалап, ғылыми жобалар жасайды және инновациялық шешімдер ұсынады.

FLL жарысының кезеңдері Жоба (Innovation Project) – Белгілі бір тақырып бойынша ғылыми-зерттеу жүргізу және инновациялық идея ұсыну.

Робот дизайны (Robot Design) – Командалар өз роботтарын құрастырып, оның тиімділігін көрсетеді. Робот миссиялары (Robot Game) – Робот алдын ала берілген тапсырмаларды орындауы тиіс. Негізгі құндылықтар (Core Values) – Қатысушылар командада жұмыс істеу, ынтымақтастық және шығармашылық дағдыларын көрсетеді.

FLL жарысының артықшылықтары: Логикалық ойлау мен инженерлік қабілетті дамыту.

Командалық жұмысты және көшбасшылық қасиеттерді жетілдіру. Жасанды интеллект, робототехника және бағдарламалау дағдыларын үйрену. Халықаралық деңгейдегі байқауларға қатысу мүмкіндігі. FLL әр маусымда жаңа тақырыппен өткізіледі, және қатысушылар оны зерттеп, нақты өмірдегі мәселелерді шешуге тырысады деп таныстыра келе робототехника саласында геймификация әдістерін қолдану арқылы қатысушылардың мотивациясын арттыру және шығармашылық қабілеттерін дамытуға “Арқан тартыс”, “Асық ату” ойындарын робот арқылы жүргізді. Мотивациялық қанатты сөздерді беру арқылы, топтарды жарыстырды.

Мектептің қосымша білім беру жұмыстарымен танысып, құндылыққа бағытталған тәрбиенің де қатар мағыналы беріліп жатқанына куә болған кеңес қонақтары мектеп-интернаты ұйымдастырған алаша тоқу, киіз басу т.б. ұлттық салт дәстүрлердің көрінісін тамашалап, қолөнер көрмесімен танысты.

Қазіргі қоғамда тренд технологияларды үйренуге асыққан мұғалім өз брендин жасай алуға да мүмкіндігі жоғары.

Шеберлік сыныптарынан кейін “ДАРЫН” РҒПО директоры орынбасары Айгул Акимгерейқызы мен бөлім басшысы Сайран Бакенұлы қорытынды жасап, қатысушылар шеберлік сыныптарға талдау жасап, кеңес жұмысына өз пікірлерін

айта келе республикалық оқу-әдістемелік кеңесі жоғары деңгейде өткенін айтып өтті.

Семинардан кейін қатысушылармен “Тау самалы” тау шаңғы кешенінде Team-building командалық ойындар өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1Ao1c6tjuK/>

2025 ж ақпан айында оқушыларымен, (Біртұтас тәрбие бағдарламасы) бойынша «Қазақ деген халықтың баласымын» Тұманбай Молдағалиев 90 жылдығы оқу сағаты өтілді.

Мақсаты: Ақынның өлеңдері мен шығармаларын таныстырып, оның поэзиясынан өнеге алуына ықпал ету. Отанға, туған жерге, анаға тілге деген сүйіспеншілік сезімін оятып, адамгершілікке тәрбиелеу. Қорытындылай келе, Тұманбай Молдағалиев халық жазушысы Халқымыздың поэзия төрінен кеңінен орып алған Ұлы тұлға жазушы.

<https://www.facebook.com/share/v/14ESJ1x2osR/>

2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Шын жүректен кітап сыйла» атты челлендж өткізілді.

Челлендждің негізгі мақсаты – оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, олардың рухани және зияткерлік дамуына ықпал ету. Кітап – ой-өрісті кеңейтіп, тәрбие мен білімнің қайнар көзі ретінде оқушылардың танымын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Челлендж барысында оқушылар бір-біріне кітап сыйлап, оның маңыздылығы мен құндылығы туралы ой бөлісті. Әр оқушы өзіне ұнаған кітапты таныстырып, басқалардың назарын кітап оқудың пайдасына аударды.

Маңызы: Бұл челлендж кітап оқуды қызықты әрі пайдалы әрекетке айналдыруға ықпал етті. Сонымен қатар, оқушы [19:53, 20.05.2025] Гүлсезім: оқушылар арасында кітап арқылы достық қарым-қатынасты нығайтып, оқу мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Шара оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, ой-өрісін және сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға септігін тигізді.

<https://www.facebook.com/share/p/1GKUWMkAbq/>

Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру мақсатында 21.01.2025 жылы «Заң және тәртіп құндылығы» тақырыбында тәрбие сағаты өтілгені туралы мәлімет. Оқушылардың құқық бұзушылықтар туралы білімдерін жүйелеу, оларды құқық бұзушылықтардың түрлерімен және олар үшін жазалармен таныстырдым, заңсыз әрекеттердің салдары туралы түсініктерін дамытып, өз іс- әрекеттері үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу, оқушылардың келісімді сөйлеуін дамытуға ықпал ету, жауапты шешімді өз бетінше қабылдау дағдыларын қалыптастыру; күрделі жағдайларды сыни талдау дағдыларын қалыптастыру мақсатында өттім.

<https://www.facebook.com/share/v/1AXxZmYe7a/>

14.01.2025 ж "Біз зорлық- зомбылыққа қарсымыз атты тақырыпта іс шара өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы,

оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету.

Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.

<https://www.facebook.com/share/v/1Df617SMEy/>

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының оқушылары Tolebi командасы «Daryn FIRST Championship» роботтар фестиваліне қатысты.

Қаскелеңде еліміздегі робототехника саласындағы ең ірі аймақтық шаралардың бірі — Daryn FIRST Championship роботтар фестивалі өтті. Бұл фестиваль Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» РҒПО, USTEM Foundation қоғамдық қоры және SDU университетінің ұйымдастыруымен өтті. Шараға Қазақстанның мамандандырылған білім беру ұйымдарынан 1200-ден астам оқушы қатысты.

Екі күн бойы 4-18 жас аралығындағы қатысушылар инженерия, бағдарламалау және робототехника саласындағы білімдері мен дағдыларын көрсетті. Фестиваль FIRST халықаралық бағдарламасының төрт санатын қамтыды: FIRST LEGO League Discover, FIRST LEGO League Explore, FIRST LEGO League Challenge және FIRST Tech Challenge.

«Дарын» РҒПО бөлім басшысы Сайран Бақтияр биылғы маусым су асты әлемін зерттеу және экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған «DIVE» тақырыбында өтетіне тоқталды. «Балалардың күрделі инженерлік тапсырмаларды үлкен ынтамен шешкенін көру — біз үшін үлкен қуаныш. Бұл фестиваль тек жарыс қана емес, оқушыларға өз таланттарын көрсетуге және болашақ жобаларға жаңа идеялар табуға мүмкіндік беретін алаң», — деді Сайран Бақтияр. «Біз робототехниканың балалар мен жасөспірімдер арасында танымал бола бастағанын көріп отырмыз. Бұл Қазақстанда ғылым мен технологияны дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер ашады. Daryn FIRST Championship сияқты фестивальдер жастарға өз білімдерін практикада қолдануды және әлемді өзгертетін инновациялар жасауды жақсы түсінуге көмектеседі», — деді USTEM Foundation қоғамдық қорының директоры Асылбек Мурзахметов фестиваль қорытындысы бойынша FIRST LEGO League Challenge категориясына қатысқан 80 команданың ішінен Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының Tolebi командасы «Robot design award finalist» сертификатымен марапатталып, ақпан айында өтетін Central Asia FIRST Championship 2025 чемпионатына қатысу квотасын жеңіп алды. Жеңімпаз болған оқушыларымызды, жетекшілерін және ата-аналарды құттықтады.

<https://www.facebook.com/share/p/16ni3Scvw9/>

2025 жылдың 6-8 қаңтар күндері аралығында өткен жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңіне мектеп-интернатымыздың оқушылары қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Мектебіміздің намысын қорғаған дарынды шәкірттерімізді және оларды білім бәйгесіне қосып, сапалы да табысты еңбек етіп жүрген барша жетекші ұстаздары құттықталды

<https://www.facebook.com/share/p/12KurdWS7rg/>

ҮЗДІК ОҚУШЫ-2024 Төлеби ауданы ішкі саясат бөлімінің “Жастар ресурстық орталығы” КММ-нің ұйымдастыруымен, еліміздің болашағын қалыптастыруға

үлес қосып, өзгелерге үлгі бола білген жас таланттарды қолдау мақсатында ұйымдастырылған “Үздік жастар - 2024” премиясының қорытындысы бойынша мектеп-интернатымыздың белсенді де бірегей оқушысы Қалаубекова Кәусар Нұрболқызы «Үздік оқушы» номинациясымен марапатталды. Жетістіктері: «Мәшһүр Жүсіп оқулары» республикалық конкурсының «Ұлы даланың ұлы есімдері» бағыты бойынша облыстық кезеңінің 2-орын иегері, Республикалық «EDUCATION» баспа үйіне тиесілі «Жарық жұлдыз» журналына жарияланып, арнайы сертификат иегері, Робототехникадан аудандық құрама командасының мүшесі, жүлделі орындар иегері.

<https://www.facebook.com/share/p/1Bxpid7eHF/>

Шабыт» жобасы аясында 24.12.2024ж "Жетістігімді еліме арнаймын" атты тақырыпта челленджі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Дарынды оқушыларымыздың жетістігін паш ету. Жасөспірімдерді Отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеу.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02pffxxUfWCyXcESS888XAARmRu75kjHoVpHtr7ZWgAnxc7VDfv7kswrZsU3yqybuBl&id=100022652143107&mibextid=Nif5oz

ҮЗДІК ЖАС ҰСТАЗ -2024 Төлеби ауданы ішкі саясат бөлімінің “Жастар ресурстық орталығы” КММ-нің ұйымдастыруымен, еліміздің болашағын қалыптастыруға үлес қосып, өзгелерге үлгі бола білген жас таланттарды қолдау мақсатында “Үздік жастар - 2024” премиясы өтті. Марапатты аудан әкімінің аппарат басшысы Жолдасбеков Жорабек Сазанбайұлы, облыстық “Жастар ресурстық орталығы” КММ-нің басшы орынбасары Ескулов Пердебек Сержанұлы және аудандық “Жастар ресурстық орталығы” КММ-нің басшысы Мақұлбек Беглан Айдаралыұлы табыстады. Өз кезегінде қонақтарымыз жастарға алғысын айтып, алдағы бастамаларына сәттілік тіледі.

Айтулы шарада мектебіміздің информатика пәнінің мұғалімі Кенжеева Айжан Жолдыбаевна жастар саясатының дамуы жолында белсенділік танытты танытып, өз саласының көшбасшысы болып, жыл қорытындысымен «Үздік жас ұстаз» номинациясымен марапатталды. <https://www.facebook.com/share/p/1AbU9LQA96/>

24.12.2024ж.Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты кітапханасында "Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім - Бауыржан Момышұлы" тақырыбында 8- сынып оқушыларымен іс-шара өткізілді. Мақсаты: Аты аңызға айналған халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының өмірінен мағлұмат бере отырып, Отан үшін отқа түсетін, егемен еліміздің ертеңі болатын ұрпаққа елжандылық тәрбие беру. Батыр ата ерлігінен үлгі алуға баулу. Отанын, туған жерін сүйуге, туған елін қорғай білуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/18mEpw6jPs/>

Түркістан облысының Білім басқармасының Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп интернатында 24.12.2024ж «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында дебат өткізілді. Дебат тақырыбы: «Б.П ЖОО түсу өмірде жетістікке жетудің басты жолы ма?»

Мақсаты: тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу; Оқушылардың патриоттық, ұлтжандылық қасиеттерге,

тарихи құндылықтарға деген ойларын қозғау; Сөз шеберлігін, өз пікірін анық айтып, дәлелдеме келтіру қабілеттерін дамыту.

<https://www.facebook.com/share/v/1Xp9ojPVN9/>

ҚР Тәуелсіздігінің 33 жылдығына орай Төлеби ауданы ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Пікірталас — жетістікке жетудің бір құралы» тақырыбында аудандық пікірсайыс турнирі өтті.

Мақсаты: дарынды да талантты жастарды қолдай отырып, ораторлық шеберлігі мен ой-өрісін дамытуға ықпал жасау.

Сайысты «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің бөлім меңгерушісі Бегайдаров Жасұлан мен төреші Абдеев Мейржан сөз алып, қорытындылады.

Аламан тартыстың қорытындысы бойынша мектеп-интернатымыздан қатысқан «Дарын» фракциясы жүлделі II орынға ие болып, арнайы сыйлықтармен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/15ptv5rgo5/>

Түркістан облысы Білім басқармасының Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында 17.12.2024ж Жасөспірімдердің арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу шарасы бойынша "Жасөспірім және заң" атты тақырыпта іс-шара өткізілді.

Мақсаты:

Кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтың алдын алу, оқушылардың құқықтық санасын тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/1HFxuRqv4A/>

АПТАЛЫҚТЫҢ ЖАБЫЛУЫ 18.12.2024ж. күні қоғамдық – гуманитарлық пәндер бірлестігінің «Қазақстан – ғылым майданы» атты апталығы қорытындыланды. Апта бойында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, белсенділік танытқаны үшін: пікірсайыс бойынша;

қазақстан тарихы бойынша мектепшілік пән олимпиадасының жеңімпаздары;

Қазақстанның тарихи кезеңдері бойынша жоба қорғаудағы жеткен жетістіктері үшін жеңімпаз оқушыларымызды марапаттау рәсімі болып, апталық сәтті аяқталды.

<https://www.facebook.com/share/p/1BxivEfoaW/>

05.11.2024 күні «Қамқор» жобасын іске асыру шеңберінде 7-сынып оқушылары «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясына қатысты. Акцияның мақсаты : табиғат құндығылының маңыздылығын үйрету; табиғат байлықтарын сақтауға, бағалауға; табиғатты аялай білуге, қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу. Білім алушылар қоршаған ортаның тазалығына бастамашылдық пен қамқорлық көрсете отырып, аумақты тазалауға белсене қатысты. Акция оқушылардың экологиялық жауапкершілігін қалыптастыруға және оқу орнының аумағында тәртіпті сақтауға маңызды үлес қосты.

<https://www.facebook.com/share/v/1AQx9wsnEn/>

Мектебімізде Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік деп соғады жүрегім» атты патриоттық іс-шара ұйымдастырылды. Мақсаты: Тәуелсіздік туралы терең мағлұмат беру. Ата-бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, өз Отанын сүйуге, еліне, халқына қызмет етуге тәрбиелеу.

Шара барысында оқушыларға еліміздің егемендік жолындағы тарихи сәттерін насихаттау, мемлекеттік рәміздерге деген құрметін арттыру, ұлттық рухты көтеру мақсатында түрлі мазмұнды бағдарламалар ұсынылды.

<https://www.facebook.com/share/v/1CmU6ZEzjH/>

13.12.2024 жылы Түркістан қаласы, А.Байтұрсынов атындағы №1 мектеп-лицей базасында Түркістан облысы білім басқармасының "Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы» мен USTEM foundation қорының ұйымдастыруымен ҚР Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығымен бекітілген іс-шаралар тізбесіне енген «First Robotics» робототехника бойынша халықаралық біріншілігінің облыстық іріктеу кезеңі өтті.

Жалпы Түркістан облысы бойынша 11 команда қатысты.

First lego league challenge санаты бойынша Tolebi Daryn командамыз жүлдегер атанып Орталық Азия чемпионатына жолдама алды. DEO командамыз Core Values санаты бойынша жеңімпаз атанса, Daryn Stars командамыз The Best Pit sone санатынан жүлдегер атанды.

<https://www.facebook.com/share/p/1HV9AohaSh/>

13.12.2024ж

Желтоқсан оқиғасын көзімен көріп куәсі болған, өзі де сол жалынды жастардың қатарында болған Сәуле Мейірманқұлқызы Ешенқұлова Төлеби ауданы мамандандырылған мектеп-интернатында өткен кездесуге арнайы қонақ ретінде қатысты.

1986 жылғы «Желтоқсан оқиғасы» тәуелсіздіктің, азаттықтың, демократиялық жаңғырудың бастауы болды. Ол жастардың ар-намыс пен елдік рух жолында теңдікті талап еткен тегеурінді күш-қайнарының тоғысқан шағы еді. Ел мен ұлттың тәуелсіздік құқын қорғау үшін бас көтерген желтоқсандық жігіттер мен қыздардың бұл қадамы шын мәнінде ерлік еді. Міне, осы қанды оқиғадан кейін бес жыл өткен соң, Қазақстан тәуелсіздік туын тікті.Кездесу барысында 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының ел тарихындағы ерекше орны мен маңызы, сондай-ақ Тәуелсіздікке қол жеткізудегі рөлі жан-жақты талқыланды. Желтоқсан оқиғасы-Қазақстанның егемендікке бастар алғашқы қадамы, Тәуелсіздіктің бастауы ретінде ерекше бағаланды.

Шараның басты мақсаты- сол бір ауыр кезеңде елге деген сүйіспеншілік пен патриоттық рухты ту еткен жастардың ерлігін өскелең ұрпаққа үлгі етіп көрсету, Тәуелсіздік жолындағы күрестің құндылығын дәріптеу болды.

<https://www.facebook.com/share/p/16b85oMdzV/>

<https://www.facebook.com/share/p/1FTJCDaQsQ/>

«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН» ТӨСБЕЛГІСІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Біліктілігі мен іскерлігін орайлы ұштастыра отырып, білім беру ісіне сүбелі үлесін аянбай қосып келе жатқан ұстаздарымыз:

- 1.Жусипбаева Кулзейнет-тарих пәнінің мұғалімі;
2. Курманова Асия-химия пәнінің мұғалімі;
- 3.Карымсакова Раушан-химия пәні мұғалімі;
- 4.Мусаева Мирамкул-қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі;
- 5.Айтинбетов Қайрат-география пәнінің мұғалімі;

6. Бекишев Данияр-физика пәні мұғалімі;

7. Мусрепбаева Бибігуль-математика пәні мұғалімі күні бүгін «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды.

Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін Төлеби аудандық білім бөлімінің басшысы

Б.Тойлыбаев мырза шебер мұғалімдерге ҚР Оқу ағарту министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісін табыстап, білім саласына қосқан еңбектері мен ұстаздық кәсіпке адалдықтары үшін алғыс білдірді.

<https://www.facebook.com/share/p/1AWapcApYL/>

12.12.2024ж Түркістан облысының білім басқармасының «Білім беруді дамыту орталығы» КММ ұйымдастыруымен облыстық ағылшын тілі пәні мұғалімдері арасында өткізілген «Delve lingua» олимпиадасынан мектебіміздің ағылшын тілі пәні мұғалімі Зайтова Гаухар жүлделі 1-орынға ие болды. Әріптесімізді жеткен жетістігімен шын жүректен ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!! Білім беру жолындағы әрбір қадамыңыз қарымды болып, жаңа жетістік шыңдарына көтеріле беріңіз деп тілейміз!

<https://www.facebook.com/share/p/1ACACyg8cu/>

«Қазақстан – ғылым майданы» атты апталықтың жоспарына сәйкес 12.12.2024ж. күні тарих пәнінің мұғалімі М.Абдеев 7 «Б» сыныбында «1836-1838 жылдардағы Бөкей ордасындағы қазақтардың көтерілісі» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Ашық сабақтың мақсаты: Халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы басқарған көтерілістің тарихын маңызын оқушыларға жете түсіндіру.

Сабақ қызықты әрі тартымды ұйымдастырылып, ұлттық құндылықтармен, басқа пәндермен байланысы мол болды. Оқушылар топтық және жеке жұмыстар орындап, алған білімдерін ортаға салып, пікірлерін ашық айтып, белсенділік танытты. Білім алушылардың пәнге деген қызығушылығы айқын аңғарылған сабақ өте жақсы деген бағамен бағаланды.

<https://www.facebook.com/share/p/1BRgkepfKE/>

11.12.2024ж күні қоғамдық – гуманитарлық пәндер бірлестігінің тарих және жаһандық құзыреттілік пәндерінің «Қазақстан – ғылым майданы» атты апталығы аясында «Технологияның дамуы адамгершілікке кедергі келтіреді ме?» тақырыбында АПФ форматында пікірсайыс өтті. Пікірсайыс 8 «А», «Б» сыныптарының арасында жаһандық құзыреттілік пәнінің мұғалімі Э.Керимкулованың жетекшілігімен өткізілді.

Сайыста 8 «Б» сынып оқушылары—«Үкімет» тобы басымдықпен жеңіске жетті. Жеңімпаз оқушыларымызды құттықтаймыз!

<https://www.facebook.com/share/p/15YL6fikFQ/>

«Қазақстан – ғылым майданы» атты апталықтың жоспарына сәйкес 10.12.2024ж. күні тарих пәнінің мұғалімі К.Жусипбаева 8 «А» сыныбында «Әскери коммунизм саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа көшу» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Ашық сабақтың мақсаты: Қазақстандағы жаңа экономикалық саясаттың кемшіліктері мен жетістіктерін талдау, деректер мен дәйектерді салыстыру арқылы жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде орын алған өзгерістерді сараптау.

Сабақ барысында тақырып бойынша оқушылар өздері білетін мағлұматтарды жаңа ақпараттармен толықтырып, топтық және жеке жұмыстар орындап, белсенділік танытты.

<https://www.facebook.com/share/p/195UmAjd5/>

«Қазақстан – ғылым майданы» атты апталықтың жоспарына сәйкес 10.12.2024ж. күні қоғамдық-гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігі тарихи оқиғалар бойынша 7,8-сыныптар арасында қабырға газеті сайысын ұйымдастырды. Әр сынып әділқазылар алдында үлкен мәні бар, тарихтан ойып тұрып орын алған оқиғаларды шағын ғана қабырға газетіне сыйдырып, өз кезегінде түсінік беріп, қорғады. Сайыс қорытындысы бойынша:

1-орынды 7 «Б» сынып;

2-орынды 8 «Б» сынып;

3-орынды 7 «А» және 8 «А» сыныптар иеленді.

<https://www.facebook.com/share/p/1A3pJdkLii/>

Төлеби Ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты КММ 09.12.2024 ж. күні қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің «Қазақстан—ғылым майданы» атты апталығының ашылу салтанаты өтті.

Апталықтың мақсаты: Ұлы мұраларымызды ұлықтап, тарихымыздың терең иірімдеріне бойлай білуге шақыру. Оқушылардың сыни ойлау, талдау және зерттеу қабілеттерін дамыту. Тарих – ұрпақтар сабақтастығын сақтайтын алтын көпір. Ол – өткенді танып, бүгінімізді бағалап, болашағымызды болжайтын ғылым. Алдағы апта көлемінде апталық жоспарына сай танымдық сайыстар, зияткерлік ойындар, дебат, ашық сабақтар өткізіледі.

<https://www.facebook.com/share/p/1ZVQ5ke73J/>

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің апталығы Мектебімізде жоспарға сәйкес 9.12-17.12.2024ж күндер аралығында өткізілетін қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің «Қазақстан — ғылым майданы атты» апталығы басталды.

<https://www.facebook.com/share/p/1E96gETLXh/>

Төлеби аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен 2024 жылдың 6 желтоқсанында «Туған өлке тарихы» атты жастар арасында интеллектуалды ойын өткізілді.

Сайыстың негізгі мақсаты жастардың елдің қоғамдық-саяси, мәдени, экономикалық өміріне белсенділігін арттыру, ауданымыздың тарихын, жер, су, атауларын, табиғи ерекшеліктерін кеңінен насихаттау, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық тәрбие беру.

Жарысты аудан әкімінің орынбасары Сержан Дүйсебаев және өлкетанушы, жазушы Момбек Әбдіәкімұлы төрелік жасап, қорытындылады. Сайыс нәтижесінде мектеп интернатымыздан барған «Қарлығаш би» командасы қырағылығымен көзге түсіп, II дәрежелі дипломмен марапатталып, қаржылай сыйлыққа ие болды.

<https://www.facebook.com/share/p/19jyX7Y1mh/>

Түркістан облысының Білім басқармасының Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп- интернатында 26.11.2024 ж күні Қамқор жобасы аясында "Қоғамдық мүлікті қорға" акциясы өткізілді.

Мақсаты: Өзінің еліне деген сүйіспеншілігін білдіру және ұлттық мәдениетті құрметтеу ; Мемлекеттің дамуындағы ел бірлігінің маңызын бағалау және мемлекетінің дамуы үшін жеке жауапкершілікті сезіну ; Туған елге деген сүйіспеншілігін білдіре алу; Халық пен мемлекеттің тарихи жетістіктеріне мақтаныш сезімін ояту және мәдени мұрасын, дәстүрлерін әрі қарай ілгерілету; Отан, ел, туған өлке туралы білуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/15U4PGxhi9/>

04.12.2024 күні Төлеби ауданының кітапханасында мектеп-интернатымыздың 7-сынып оқушыларының қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Оқушылар белсенді қатысып, өз ойларын ашық айтты.

Мақсаты: Оқырмандарға Әбіш Кекілбаев туралы ақпарат беру, шығармаларына деген сезімдерін қалыптастыру, патриоттық сезімін ояту.

<https://www.facebook.com/share/v/1Hd1Ty6s1Z/>

Жас ғалымдар жеңіспен оралды. 2024 жылдың 28-29 қараша күндері Түркістан облысының Білім басқармасының «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Кентау қаласында республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың ғылыми-жобалар конкурсының облыстық кезеңі өтті.

Мектеп-интернатымыздан түрлі секциялар бойынша конкурсқа қатысқан оқушыларымыз жеңіс тұғырынан көрініп I, II, III орындарға ие болды.

Қолданбалы математика секциясы: Сазанбек Нұрасыл, Оразхан Айсұлу -1 орын.

Жетекшісі: Әсілбай Нұрлыбек

Тарих –Аселхан Қасиет- 2-орын. Жетекшісі: Абдезов Мейржан

Тіл білімі (ағылшын тілі) - Курбанова Аружан, Мустафа Еркеназ 2-орын.

Жетекшісі: Зайтова Гаухар

Жер және ғарыш туралы ғылым –Сайлау Дидар 3-орын. Жетекшісі: Бекишев Данияр

Математика - Үсен Нұрай, Шалбай Нұржайна 3-орын. Жетекшісі: Мусрепбаева Бибигуль

Информатика- Омаров Мадина, Шатырхан Оразәлі 3-орын. Жетекшісі: Орынбекова Меруерт

Информатика-Бақтыбай Дінмұхамед 3-орын. Жетекшісі: Кенжеева Айжан

Экономика-Талас Балжан, Сапарқұл Еркежан 3-орын. Жетекшісі: Айтінбетов Қайрат

Химия – Ауелбек Болат 3-орын. Жетекшісі: Курманова Асия

Химия – Алияхан Әлібек 3-орын. Жетекшісі: Карымсакова Раушан

Тіл білімі (орыс тілі) – Мәлік Назерке 3-орын. Жетекшісі: Раимкулова Меруерт

Тіл білімі (ағылшын тілі) – Смадиярова Аружан 3-орын. Жетекшісі: Зайтова Гаухар

Математика – Шалқарбай Гүлнұр 3-орын. Жетекшісі: Исмаилова Ақмарал.

<https://www.facebook.com/share/p/1HZDH22A3F/>

“ЖАСТАР ЛИГАСЫ - 2024” РОБОТОТЕХНИКАДАН ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИРИНІҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Түркістан облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің бастамасымен, Қазығұрт ауданы әкімдігінің қолдауымен, аудандық “Жастар ресурстық орталығы” КММ-нің ұйымдастыруымен “Жастар лигасы - 2024” атты робототехникадан облыстық турнир өтті. Сайысқа облысқа қарасты аудан, қалалардан келген 15 команда қатысты.

Турнир мақсаты: жастардың ғылым мен техникаға қызығушылығын арттыру, робот құрастыру, бағдарламалау және техникалық мәселелерді шешу дағдыларын дамыту, шығармашылық ойлауды қалыптастыру, өңірдегі инновациялық бастамаларды қолдау.

Турнир нәтижесі бойынша мектеп-интернатымыздан барған командаларымыз

“Төлеби Дарын”-3-орын;

«Daryn Stars» командасы робот дизайннан финалист атанды.

<https://www.facebook.com/share/p/1aBUYyRo4q/>

Төлеби ауданының ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «ROBO PROECT» атты робототехника және авиациялық техника байқауы өтті.

Оқушылар арасында ғылыми-техникалық шығармашылықты дамытуды мақсат еткен байқау қорытындысында қазылар алқасының шешімі бойынша:

«Tolebi Daryn» командасы 1-орын;

«ДЕО» командасы 2-орын;

«БЭМС» командасы 3-орынға ие болып, мектеп-интернатымыздың шәкірттерінен құралған командалар қатарлас командалардан оқ бойы оза шауып, жеңіс тұғырынан көрініп, мектеп мерейін үстем ете түсті.

<https://www.facebook.com/share/p/15ge9rYT92/>

«Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ

Түркістан облысының білім басқармасының «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен 2024 жылдың 27 қараша күні 2-7 сынып оқушыларының арасында зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының XX республикалық конкурсы өтті.

Конкурстың облыстық кезеңінің қорытындысы бойынша оқушыларымыз төмендегідей нәтижелерге қол жеткізіп, жүлделі орындарға ие болды.

Робототехника STEM инженерия секциясы: Рахматулла Аманжол, Садуақас Бағлан 1-орын. Жетекшісі: Орынбекова Меруерт;

Туризм және спорт секциясы: Илияс Аружан 2-орын. Жетекшісі: Айтымбетов Қайрат;

Химия, биология секциясы: Әділхан Жасмин 3-орын. Жетекшісі: Қарымсақова Раушан;

Этномәдениеттану секциясы: Тұрмахан Бексұлтан, Батырбек Бакдәулет 3-орын. Жетекшісі: Баедилова Жанар

Тарих, өлкетану секциясы: Ергеш Баязит, Саттар Мариям 3-орын. Жетекшісі: Абдеев Мейржан.

Қазақ тілі мен әдебиеті секциясы: Тұрдыбек Айару 3-орын. Жетекшісі: Көпбай Сабира

<https://www.facebook.com/share/p/16CHd64QxF/>

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығына сүйене отырып, 2024-2025 оқу жылының қараша айында «Akberen Education» – Ақберен республикалық танымдық-шығармашылық журналы ұйымдастырған 5-11 сынып оқушылары арасындағы Республикалық «Математика» пәнінен олимпиадада шәкірттеріміз төмендегідей нәтижеге қол жеткізді:

1. Сазанбек Нұрасыл Жорабекұлы 8 "а" 1 орын;
2. Серікжан Арсен Қанатұлы 9 "а" Бас жүлде;
3. Раимбек Дарын Қуанышұлы 9 "а" 2 орын;
4. Нүркенұлы Ерсұлтан 9 "а" 1 орын;
5. Кузербай Али Кенжебекұлы 9 "а" 1 орын;
6. Мейірбек Дулат Елдосұлы 9 "а" 2 орын;
7. Бақтыбай Дінмұхамед Хайржанұлы 9 "б" 1 орын;
8. Бимырза Роллан Бақытұлы 8 "а" 1 орын;
9. Бахтиярұлы Дінмұхаммед 8 "а" 1 орын.

<https://www.facebook.com/share/p/1AmC1ryxHS/>

Түркістан облысының Білім басқармасының Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында «Қамқор жобасы» аясында "Табиғатты қорғау - адамзаттың парызы" атты тақырыпта тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды табиғаттың әсемділігін байқауға, қорғауға, аялауға тәрбиелеу, экологиялық білімдерін дамыту.

<https://www.facebook.com/share/v/1CkFwc8KYy/>

Түркістан облысының білім басқармасының «Облыстық дарынды балаларды анықтау және қолдау орталығы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының 24.10.2024 жылғы хатына сәйкес, 2024 жылдың 20 қараша күні «8-11 сынып оқушыларына арналған лингвистика бойынша республикалық олимпиаданың» облыстық іріктеу кезеңін өткізді. Олимпиадаға қатысқан мектебіміздің 8 «Б» сынып оқушысы Мұсахан Жансүгір білім бәйгесінде жүлделі II орынға ие болды.

<https://www.facebook.com/share/p/1QekZJMMH7/>

Түркістан облысы Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында 14.11.2024 жылы 7«А» сыныбында ата-аналарды педагогикалық қолдау жоба аясында "Жасөспірім жадысын жақсартудың кілті" атты тақырыпта ата-аналар жиналысы болды.

Жиналыс барысында: бала эмоциясын анықтау мақсатында тренинг болды, содан соң Жады бойынша баяндама таныстырылымы болды. Бірінші тоқсан қорытындысы бойынша презентация қаралды. Пән мұғалімдерімен ата-аналар кездесіп, пікір алмасты. Жиналыс барысында оқушылардың сабақ оқуына жағдай жасалып, қолдау білдіру керек екенін айта отырып тарқасты.

<https://www.facebook.com/share/v/17y3aQAtL5/>

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты кітапханасында "Балалар әдебиетінің байтерегі" Сапарғали Бегалиннің туғанына 130 жыл толуына байланысты 7-сынып оқушыларымен іс-шара өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға балалар жазушысы жайлы мағлұмат бере отырып, оның өлеңдері мен шығармашылығын таныстырып, оқушыларды адалдыққа, адамгершілікке тарбиелеу.

Оқушылар белсенді қатысып, сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын ашық айтты.

<https://www.facebook.com/share/v/19eqHEMdnw/>

23.11.2024жыл «Ауылға—кітап» жобасы

«Ауылға-кітап» жобасы аясында мектебіміздің 2017 жылғы түлектері қара шаңыраққа қонаққа келіп, мектептің кітапхана қорына елу кітап сыйға тарту етті. Сондай-ақ, оқушыларды адамзаттың ұлы құндылығы, қымбат қазына – кітап оқуға, ғылымның терең сырларын кітаптан іздеуге, ізденуге шақырды.

<https://www.facebook.com/share/p/1AqmXu9qU5/>

Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Өнегелі 15 минут» шарасы аясында сондай-ақ, қараша айында негізделген «Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі» құндылығы бойынша мектебіміздің ата-аналар комитетінің төрағасы Жаппаров Жандар оқушылармен кездесу жиын өткізді. Ол өз сөзінде әділдік, адалдық, шыншылдық, тәрбиелілік, сыйластық сынды қасиеттер адам бойында қатар көрініс тапқанда нағыз тұлға бола алатындығын түсіндіріп, ата-ананы, ұстаздарды, ең бастысы Отанды шексіз сүйуге, құрметтеуге шақырды. Сондай-ақ ысырапшылдық пен даңғазалық елдің де, адамның да дамуына қарсы ықпал ететіндігін айтып, әрбір істі жасағанда үнемділік танытуды, жауапкершілік пен адамгершілік қасиеттерді бойдан жоғалтпауға шақырып, өзінің тұшымды да тұжырымды, өнегелі ойларымен ойларымен бөлісті.

<https://www.facebook.com/share/p/16ZLfstqWM/>

21.11.2024жыл АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ МАРАФОНЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ

Түркістан облысының Білім беруді дамыту орталығы мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бірлесуімен алғаш рет облыстық білім беру ұйымдарының педагогтері арасында ұйымдастырылған «Академиялық адалдық марафоны» өтті.

Білім беру ұйымында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының орындалуын, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларының атқарылуын, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік орта қалыптастырудағы педагогтердің озық идеяларымен, тәжірибесімен, шығармашылығындағы жетістіктерімен танысуды басты мақсат еткен марафонға қатысқан әріптесіміз тарих және құқық пәнінің мұғалімі М. Абдеев сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда озық ойын ортаға тастап, инновациялық тәжірибесімен бөлісе отырып қорытынды кезең нәтижесі бойынша ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталып, жеңімпаз атанды.

<https://www.facebook.com/share/p/1WpH7TQGPm/>

Қазақстан Білім Олимпиадасы 2024

Қараша айының 8-9 күндері республика көлемінде @edlight_academy ұйымдастыруымен Қазақстан Білім Олимпиадасының қорытынды кезеңі өтті.

Ғылым мен білімнің әлеуетін көтерген - ҚБО

«Қазақстан білім олимпиадасы» - дарынды оқушыларды қолдау және дамыту, ғылым мен технологияларға деген қызығушылықты ынталандыру, сондай-ақ отандық білім беру стандарттарын нығайтуды мақсат тұтады.

Білім бәйгесінде бақ сынаған мектебіміздің оқушылары төмендегідей нәтижелерге қол жеткізді:

География пәнінен Талас Балжан-қола медаль;

Махамбай Рахманберді-мақтау қағазы;

Информатика пәнінен: Тулегенов Ернар-мақтау қағазы.

<https://www.facebook.com/share/p/18mwwCH5G9/>

Қараша айына негізделген «Жауапкершілік-адамгершілік қасиеттің көрінісі» атты құндылыққа байланысты 14.11.2024ж күні мектебімізде 8-10 сыныптар арасында «Алтын күз» атты күзгі бал іс-шарасын ӨӨБҰ өткізді.

Күзгі балдың негізгі мақсаты – оқушылар арасындағы шығармашылықты дамыту, ұжымдық ынтымақтастықты нығайту және қызықты мәдени шаралар арқылы достық қарым-қатынастарды арттыру. Сонымен қатар, бұл мереке жастардың эстетикалық талғамын қалыптастырып, олардың өнерге, музыкаға және мәдениетке қызығушылығын оятуға бағытталған. Іс шара тапсырмаларын сынып болып бірлесіп жоғары жауапкершілікпен атқарды

Іс-шара 5 кезең бойынша ұйымдастырылды:

Нәтижесінде әділқазы алқаларының шешімімен:

3 орынды 10«А» және 9 «Б» сыныбы,

2 орынды 8 «А» және 8 «Б» сыныбы,

1 орынды 10 «Б» сыныбы,

Бас жүлдені 9 «А» сыныбы иеленді.

<https://www.facebook.com/share/v/1Fn4qYhn7t/>

Түркістан облысы Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында 7А,Б сыныптарының ата-аналымен педагогикалық қолдау жоба аясында ашық есік күні ретінде ата-аналар жиналысы болды.

Жиналыс барысында: алдымен мектеп психологы- Э.Керимкулова "Балаңыздың көңіл-күйі" атты тренинг өткізді, оқушылардың жаңа ортаға үйрену мақсатында қалай қолдау керек екенін тренинг барысында көрсетіп өтті.

Содан соң екі сыныптың сынып жетекшілері А.Исмаилова мен Б.Мусрепбаева мектеп тынысымен таныстырды. Сабақ кесетсімен, мектептің ішкі тәртібімен таныстырды. Сынып тәпбиешісі Д.Тасмурзаева оқушылардың жатаханадағы өмірімен таныстырып, ата-аналарға жатахананы таныстырып өтті. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж. Баедилова оқушылардың тәртібі, формасы жайында біраз пікір білдірді.

<https://www.facebook.com/share/p/12LNWgpfmiQ/>

13.11.024ж күні 7-сынып оқушыларымен «Ұлттық-валюта теңге» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаттың мақсаты: Оқушыларды тәуелсіз еліміздің ең бірінші айырықша белгісі теңгемен таныстыру, төл теңгеміздің шығу тарихы, айналымға ену кезі туралы ақпараттар беру. Қазіргі нарықтық экономика жағдайындағы іс-әрекеттерді реттеуге үйрету, экономикалық терминдермен таныстыру, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру. Оқушылардың бойына елімізге ыстық сүйіспеншілікті, мақтанышты сіңірту, үнемділікке, барды

қадірлеуге баулу. Іс-шара барысында оқушылар үш топқа бөлініп, сабақ сайыс түрінде өтілді. Теңгенің шығу тарихы жайлы мәліметтермен бөлісіп, бейнебаян тамашалады. «Кім жүйрік» бөлімінде сұрақтарға жауап беріп, үнемшілдік жайлы мақал-мәтелдерді оқыды. Ситуациялық жағдайларды сахналап, әр елдің ақшаларын атап берді.

<https://www.facebook.com/share/v/1BgSjDQp5D/>

5.11.2024 ж. күні жастар мен жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің алдын-алу және зиянды заттардың (электронды темекі және темекі шегу, ішімдік, нашакорлық және токсикоманияның) жас организмге зияны «Дені сау, рухани бай ұрпақ тәрбиелеудегі отбасы мен мектептің ролі», “Балалардың дұрыс тамақтануын насихаттау және тамақтану мәдениетін қалыптастыру” тақырыбында дәрігер мамандармен кездесу өтті. Кездесудің мақсаты: оқушыларға тиімді әрі дұрыс тамақтана отырып, қоршаған ортаның зиянды әсерлеріне қарсы тұруға, салауатты өмір салтын ұстанып, дұрыс тамақтану жасөспірімдер арасындағы ерте жүктілік, жеке гигиена, ерте жыныстық қатынастың алдын алу, және көптеген аурулардың алдын алу туралы ақпарат беру. Кездесуге Юсупова З.С. терапевт-эндокринолог – дерматолог, Сейтбаева Д.А. - акушер, Түймебек С.С. -салауатты өмір салтын қалыптастыру мамандары келіп, сұхбат берді. Кездесуге келген мамандар презентация, видеосабақтар арқылы қыз балдардың ерте жүкті болуының денсаулыққа зиянды екенін, жас организмнің қалыптасуында түрлі ауруларға кездігуі мүмкіндігін түсіндірді. Қыз балалар болашақ ана сондықтан олар өз өмірлеріне жауапкершілікпен қарап, болашақта отбасын жоспарлы түрде құру керек екені де сөз болды. Кездесу барысында әрбір отбасы қоғамның кішкентай бір бөлігі болып табылатындықтан, қоғам өркениетілікке жеткізу, ең алдымен, әрбір отбасындағы өмірді ұйымдастырудан басталмақ, дәрігерлер қыз балалардың физиологиялық жетілуі, өзгерістері, гигиеналық тазалық ұстау жайлы лекция оқыды. Лекция барысында қыз балалар білмейтін сұрақтарын дәрігерге қойып, нақты жауап алды.

<https://www.facebook.com/share/p/16JeoZNRq/>

Түркістан облысының Білім басқармасының Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп—интернатында 5.11.24 ж «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында, «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында «Жүзден жүйрік» зияткерлік сабағы өтті. Мақсаты: Оқушылардың білімдерін жинақтап, тереңдету. Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру, шапшаңдыққа баулу, белсенділіктерін арттыру. Топпен жұмыс істей отырып, өзгенің пікірін құрметтеуге, ұйымшылдыққа баулу.

<https://www.facebook.com/share/v/1DPNppadp2/>

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының "Өзін-өзі басқару" ұйымының Мектеп парламент президенті мен фракция мүшелерін ұлықтау рәсімі өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың білімге құштарлығын арттыру, өзін-өзі басқару жұмысына жетелеу, ұжымдық жауапкершілікті сезіне білуді қалыптастыру.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Баедилова Жанар Анарбайқызы мектеп парламентін құттықтап өзін өзі басқару ұйымының мақсат міндеттерімен таныстырып, жұмыстарына сәттілік тіледі

<https://www.facebook.com/share/p/1C3mm36Aqh/>

03.11.2024 күні Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының 7-сынып оқушылары «Балалар кітапханасы» жобасы аясында Ә.Кекілбаевтің 85-жылдық мерейтойына орай аудандық кітапханада өткізілген «Көсемсөз» атты әдеби кешіне қатысып қайтты.

Кештің мақсаты: Әбіш Кекілбайұлының өмірі мен шығармашылығына тоқтала отырып, өнегелі өмір жолы мен шығармашылық мұраларының өміршеңдігін ұғындыру; Оқушылардың эстетикалық сезімін ояту; Көркем сөз оқу шеберліктерін арттыру, туған халқымыздың әдебиетін тереңірек тануға, оны сүйеге, қадірлей білуге дағдыландыру. Оқушылар әдеби кештің :

1. «Әсем сөзі құс боп шарлап жер-көкті...» (әдеби бағдарлама)

2. « Ұлы сұрлеудің мұрагері» (сұрақ жауап) деген бөлімдерімен танысты, іс-шараға белсене қатысты. Кеш барысында оқушылар Ә.Кекілбаевтың өмірі және шығармаларымен таныса отырып, жазушының өлең жолдарын оқып берді. «Ұлы сұрлеудің мұрагері» атты бөлімінде сұрақтарға жауап беріп, өз білімдерін жетілдіріп отырды. Әдеби кеш өз деңгейінде өтті. Кеш соңында оқушылар аудандық кітапхананың тыныс тіршілігімен танысып, кітапханадағы көркем әдебиет қорына, кітап оқуға деген қызығушылықтары артты.

<https://www.facebook.com/share/v/15L5tJ2e5E/>

Түркістан облысы Білім басқармасы "Облыстық қосымша білім беруді дамыту орталығы" КММ-нің директоры Б. Қ. Ешенқұловтың ұйымдастыруымен 2024 жылғы қазан айының 30 күні Түркістан қаласы, «Ақжайық» музыка мектебінің базасында облыстағы "Дарын" мектеп-интернаттары, мектеп-интернаттары, арнайы (көмекші) мектеп-интернаттарының ұстаздары арасында «Өнерлі ұстаз-2024» байқауы өтті. Байқаудың мақсаты мен міндеттері: Ұстаздың тарихи танымдығын, педагогикалық-психологиялық сауаттылығын, шығармашылық талантын анықтау; Тәрбие жүйесінде ұстаздардың жаңа технологиялардың дамуы кезеңінде болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуына ерекше көңіл бөлу; жаңартылған білімдегі тәжірибесімен өзара бөлісу;

Байқау 3 шарт бойынша өткізілді:

Өзін-өзі таныстыру кезеңі.

«Дублер күн...

<https://www.facebook.com/share/p/16UZk6th8h/>

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ "АҚБЕРЕН" БАЙҚАУЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢІНІҢ ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ

Шығармашыл оқушылар арасындағы «Ақберен» өнер байқауының облыстық кезеңіне мектебіміздің оқушылары қатысып, бақтарын сынады. Оқушылардың тапқырлық қырын, өлең жазуын, дарындылығын танытып, олардың шығармашылық қабілеттеріне қолдау көрсетіп, ары қарай дамуына жол ашатын дарындалар додасында

“Шешендік, білгірлік сайысы” номинациясы бойынша -Қалаубекова Кәусар -1-орын;

«Эссе жазу» номинациясы бойынша Жолдас Жанель-3-орын;

“Ақындар мүшайрасы” номинациясы бойынша -Үсен Нұрай – «Алғыс хат» иеленді.

<https://www.facebook.com/share/p/1AGUq1kRb8/>

21.10.2024 "Қазақ елі менің-Отаным " тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды отаншылдыққа, ұлтын жерін елін құрметтеуге, азаматтық тәрбиені жетілдіруге тәрбиелеу. Сабақ барысында оқушылар өздері ізденіп, 25 қазан-Республика күніне байланысты ақпараттар жинақтап, жан-жақты дайындалып келді. Оқушылар үш топ болып Қазақстанның қазба байлықтары, ағартушы ғалымдары, өнер қайраткерлері және әлеуметтік экономикалық жағдайлары туралы ой-пікір алмасты. Сонымен қатар мұғалім тарапынан күзгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережесі таныстырылып, оқушылар да өздерінің ұтымды пікірлерін айта өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/1BsLfQFJg6/>

Бүгін аудандық мәдениет үйінде әдебиетіміздегі үздік туындыларды оқу және насихаттау, жас ұрпаққа рухани және патриоттық тәрбие беру, балалар арасында кітапқа деген қызығушылығын ояту мақсатында «Әлемді кітап арқылы танымын» атты аудандық іріктеу байқауы өтті. Байқауды аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Сержан Дүйсебаев ашып беріп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқауға осы жылы республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында шығармалары таңдалып алынған және 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде атап өтіліп жатқан, қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасы ұсынылған болатын. Байқауда үміткерлер «Менің отбасым және кітапхана»(бейнеролик), «Балалық шаққа саяхат»(отбасымен бірге сахналық көрініс), «Зияткерлер алаңы (сұрақ-жауап) кезеңдері бойынша өнерлерін көпшілікке ұсынды.

Байқау қорытындысы бойынша әділ қазылар шешімімен Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының 8 "Б" сынып оқушысы Убайдулла Мерей І орынды иеленді, жетекшісі мектебіміздің кітапханашысы Жулумбетова Алтынайға және қолдау көрсеткен ата-анасына алғыс білдірді.

<https://www.facebook.com/share/p/1Qt2UT6VEe/>

Түркістан облысының Білім басқармасының Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп- интернатында 24.10.2024ж күні 25 қазан ұлттық мереке - Республика күніне орай " Менің Отаным – Қазақстан" атты іс шара өткізілді.

Мақсаты: Жас ұрпақты Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып,еліне деген махаббат сезімін ояту;Отанын, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата - бабаларымыздың өнгеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, атамекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, ойларын жүйелі түрде жеткізе білу, шығармашылықпен жұмыс жасап, мәнерлеп өлең оқып, мағынасын түсіне білу дағдыларын дамыту.

Республика күні—еліміздің бірлігі мен патриотизмін дәріптейтін ерекше кезең. Баршаға қуаныш, бейбітшілік тілейміз. Еліміз өркендеп, жайнап, ынтымақ-бірлігіміз ажырамасын. Мереке құтты болсын!

<https://www.facebook.com/share/v/1GQdhrtjFu/>

МЕМЛЕКЕТТІК ГИМН ОРЫНДАЛДЫ

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 25 қазан Республика күніне орай білім алушылардың патриоттық сезімін көтеру, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрмет көрсету мен ұлттық рухты дәріптеу, өз Отанына деген қадір-қасиет сезімін қалыптастыру мақсатында бірыңғай гимн орындалды.

<https://www.facebook.com/share/v/15s56Jq22s/>

24.10 күні Қазақтың ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматург, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл. Осыған орай мектеп кітапханашысының ұйымдастыруымен «Сәкен-сыршыл ақын» атты әдеби танымдық кеш өтті.

Іс шараның мақсаты: Оқушыларға Қазақстанның тарихында абыройлы орын алатын Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын таныстыру, ақынның өз заманындағы саяси-қоғамдық көзқарасын таныту, оқушыларды отан сүйгіштікке тәрбиелеу

<https://www.facebook.com/share/p/16LHy2dxhQ/>

Мектеп директорының бейіндік ісі жөніндегі орынбасары М.Абдеев 2024 жылдың 21 қазан күні ғылыми жоба жұмысына қатысатын оқушылардың жұмыстарына сараптама жасап, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Сондай-ақ, зерттеу жоба жұмысының нақты тұжырымдалуын, жұмыстың теориялық және практикалық тұрғыдан өзекті болуын, нақты мысалдармен жоба тақырыбы негізделуін, жобаны талдаудың тереңдігі мен идеяның өзіндік көзқарасының болуы, жоба тақырыбы жан- жақты ашылуы, ғылыми негіздемесі, мектеп бағдарламасынан тыс терең білімді көрсете алуы, орындалған жұмыс белгілі бір ғылыми саладағы проблемалық теориялық мәселелерді шеше алуы, әдістердің қолдану технологиясы, зерттеудің мақсаттарына сәйкестігі, жобаның даму перспективасы, қол жетілген нәтижеге толық сипаттама берілуі, фотосуреттер мен бейне растаударының болуы, нәтижелер алаңы, зерттеу күнделігінің болуы, автор сұрақтарға жауап беруге машықтануы, жоба жұмыстарын қорғауға өз күш - жігерімен қатысуы керектігін айтып, жекелеген кеңестер беріп өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/1AbnkRBrqF/>

Түркістан облысының Білім басқармасының Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп- интернатында 21.10.24 ж 9- сыныптармен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Буллингтен қорған» тәрбие сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушыларға буллинг зардаптарын түсіндіру. Қоғамда орын алып отырған жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию секілді жағдайлардың алдын алу. Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/15MJJ8kprb/>

18.10.2024ж күні Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу шарасы бойынша жиналыс өтті.

Бұл мәселе бойынша ең алдымен Төлеби АПБ бастығы, полиция полковнигі Б.Б.Зиятаев «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында кәмелетке толмағандармен және оларға қатысты орын алатын қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар, кәмелетке толмағандар және жастар арасындағы нашакорлықтың алдын алу, болдырмау сонымен қатар өз – өзіне қол жұмсау фактілерінің жолын кесу бойынша баяндама жасап, ең үлкен сый ретінде берілген өмірді салтанатты, салауатты өткізуге, болашақты баянды етуге ұмтылуға шақырып, ақыл-кеңестерін беріп өтті.

<https://www.facebook.com/share/v/1ATCLfcxcM/>

16.10.2024ж күні 9-10 сынып оқушыларына арналған жас тарихшылардың "Менің шағын Отаным» атты республикалық интеллектуалдық конкурсының облыстық кезеңі болып өтті.

Конкурстың мақсаты: туған жер тарихына қызығушылық танытатын талантты оқушыларды анықтап, олардың шығармашылық қабілетін, қоғамдық белсенділігін дамытуға, өскелең ұрпақтың бойына ұлтжандылықты қалыптастыру, өзінің туған өлкесінің тарихын және құндылықтарын мақтаныш сезіммен жеткізуге бағыттау.

Конкурс қорытындысы бойынша шәкірттеріміз мынадай нәтижелерге қол жеткізді:

"Менің шағын Отанымның тарихы" номинациясы 10-сынып оқушысы Ермек Ернұр ІІ орын,

"Менің шағын Отанымнан шыққан тұлғалар" номинациясы 10-сынып оқушысы Шалқарбай Гүлнұр ІІІ орын,

"Менің шағын Отанымның болашағы" номинациясы 9-сынып оқушысы Келдібай Кәусар ІІІ орын,

«Шағын Отанымның символы" номинациясы 9-сынып оқушысы Баялы Гүлсезім ІІІ орын.

<https://www.facebook.com/share/p/19DQS3SXF3/>

Тәрбиенің бір бағыты - баланы еңбекке баулу болса, жәрмеңке - оқушы еңбегінің, жарқын көрінісі, әрі жемісі. Мектебімізде „Еңбегі адал жас-өрен“ жобасы аясында «Күзгі асар» жәрмеңкесі өткізілді. Тәтті жемістер мен түрлі көкеністер жәрмеңке сәнін келтірді. Жәрмеңкенің мақсаты күз уақыты молшылыққа толы болғандықтан күздің берекелі молшылығын насихаттап, оқушыларды еңбекқорлыққа баулу, олардың қаржылық сауаттылығын арттыра отырып, мамандыққа баулу. Оқушылар өз қолымен дайындап әкелген түрлі тағамдарын және күздің өнімдерін көпшілікке ұсынды.

<https://www.facebook.com/share/p/18ewne2wxt/>

Қазақстанның халық жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтың туғанына 100 жыл 10.10.2024 күні Төлеби ауданының кітапханасына мектебіміздің 10-сынып оқушыларының қатысуымен "Қан мен Тер" атты кітап бенефисі өтті. Оқушылар белсенді қатысып сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын ашық айтты. Мақсаты: Оқырмандарға Әбдіжәміл Нұрпейісов туралы ақпарат беру, шығармаларына деген сезімдерін қалыптастыру, патриоттық сезімін ояту, ерлікке, елін жерін сүйуге, Отанын қорғауға және Ұлт намысын қорғаған батырларды құрметтеу мен ұлықтауға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/1HUNHQ8Pkt/>

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп – интернатында 2024 жылдың 20 қыркүйек күні кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу мақсатында Төлеби ауданының АПБ ЖПҚБ ҚТІЖ ЮПТаға УПИ полиция полиция лейтенанты Өмірсеріков Бөгенбай Жарылқапұлы, полиция аға лейтенанты Қасымбаев Акежан құқық қорғау органдарының, Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп – интернатының ДТІЖО – Ж.Баедилованың, педагог - психолог Э.Керимкулованың, әлеуметтік педагог М.Омарованың, қыздар “Арайлым клубының” жетекшісі М.Орынбекованың және “Сұңқар” ұлдар клубының жетекшісі Е.Тажибаевтың қатысуымен мектеп оқушыларына арналған семинар-кеңес өткізілді. Іс шара барысында балаларды адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып бойына әдептілікті дарыту, таным белсенділігін арттыру арқылы құқықтық кеңес берілді. Елімізде соңғы уақыттары мопедтер, мотоциклдер мен скутерлер және самокаттар қатысуымен орын алған жол көлік оқиғалары жиілеп, адам қазасына ұштасқан жағдайлар тіркелген. Аталған көлік құралдары жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзудың салдарынан орын алғандығын баяндады. Өзгенің өмірі мен өз өмірлеріне қауіп тудырмау және мүліктеріне зиян келтірмеу үшін жолда жүру ереже талаптарын сақтау әрбір адамның міндеті екенін түсіндірді. Адам өмірі мен денсаулығын сақтау және құқықтық тәртіпті нығайту ортақ міндет екенін айта отырып, жалпы оқушылардың каникул уақытында және сабаққа жеңіл автокөлік, самокат, электромопед айдамауларын ескертті. Сонымен қатар жастарды улап келе жатқан электронды шылымның зияндылығын туралы айтып, салауатты өмір салтын ұстануға, сақтауға шақырды. Семинар өз деңгейінде өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/18sQqtCKj8/>

2024 жылдың 18-19 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Президенттік орталығы ұйымдастырған "Әділетті қоғам-адал азамат" семинар тренингіне қатысып, үздік жобалық жұмысы үшін шәкіртіміз Едегенов Ермұхан арнайы Алғыс хатпен марапатталып, сертификатқа ие болды.

<https://www.facebook.com/share/p/1Y9vWdCK2E/>

10.10.2024жыл

Мамандандырылған білім беру ұйымдардың 10-11 сыныптар арасында өткен «Қазақстан Білім Олимпиадасында» Биология пәні бойынша шәкіртіміз Тельбаева Замира жоғары нәтиже көрсетіп, III дәрежелі дипломмен, Физика пәні бойынша Балхаш Бәкдәулет және Ниязбек Мұхамбетғани III дәрежелі дипломмен марапатталды.

: <https://www.facebook.com/share/p/16JuFQMGsp/>

«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығының (бұдан әрі –Қағидалар) 43-тармағына сәйкес аттестаттаудан өту үшін педагог ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен 31 желтоқсанына дейін 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беретінін ескертеміз.

2025 жылы аттестаттау кезеңі (Аттестаттау комиссиясының жұмысы) қаңтар мен тамыз аралығы деп белгіленген. Осыған орай, 2025 жылы аттестаттау

рәсімінен өту тиіс педагогтердің (2024 жылы қараша-желтоқсан және 2025 жылы тамызға дейін жарамды біліктілік санаттары бар педагогтер) өтініштерін қабылдау ағымдағы жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында жүзеге асырылуы тиіс.

[20:16, 20.05.2025] Гүлсезім: «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығының (бұдан әрі –Қағидалар) 43-тармағына сәйкес аттестаттаудан өту үшін педагог ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен 31 желтоқсанына дейін 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беретінін ескертеміз.

2025 жылы аттестаттау кезеңі (Аттестаттау комиссиясының жұмысы) қаңтар мен тамыз аралығы деп белгіленген. Осыған орай, 2025 жылы аттестаттау рәсімінен өту тиіс педагогтердің (2024 жылы қараша-желтоқсан және 2025 жылы тамызға дейін жарамды біліктілік санаттары бар педагогтер) өтініштерін қабылдау ағымдағы жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында жүзеге асырылуы тиіс.

Түлектен тарту

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының 2014 жылғы бітіруші түлегі Сейітхан Ермек Сәлімұлы білім ордасының 25 жылдық мерейтойына орай ерекше дизайндағы қабырға картасын сыйға тарту етіп, білім мен тәрбие негізін бойына сіңірген ұстаздарына айырықша алғысын білдірді.«Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан болады»,- деп ұлы Абай Құнанбаев айтпақшы, мектеп қабырғасына сыйын тарту етіп, көрегенділік таныта білген шәкіртіне ұлағатты ұстаздары жылы тілектерін айтып, алғысын жаудырды

<https://www.facebook.com/share/p/1FMVT4JTpG/>

Түркістан облысының Білім басқармасының "Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп - интернатында 05.10.2024ж. 8 «А» сынып оқушыларымен Ұстаздар мерекесіне орай

"Қамқор"жобасы аясында" Даналық ұстаздан"атты тақырыпта мерекелік іс шара өткізілді. Мақсаты:

Білім мен біліктілік ұстаз еңбегінен бастау алатынын оқушы санасына жеткізу. Ұстаздардың тәрбиесі мен еңбегін дәріптеуге, құрметтеу мен сыйлауға тәрбиелеу..

<https://www.facebook.com/share/v/14HdpiJcSns/>

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатының 7-сынып оқушылары

1-қазан қарттар күніне орай «Birgemiz: Qamqor» акциясына қатысты. Акцияның мақсаты: Оқушыларға волонтерлық қызметтің маңыздылығын түсіндіру; Қоғамға қызмет ету - азаматтық жауапкершілік; Оқушыларға өздерінің волонтерлық жобаларын жоспарлауға ынталандыру; Оқушыларға волонтерлық қызметтің мәні мен маңызын түсіндіру, қоғамдық істерге қатысуға итермелеу. Акция аясында оқушылар мектеп-интернатымызда көп жыл еңбек еткен зейнеткер Тажибаева Тәттіқыз апайдың шаңырағына барып, үй шаруасына көмектесті. Өз кезегінде зейнеткер апайымыз еңбек жолын таныстыра отырып, оқушыларға болашақта білімді, дарынды еңбекқор, адал және жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп өсу керектігін айтып өтті.

<https://www.facebook.com/share/v/1Hmz8cmbAG/>

ЖҮЛДЕЛІ ОРЫНМЕН ОРАЛДЫ!!!

2024 жыл 26 қыркүйек күні өткізілген «Үздік сынып жетекші» республикалық байқауының облыстық кезеңінде мектебіміздің информатика-робототехника пән мұғалімі Кенжеева Айжан сайысқа түсіп, жүлделі 2 - орынды иеленді. Өріптесімізді жеңісімен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, толағай табыстарға жете беруіне тілек білдіреміз!!!

<https://www.facebook.com/share/p/16CcAiGikw/>

26.09.2025жыл Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп интернатының 7«Б» сыныбында "Отбасы- рухани тәрбие бастауы" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Отбасының адам өмірінде ерекше орын алатындығын, ондағы тәрбие тағылымдық, өнегелік қағидаларға негізделетіндігін түсіндіру. Бір-біріне адамгершілік, ізгілік, сүйіспеншілік, мейірімділік танытуға, қамқорлық, жақсылық жасауға тәрбиелеп, соны мақсат етуге шақыру

<https://www.facebook.com/share/p/12LZdni8ftS/>

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп интернатының 7 «А»- сыныбында 23.09.2024 "Еңбек түбі-береке" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды еңбексүйгіштікке баулу, адал еңбек етуге тәрбиелеу. Сабақ барысында оқушылар өздері ізденіп, еңбек туралы мақал-мәтел жаттап, жан-жақты дайындалып келді. Сонымен қатар мұғалім тарапынан кибербулинг тақырыбымен таныстырып, зиянды жақтарын түсіндіре отырып, оқушылармен ой-пікір алмасты. Сайыс барысында достық жеңіп шықты.

<https://www.facebook.com/share/v/1AWGdiaXAV/>

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің 11.09.2024 жылғы №2586 хатына сәйкес, 21 қыркүйек «Бүкіләлемдік тазалық күні (World Cleanup Day 2024) аясында сенбілік ұйымдастырылды. Тазалық шарасына мектеп-интернатымыздың барша қызметкерлері ат салысып, сенбілікте белсенділік танытты.

<https://www.facebook.com/share/p/1L19kTeAqS/>

Түркістан облысының Білім басқармасының Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп- интернатында 17.09.24ж күні «Тілім барда айтылар сыр ойдағы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды ана тілінің қадір- қасиетін түсіне білуге шақыру. Жас ұрпақтың патриоттық сезімін оята отырып, елін, жерін сүюге, құрметтеуге және адамгершілікке тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/15XxLad9hr/>

05.09-13.09.24ж күндері аралығында өткізілген «Тіл – тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» атты апталықтың жабылу салтанаты болып өтті. Апталықта құрылған жоспар бойынша 7-10 сынып аралығында іс-шаралар, сайыстар, ашық сабақ өткізілді. Жоспарланған іс-шаралар тартымды ұйымдастырылып, өз мәресіне жетті. Апталықтың қорытындысында өз білімдерін, белсенділіктерін таныта білген оқушыларымыз марапаттау қағаздарына ие болды. Сондай-ақ, оқушыларымыз қадірлі, бағасы алтын ана тіліміз туралы өлең жолдарын мәнерлеп оқып, мың бұралған бишілеріміз биіменен сахнаның көркін келтіріп, ізденімпаз оқушыларымыз тіл туралы түрлі қызықты мәліметтерді айтып берді. Жиын соңында сөз алған әдістемелік бірлестіктің мүшелері М. Мусаева, Г. Зайтова

оқушыларды тілімізге деген сүйіспеншілікті күшейтуге, тіл байлығын, сөз саптауын арттыруға, тілді шексіз құрметтей білуге шақырды.

<https://www.facebook.com/share/p/16ZkgVf3Ba/>

«Тіл – тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» атты апталықтың жоспарына сәйкес 12.09.2024ж. күні 7-10 сыныптар арасында мектеп- интернатымызды үш тілде жарнама жасаудан видеоролик байқауы өткізілді.

Шәкірттеріміз бұл сайыста білімі мен байқампаздығын танытып қана қоймай, ұстаздарының еселі еңбектерін қадірлей алатындықтарын айқын аңғарта білді.

<https://www.facebook.com/share/p/18kfgBdPxU/>

«Тіл – тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» атты апталықтың жоспарына сәйкес 11.09.2024ж. күні қазақ тілі пәні мұғалімі С.Көпбай 7 «Б» сыныбында «Қыз Жібек» жыры «Жібектің жайын сұрасаң...» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Ашық сабақ барысында тақырып бойынша оқушылар өздері білетін мағлұматтарды жаңа ақпараттармен толықтырып, топтық және жеке жұмыстар орындап, сабаққа белсене қатысты. Сабақ барысында оқу мақсатына жетуге септігін тигізетін әртүрлі әдіс-тәсілдер, интеллектуалды ойын, жасанды интеллект қолданылды

<https://www.facebook.com/share/p/12KkzvWJhRy/>

«Тіл – тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» атты апталықтың жоспарына сәйкес 10.09.2024ж. күні орыс тілі пәні мұғалімі М.Раимкулова 8-10 сыныптар арасында «Язык – духовное богатство народа» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Жиынға қатысқан оқушылар тіл- мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі екендігін айқындап, өз пікірлерін ортаға салды. Қай елде, қай ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдіретті саналатын тілдің терең иірімін бойға сіңіруге ұмтылған жастар бұл үстелде тақырыпқа қатысты ойларын ортаға салып, сайыстар мен тапсырмаларды орындады. Туған тіліміздің тұғыры қашанда биік болсын.

<https://www.facebook.com/share/p/1Xw1g5PTjt/>

Түркістан облысы білім басқармасына қарасты Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп интернатының 7А сыныбында 9.09.2024 "Отбасындағы сыйластық" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды отбасындағы сыйластық пен қарым-қатынастың маңыздылығын түсінуге баулу. Сонымен қатар Елбасының жолдауын талқылап, бөгде адамдармен сөйлесу қауіпсіздік ережесімен танысып, оқушылар өзара пікір алмасты.

<https://www.facebook.com/share/v/1DRHgM687i/>

«Мерейлі отбасы» ұлттық отбасы байқауына қатысқан Бекишевтер отбасымен кездесу өтті. Мақсаты: “Мерейлі отбасы” байқауының қатысушысы Бекишевтар әулетінің ерең еңбектері мен жұмыс жолындағы жемістерін, отбасы құндылықтарын бала тәрбиесіне дұрыс бағыт-бағдар беру және білімге баулудың жастарға үлгі ретінде көрсету.

<https://www.facebook.com/share/p/196ULof3VJ/>

«Әдебиет танытқыш» кітабы таныстырылды

«Тіл – тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» атты апталықтың жоспарына сәйкес 09.09.2024ж. күні қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері М.Мусаева, С.Көпбай

7-10 сыныптарға әдебиеттану ғылымының негізін салушы, қазақ әліппесін (төте жазу) жасаушы, оқу құралының авторы А.Байтұрсынұлының бізге қалдырған асыл мұрасы «Әдебиет танытқыш» еңбегін таныстырып өтті. Оқушылар бұл еңбектің ұлттық әдебиеттану ғылымында ойып орын алатындығын, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салуға арқау болған құнды мұра екендігін түсіне білді. Әдебиет әлемінің алып туындысы бұған дейін де, бұдан кейін де - қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған өміршең қондырғы болып қала бермек.

<https://www.facebook.com/share/p/16hUhWLUFL/>

Облыс әкімі орынбасарының 2-8 қыркүйек аралығында "Отбасы күніне" арналған жоспарына сәйкес, 05.09.24ж. күні оқушыларға отбасының адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, ата-аналарға, үлкендерге құрмет көрсету мақсатында “Отбасы- бақыт мекені” атты тәрбие сағаты өтілді. Тәрбие сағатының барысында “Отбасы -шағын мемлекет” бейнеролигі, мен “ Отбасы бақыт мекенім” презентациясын тамашалап, оқушылар өз ойларын ортаға салып, ата-анаға құрмет және отбасы белгілі дәстүрлердің жағымды өнегелердің, мұралар мен салт - дәстүрлердің сақтаушысы туралы өз ой пікірлерін білдірді. Сонымен қатар тақырып аясында ” ашық микрофон”, мақал-мәтел, сөзжұмбақ, өлең оқу кезеңдерінде белсенділік танытып, оқушылар сұрақ- жауап, ситуациялық жағдаяттарға еркін жауап беріп, ойларын білдірді.

06.09.24ж. күні “Отбасы -тәрбиенің алтын бесігі” тақырыбында жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында челлендж ұйымдастырылды. Челленджге оқушылар, ата-аналар қатысты.

6.09.2024 ж. күні “Ата-аналарды педагогикалық қолдау” жобасы аясында “Уақытты тиімді басқару және өзін -өзі басқару ” тақырыбы бойынша ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыста психологиялық тренинг “Уақытты тиімді пайдалану” (баяндама), “Баланы қолдау” (тренингі), Мектеп тынысымен таныстыру, сонымен қатар тақырыпқа сәйкес ата-аналарға жағдаяттық сұрақтар берілді, пікірлер алмасумен қызықты өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/1AcX5NHkPv/>

Эссе жазу байқауы өткізілді

Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай ұйымдастырылған «Тіл – тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» атты апталықтың жоспарына сәйкес 06.09.2024ж. күні 7-10 сынып оқушылары арасында шығармашылық эссе жазу байқауы өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты қазақтың көрнекті қоғам қайраткері, ұлт ұстазы – Ахмет Байтұрсыновтың өмірі мен шығармашылығын, қоғамға сіңірген еңбегін кеңінен дәріптеу. Оқушылардың адамгершілік, эстетикалық, сезімдерін тәрбиелеу қасиеттері, тілге деген құрметті ең бірінші орынға қоюға шақыру.

Тексеру қорытындысы бойынша жүлделі орындарға ие болған оқушылар апталықтың жабылу салтанатында арнайы мақтау қағаздарымен марапатталатын болады.

<https://www.facebook.com/share/p/16CYQFgYjS/>

Ұлт ұстазы, қазақ тіл білімінің ғылыми негізін салушы Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың туған күнімен қатар келген тілдер мерекесіне орай Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернатында «Тіл- тірегіміз, соғып тұрған

жүрегіміз» тақырыбында апталықтың ашылу салтанаты өтті. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі М.Мусаева шарада сөз сөйлеп, оқушылар мен ұстаздарға құттықтау тілегін арнады. Ұлттың басты құндылығы – ана тілінің қасиетін жеткізіп, еліміздегі ұлтаралық, халықаралық тіл- орыс және ағылшын тілдерінің қоғамдағы маңызын атап өтті. Сондай-ақ, ұлт зиялыларының ұрпақ үшін, тіл үшін еткен еңбектеріне тоқталды.

Шара барысында өлең шумақтары оқылып, күмбезді күй мен әсем әуен қарлығаш боп қалықтады, сондай-ақ, апталықтың жоспары таныстырылып өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/1HUQUxVaw6/>

Жолдау-2024: Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың маңызды шарты

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті жолдауы ауқымды болды. Президент жолдаудың бағыттарын іске асыру бойынша нақты қадамдар мен іс-қимылдарды айқындап берді.

Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция бағдарында білім беру жүйесі туралы ең маңызды мәселелерге тоқталып өтті. «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуына жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» жобасы қолға алынды», деп ел Президенті үкіметке жайлы мектептерді арнайы басқару жүйесін енгізуді ойластыру керектігін тапсырды. Сондай-ақ, 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасалатындығы, мектеп формасының барлық оқушыға барынша қолжетімді етуге күш салыныатындығы, ұстаз мамандығының абырой-беделін арттыру үшін әлі де біршама өзгерістер жасалу керектігін, ұрпақ мүддесі үшін жастардың білім алуына, сыныптан тыс оқуына мейілінше жағдай жасалу керектігін тілге тиек етті. Сонымен қатар, мемлекет басшысы мектептерде, жоғары оқу орындарында қаржылық және цифрлық сауаттылық негіздерін үйрететін білім бағдарламасын енгізу қажет екенін айтты.

Жолдаудан туындайтын міндеттер бойынша қарқынды түрде жұмыс жасай отырып, еліміздің саналы азаматтарын тәрбиелеуде Президенттің алға қойған мақсаттарына қол жеткізуге көмектесуге қашанда дайынбыз.

<https://www.facebook.com/share/p/16aMjwHwS/>

Түркістан облысының Білім басқармасының "Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп -интернатында 04.09.2024ж Ұстаздар мерекесіне орай"Шабыт жобасы аясында"Даналық ұстаздан"атты тақырыпта члендж түсірілді.

Мақсаты: Білім мен біліктілік ұстаз еңбегінен бастау алатынын оқушы санасына жеткізу. Ұстаздардың тәрбиесі мен еңбегін дәріптеуге, құрметтеу мен сыйлауға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/16Bg7F3tLg/>

Түркістан облысының Білім басқармасының "Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп -интернатында 04.09.2024ж Ұстаздар мерекесіне орай "Шабыт" жобасы аясында "Даналық ұстаздан"атты тақырыпта члендж түсірілді.

Мақсаты: Білім мен біліктілік ұстаз еңбегінен бастау алатынын оқушы санасына жеткізу. Ұстаздардың тәрбиесі мен еңбегін дәріптеуге, құрметтеу мен сыйлауға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/16FNyTEqeV/>

Түркістан облысы Білім басқармасының Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп- интернатында 2.09.24 ж Білім күніне орай «Маған мектеп формасы ұнайды» іс-шарасы өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды мектеп формасы туралы бұйрықпен таныстыру. Мектеп формасын бекітілген талапқа сай киіну, мектеп формасы туралы пікірлерін қалыптастыру.

<https://www.facebook.com/share/v/1APwyH6Lqw/>

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернат оқушыларымен бірге «Жазғы демалыста мен жасаған игі іс» тақырыбында іс-шара өтілді.

Мақсаты: Оқушылардың жазғы демалыста уақыттарын босқа өткізбеуге, еңбекке баулу, ата-анасына, қолғабыс болуға, қамқор болуға үйрету, білім алу немесе жұмыс істеу үшін басқа қалаға, облысқа немесе елге қоныс аударуға дайын болу, өмір сүрудің және еңбек етудің жаңа жағдайларына бейімделу, ой-өрісін дамыту, жаңа өзгерістерге позитивті қарау, жұмысты орындау үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын болу және қиындықтар мен кедергілерді жеңуге үйрету.

Жазғы демалыс – мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана – сезімдік, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі. Бос уақыт дене және ақыл - ой қызметін тынықтыратын, қарым - қуатты жетілдіретін іс - әрекетке жұмсалуды жөн. Әйтсе де тыныға жүріп, ойын барысында балалардың шынығу – шыңдалу мәселесімен қатар, түрлі бағыттағы іс - шараларға тарту арқылы тәрбиелеу маңызды. Оқушылар өз кезегінде жаз мезгілінде жасаған игі істерін айта отырып, уақыттарын қызықтыда мәнді өткізгендіктерін айтып өтті. Ата-әжелеріне , ата-анасына көмектесіп, еліміздің көрікті жерлеріне саяхаттап, бау-бақша жұмыстарына қолғабыс болғандарын айтып өтті

<https://www.facebook.com/share/p/1ALmkfhtbZ/>

Түркістан облысының Білім басқармасының "Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп -интернатында 01-09-2024ж " Сәлем жаңа оқу жылы" атты тақырыпта челендж түсірілді. Мақсаты: оқушыларды білімге деген құштарлығын арттыру, ішдеттілікке, сыпайылыққа, әдептілікке, достыққа тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/1JAnpX6ZgH/>

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп интернаты 30.08.2024ж. Конституция күніне мерекелеу шеңберінде жағымды эмоционалды фонын және маңыздылық атмосферасын құру мақсатында оқушылары арасында кітапханалық іс шара өтілді.

Мақсаты: Балаларға Ата Заңымыз, адам құқықтары туралы түсінік беру;

Оқушыларды өз міндеттері мен құқықтарын білуге үйрету, өзіндік шешім қабылдай алу әрекеттерін дамыту;

Отанын сүйетін ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу;

Оқушылар қызығушылықпен қатысып, викториналық сұрақтарға жауап беру арқылы өз білімдерін көрсетті.

<https://www.facebook.com/share/p/16EuFN55Uy/>

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспарлары ұсынылған, әр жылда атқарылған тәрбиелік іс шараларға

сараптама талдау жасалған. Тәрбиеленушілерге сапалы білім саналы тәрбие беру үрдісіне барлық ұжым мүшелері қатысады. Ата-аналар және әлеуметтік қызметкерлермен тығыз байланыста болып, 2022-2023 оқу жылдарында: 1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; 2. Рухани-адамгершілік тәрбие; 3. Ұлттық тәрбие; 4. Отбасылық тәрбие; 5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; 6. Зияткерлік тәрбие құндылығы; 7. Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие; 8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. тәрбие бағыттары бойынша жұмыстарды жүзеге асырды 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында кешенді біртұтас, біртұтас тәрбие тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бағытында жұмыс атақарылды Барлық бағыттар бойынша тәрбие жұмысында сынып сағаттары, дөңгелек үстел, әңгіме, кездесу, үйірме және секция жұмыстары, саяхаттар т.б. негізінде жүзеге асырылады.

Мектепте өзін-өзі басқару ұйымының «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубы қызметінің жұмыстары жолға қойылған. Сынып жетекшілердің бірлестігінде 10 сынып жетекші жұмыс істейді. Тәрбие ісіне байланысты нормативтік құжаттар, нұсқаулық хаттар, мектепшілік тәрбие жоспарларының жоспарлануы, құқық бұзушылықтың алдын алу, ата-анамен жұмыс, үйірмелердің өтуі, сынып сағаттарының жоспарлануы және журналға сынып сағаттарының толтырылуы, іс-шараларының өту формалары, оқушылардың тәрбиелік деңгейі және жалпы тәрбиеге байланысты өткізілетін іс-шаралардың өту деңгейі қанағаттанарлық.

Барлық сыныптарда волейбол, шахмат, футбол, тоғызқұмалақ, стол теннисі, сынды спорттық үйірме сағаттары жүргізіледі.

Үйірмеге: 2022-2023 оқу жылында – 80 бала, 2023-2024 оқу жылында – 100 бала 2024-2025 оқу жылында – 120 бала тартылған. Сонымен қатар 2022-2023, 2023-2024, 2023-2024 оқу жылында ИДН есебінде тұрған оқушы болмады, 2024 жылдың қыркүйек, қазан айына есепте тұрған оқушы жоқ. Білім алу кезінде өткізілген іс-шаралар фейсбук желісінде жарияланып отырды.

Психологиялық қызметтің мақсаттары мен міндеттері.

2022-2023 оқу жылы

Психологиялық қызметтің мақсаты:

- Білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік - психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету;
- Оқушылар арасында буллинг, кибербуллинг, психикалық денсаулыққа, репродуктивті денсаулыққа дер кезінде көмек көрсету;
- Оқушылардың өзін тануына, айқындауына және дамытуына мүмкіндік беру, бала дамуындағы табиғи механизмдерді сақтау;
- Педагогтардың, ата - аналардың қарым-қатынас жасау біліктілігін, психологиялық – педагогикалық жағымды дағдыларын жетілдіру.

Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:

- Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін - өзі тәрбиелеу және өзін - өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;

- Білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- Білім алушыларды психологиялық - педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- Психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- Білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;
- Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу - тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата - аналар мен педагогтерға консультациялық көмек көрсету; мәселелерді шешуде психологиялық көмек және қолдау көрсету;
- Білім беру үрдісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзіреттілігін көтеру. Ұстаздар мен ата - аналардың психологиялық құзіреттілігін арттыру;

Психодиагностика.

Оқыту мен тәрбиелеудегі себептерді, проблемаларды анықтау мақсатында тұлғаның қасиеттерін психологиялық - педагогикалық зерттеу.

Психопрофилактика.

Қоғамдық қауіпті құбылыстар мен аурулардың алдын алу шараларын жоспарлау, білім алушылардың әлеуметтік – психологиялық жат қылықтарының алдын алу.

Психологиялық кеңес беру.

Білім беру мен оқытуды дамытуға өтініш білдірген ересектер мен балаларға жағдайды шешуге көмек көрсету.

Психологиялық түзету.

Жеке тұлғаны қалыптастыру үдерісіне қиындықтар, мәселелер, белсенді әсер етушілермен жұмыс. Психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуды болдырмау.

Психологиялық ағарту.

Психологиялық мәдениетті көтеру, психологиялық қызметке сұранысты қалыптастыру және проблемалар туралы ақпарат беру.

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты кешенінде оқытуда баланың психологиялық қызметіне тұлғалық өсуін қадағалау, олардың дұрыс білім алып бейімделуін қалыптастыру іс шаралары қолға алынған. Осы мәселелердің қиындық тудырмауының алдын алу үшін оқуға жаңадан келген балаларды және мектеп оқушыларын, педагогтар мен ата - аналарды мектеп заңдылықтарымен талаптарына дұрыс бейімдеу үшін төмендегі іс – шаралар атқарылды.

1. Психологиялық қызметтің психодиагностика бағыты бойынша келесі жұмыстар атқарылды:


1. Аталған бағыт бойынша қыркүйек айында оқушылардың тізімдері алынып, отбасындағы әлеуметтік ахуалы анықталып, тізімдері түзілді.

Жалпы оқушы саны – 221

Аз қамтылған отбасы – 5

Аз қамтылған отбасылардың оқушылар саны – 5

Көп балалы отбасы – 98
Толық емес отбасы – 12
Жартылай жетім – 13
Ауыл оқушылары – 95
Қала оқушылары - 126




2. «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту» Бұйрық №377 25.08.2022ж бұйрық негізінде білім алушыны жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүргізуге ата-аналармен келісімшарт түзілді.

3. 7-11 сынып оқушыларының мінез-бітіс ерекшеліктерін анықтау мақсатында «Темперамент өрнегі» тесті жүргізіліп, оқушылардың 31% экстриверттер, 41% интроверттер, ал 28% амбиверттер, яғни аралас тип өкілдері екендігі анықталынды.

7 – 11 сынып оқушыларының темперамент ерекшеліктерінің қорытынды мониторингі

	Сыныбы Темпераменттер											Барлығы:
		7асынып	7б сынып	8а сынып	8б сынып	9а сынып	9б сынып	10а сынып	10б сынып	11а сынып	11бсынып	
1	Холерик	8		4		5	2	6	5	6	3	49
2	Сангвиник	1	1	4	1	3	1	2	2	2	3	20
3	Флегматик	4	7	-	7	3	10	4	6	7	4	52
4	Меланхолик	3	5	3	4	5	5	2	4	3	4	38
5	Санг-флегм.	2	-	4	2	-	1	2	2	-	-	13
6	Санг-меланх.	-	-	1	1	2	-	-	-	1	-	5
7	Холер-флегм.	2	-	2	1	2	-	3	-	1	-	11
8	Холер-санг.	2	-	4	1	-	2	-	2	-	3	14
9	Холер-меланх.	-	3	-	1	2	-	-	1	1	1	9
10	Флегм – меланх.	-	-	1	1	-	2	2	1	1	2	10
	Оқушы саны:	22	22	23	23	22	23	21	23	22	20	221



Қорытынды: Оқушылардың темперамент ерекшеліктерін анықтау барысында мінез-құлықтарын ескере отырып, оқу-тәрбие барысында әр оқушымен жеке дара қарым-қатынас жасауға ыңғайлы екендігі байқалады. 31% эктроверт оқушылар кез – келген кедергіден қиындықсыз өте алатын, кез келген әрекетін сыртқы ортамен бөлісетін, алға ұмтылғыш, ашық-жарқын оқушылар. 41% интроверт оқушылар шығармашылықпен айналысуға бейім, жалғыздықта еңбек ету қолайлы оқушылар.


Ал, 28% амбиверттер, яғни экстраверсия мен интроверсияның ортасы, көпшілікте өзін жақсы сезінетін, сонымен бірге жалғыздықта нәтижелі жұмыс атқаратын оқушылар.

Ұсыныс: Сыныптан тыс іс-шараларда, сабақ барысында топтық жұмыстарда холерик пен флегматик типіндегі оқушыларды, сангвиник пен меланхолик типіндегі оқушыларды топтастырып жұмыс жасату тиімдірек. Тұрақты, бір тәртіппен орындалатын қызметтерде флегматик темперамент типі тиімді нәтиже көрсете алады. Үздіксіз жаңа, қызғылықты, зейін тоқтатып, белгілі күш жұмсауды талап еткен істерді сангвиник типі тиімді атқара алады.

4. 7-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен балаларының бейімделу деңгейінің ата-ана тарапынан бағалануын, бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты анықтау мақсатында «Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие?» тақырыбында сауалнамасы жүргізілді. Мақсаты: Білім беру ұйымдарында ата – аналармен бірлесе отырып білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету. Нәтижесінде:

\


«Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие?» сауалнамасы



5. Социометрия әдісі бойынша сынып оқушыларының қарым-қатынасын зерттеу және ұйымшылдық деңгейін анықтау мақсатында 7а,б сынып оқушыларына зерттеу жұмысы жүргізілді. «Таңдау матрицасындағы» мағлұматтарды өңдеп болған соң, «Социограмма» жасалынды. Сыныптағы лидер, орташа беделділер, ортадан төмен оқушылар анықталды.

$$R = \frac{R1}{R2} \times 100\%$$

Социометрия әдісінің қорытындысы



Қорытынды: Зерттеу жұмысының қорытындысы бойынша ортадан төмен оқушыларды жеке кеңеске шақырып, әңгімелесу жұмыстары жүргізілді. Диагностика нәтижесі бойынша сынып оқушыларымен топтық түзету – дамыту жұмыстары жүргізілді. Сыныптың сенімділігін арттыру, қарым – қатынасын жақсарту мақсатында «Танысу тренингі», «Дос іздеп жүрмін» топтық түзету – дамыту жұмыстары жүргізілді.

Сынып жетекшіге ұсыныс:

1. Сараптама нәтижесі бойынша сыныпта елеусіз қалған және шеттелген оқушыларға аса назар аудару, тығыз байланыста болу, әңгімелесу жұмыстарын жүргізу;
2. Сыныптың ұйымшылдық деңгейін арттыру, сыныпта жағымды психологиялық атмосфера қалыптастыру.

6. Мектеп – интернатындағы жатақханада жататын оқушылардан **әлімжеттіктің алдын – алуға бағытталған сауалнама** алынды. Сауалнамаға 70 оқушы қатысты.

Қорытынды: Интернат оқушыларының ішінде сауалнамаға ұлдар 9-13%, қыздар 61-87% қатысты. Оқушылар арасында басқа біреуге қорлық көрсетудің 9-13%-ы куәсі болса, 61-87%-ы мұндай жағдайдың орын алмағанын көрсеткен.

Ұсыныс:

- Мектеп-интернат оқушыларының ұйымшылдық деңгейлерін арттыру бойынша іс – шаралар өткізу;
- Оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалануына көбірек көңіл бөлу;
- Спорттық жарыстар ұйымдастыру;

- Аты – жөні сауалнамада анықталған оқушыларға шара қолдану;
- Сауалнама нәтижесімен мектеп – әкімшілігін және жатақхана меңгерушісін таныстыру.

7. 7-11 сынып оқушыларынан **«Құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған»** сауалнама алынды. Сауалнамаға 203 оқушы қатысты.

Қорытынды: Мектеп оқушыларының 86,2% осы мектепте оқыған ұнайтындықтарын көрсетті. Мектепте оқушылар арасында бір – біріне әлімжеттік көрсету 1% бар деп көрсетсе, 83,3% - ы жоқ деп көрсеткен. Ұлдар арасында ақша жинау фактісі кейде кездеседі деп 4,9% - ы, кездеспейді деп 52,2% - ы көрсеткен. 84,2% оқушылар өздерін мектепте қауіпсіз сезінеді.

Ұсыныс:

- Мектеп оқушыларының ұйымшылдық деңгейлерін арттыру;
- Оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалануына көбірек көңіл бөлу, спорттық жарыстар ұйымдастыру;
- Үйірме жұмыстарына оқушыларды көбірек қатыстыру.

Түзету: Оқушымен жеке жұмыс жасалынып, сол бойынша түзету - дамыту жұмыстары: «Қақтығыстардан арылу» тақырыбында әңгімелесу, «Менің 5 жылдан кейінгі өмірім» проективті әдістемесі жүргізілді.

8. Жатақханада жататын оқушылар арасында әлімжеттіктің, **құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған** сауалнама алынды. Сауалнамаға 85 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі бойынша ұсыныс жасалды:

- Жатақханада оқушылардың құнды заттарына мектеп – интернат әкімшілігі жауапты еместігін ескерте отырып, құнды заттарын интернатқа алып келмеу;
- Интернат оқушыларының ұйымшылдық деңгейлерін арттыру бойынша іс – шаралар ұйымдастыру;
- интернат меңгерушісін сауалнама нәтижесімен таныстыру.

9. Мектеп – интернаты педагогтары мен тәрбиешілерінен **«Педагогтың агрессивтілігін анықтауға арналған А.Ассингер»** тесті алынды. Тест педагогтың әріптестерімен және оқушылармен қарым-қатынасы талапқа сай ма, оған оқушылармен қарым-қатынас жасау жеңіл ме? деген сұраққа жауап іздейді.

Қорытынды. Сауалнамаға қатысқан педагогтардың ішінде 74%-ында біршама агрессивтілік байқалды және өз-өздеріне деген сенімділігі жоғары, 26% -ында агрессивтілік мүлдем байқалмайды.

36-44 ұпай. Сізде біршама агрессивтілік байқалады, бірақ өмірде жақсы жолмен келе жатырсыз, себебі өзіңізге деген сенімділік пен даңқ жеткілікті.

35....ұпайдан аз. Сіз күшіңіз бен мүмкіндіктеріңізге сенімді емессіз. Өте бейбітшілік сүйгіш адамсыз. Кейде қызу, пікірталастарға барасыз. Адамдарға немқұрайлы қарайсыз. Сізде агрессивтілік мүлдем байқалмайды.

10. Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп – интернатының 9-10 сынып оқушыларының ата – аналарынан **"Оқушының мамандық таңдауында ата-анасының маңызы"** тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнамаға 55 ата – ана қатысты.

Қорытынды: сауалнама нәтижесі бойынша 96,4%-ы баланың мамандық таңдауына ата – ана ретінде өте көп көңіл бөлетіндігі байқалды. Баланың болашақтағы мамандығы тек қана өзі үшін пайдалы болуы керек деп 87,3%

жауап берді. Біздің жанұямызда атадан балаға мирас қалған дәстүрлі бір іс болғандықтан ешқандай мамандыққа жол берілмейді деп 12,7%-ы жауап берген. Баланың болашығы, мамандық таңдауына да ата – ананың үлкен үлесі болуы қажеттігі көрінді.

11. Дарынды оқушыларды қолдау және дамыту бойынша баланың профильдік қызығушылығын және дарындылық деңгейін анықтау мақсатында Бостондық психолог Ховард Гарднер (Gardner, 1983) көптік ақыл - ой теориясы әдісі жүргізілді. **Мақсаты:** Гарднердің көптік ақыл – ой теориясына сәйкес оқушының басымдық танытқан ақыл-ой түрін анықтау. Гарднердің көптік ақыл-ой теориясы бойынша нәтиже төмендегідей:

Әдістеме: Гарднердің көптік ақыл – ой теориясы

Мақсаты: Гарднердің көптік ақыл – ой теориясына сәйкес оқушының басымдық танытқан ақыл-ой түрін анықтау

Құрал –жабдық: жауап парағы, қалам

Зерттелінуші: 7 «А» сыныбы

Зерттеу жүргізген: педагог – психолог Э.Б.Керимкулова

Зерттеу поцедурасы: Сізді сипаттайтын нақты пікірдің жанына 1 санын қоя отырып, әр секцияны толтырыңыз.

№	Оқушылардың аты -жөні	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	Атауы
1	Алихан Аянат	50	70	30	100	90	50	100	80	100	100	80	90	30	Тұлға аралық ақыл-ой, ішкі және тұлғалық ақыл-ой, ақындық ақыл-ой, әртістік ақыл-ой
2	Арапбай Жансұлу	50	70	80	60	60	60	80	40	40	60	80	40	60	Логикалық ақыл-ой, ішкі және тұлғалық ақыл-ой, аспаздық ақыл-ой
3	Бимырза Досымжан	40	40	30	60	70	30	60	90	70	30	0	30	60	Визуалды кеңістікті ақыл-ой
4	Биялы Көркем	50	70	80	90	70	70	70	90	60	70	70	100	90	Спорттық ақыл-ой
5	Ергешбай Жаннұр	90	100	90	90	80	100	70	80	80	100	70	70	80	Музыкалық ақыл-ой, вербалды, лингвистикалық ақыл-ой, әртістік ақыл-ой
6	Исабек Муханбек	50	30	70	70	70	40	60	80	30	50	40	80	70	Визуалды кеңістікті ақыл-ой, спорттық ақыл-ой
7	Келдібай Кәусар	60	40	70	60	60	40	70	60	30	60	70	90	60	Спорттық ақыл-ой
8	Кузербай Али	80	90	90	80	70	40	90	90	90	90	50	100	80	Спорттық ақыл-ой
9	Қайратұлы Балаби	70	60	80	60	50	60	80	80	70	90	80	70	80	Әртістік ақыл - ой
10	Мәлік Назерке	70	80	100	80	80	40	90	40	60	90	80	80	50	Логикалық ақыл-ой
11	Меирбек Дулат	80	60	70	60	60	30	60	40	60	80	0	40	50	Натуралистік ақыл-ой, әртістік ақыл-ой
12	Мырзалиева Ажар	50	80	80	20	50	60	80	40	30	40	30	50	70	Музыкалық ақыл-ой, логикалық ақыл-ой, ішкі және тұлғалық ақыл-ой
13	Раимбек Дарын	50	40	80	70	70	50	70	80	80	60	80	100	80	Спорттық ақыл-ой
14	Рахматулла Айгерім	100	70	80	80	70	70	90	90	60	90	80	90	70	Натуралистік ақыл-ой
15	Серікжан Арсен	60	70	80	50	80	50	80	90	60	40	60	100	60	Спорттық ақыл-ой
16	Смадиярова Аружан	60	50	40	10	20	30	60	50	0	10	0	10	0	Натуралистік ақыл-ой, ішкі және тұлғалық ақыл-ой
17	Сматилла														

	Нұрислам														
18	Тұрдыбек Аңсар	60	70	100	70	70	50	70	100	30	70	30	70	70	Логикалық ақыл-ой, визуалды кеңістікті ақыл-ой
19	Тұрсынбай Балнұр	50	30	40	40	30	30	80	60	50	60	30	40	40	Ішкі және тұлғалық ақыл-ой
20															

Әдістеме: Гарднердің көптік ақыл – ой теориясы

Мақсаты: Гарднердің көптік ақыл – ой теориясына сәйкес оқушының басымдық танытқан ақыл-ой түрін анықтау

Құрал –жабдық: жауап парағы, қалам

Зерттелінуші: 7 «Б» сыныбы

Зерттеу жүргізген: педагог – психолог Э.Б.Керимкулова

Зерттеу поцедурасы: Сізді сипаттайтын нақты пікірдің жанына 1 санын қоя отырып, әр секцияны толтырыңыз.

№	Оқушылардың аты -жөні	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	Атауы
1	Айтбай Әсел	60	60	80	80	80	70	90	70	70	70	80	90	70	Ішкі және тұлғалық ақыл-ой, спорттық ақыл-ой
2	Амангелді Мейірхан	60	50	80	100	50	50	70	50	30	40	40	70	70	Тұлға аралық ақыл-ой
3	Байалы Гүлсезім	10	30	40	60	30	60	60	50	40	50	60	20	40	Тұлға аралық ақыл-ой, вербалды лингвистикалық ақыл-ой, ішкі және тұлғалық ақыл-ой, аспаздық ақыл-ой
4	Бекен Ерасыл	70	90	80	80	70	50	80	70	60	80	50	100	50	Спорттық ақыл-ой
5	Камитпек Ердана	80	30	70	50	70	50	70	80	10	30	40	90	40	Спорттық ақыл-ой
6	Қабыл Бейбарыс	80	60	80	90	80	80	80	80	50	50	60	90	20	Спорттық ақыл-ой ,Тұлға аралық ақыл-ой
7	Қалаубекова Каусар	70	100	90	80	10	80	80	80	70	60	90	90	100	Музыкалық ақыл-ой, математикалық және зерттеушілік ақыл-ой
8	Қалмахан Ерасыл	80	90	80	90	60	60	100	90	90	90	50	100	100	Ішкі және тұлғалық ақыл-ой, спорттық ақыл-ой, математикалық және зерттеушілік ақыл-ой
9	Қалмахамбет Жанеля	50	60	60	70	30	40	70	50	10	10	100	40	50	Аспаздық ақыл - ой
10	Мұхтар Бекарыс	70	70	80	80	90	60	90	80	90	100	80	80	60	Әртістік ақыл - ой
11	Нұрғалиұлы Нұрислам	50	70	60	80	60	50	70	50	70	70	40	80	50	Тұлға аралық ақыл-ой, спорттық ақыл-ой
12	Оразхан Айсулу	40	40	40	50	40	40	60	30	0	40	10	20	20	Ішкі және тұлғалық ақыл-ой
13	Сабит Диас	40	30	60	80	80	30	60	60	30	40	50	90	50	Спорттық ақыл-ой
14	Саян Бекайдар	30	60	60	40	40	30	70	40	50	0	30	80	60	Спорттық ақыл-ой
15	Серік Балнұр	70	90	90	100	60	80	80	90	70	60	9	50	40	Тұлға аралық ақыл-ой
16	Туребек Ақсұлу	50	70	70	50	40	60	60	60	0	30	40	10	80	Математикалық және зерттеушілік ақыл-ой
17	Сайлау Дидар	50	40	30	60	80	40	60	80	30	40	80	20	50	Моторикалық-қозғалыс ақыл-ой, визуалды кеңістікті ақыл-ой, аспаздық ақыл-ой
18	Ыдырыс Сұңқар	40	50	50	60	70	30	70	10	10	50	0	60	50	Моторикалық-қозғалыс ақыл-ой, Ішкі және тұлғалық ақыл-ой

12. «Дұрыс тамақтану - үздік білімге жол!» тақырыбында дұрыс тамақтану, уақытылы тамақтану туралы түсініктерін саралау, салауатты өмір салтын ұстануды қадағалау мақсатында мектеп оқушыларынан сауалнамасы алынды.

Қорытынды:

Мектеп – интернат оқушыларының 135-і, яғни 50-37% ұл, 85-63% қыздар жауап берді. Күнделікті асханадан 65,2% оқушы тамақтанса, күнделікті ас мәзірі 25,9% оқушының көңілінен шықпаған. Асхана қызметкерлерінің қызмет көрсетуін 17% оқушы ұнатпайтындығын айтса, оқушы денсаулық жағдайы және үлгерімі дұрыс тамақтануыңызға байланысты деп 76,6%-ы жауап берген.

Ұсыныс:

- мектеп – интернат меңгерушісін және мектеп әкімшілігін сауалнама қорытындысымен таныстыру
- Жаңа оқу жылында асхана ас мәзіріне өзгеріс енгізуді басшылыққа алу
- Оқушылардың ұсыныстарын ескеру

2. Психологиялық қызметтің түзету - дамыту бағыты бойынша келесі жұмыстар атқарылды:

1. Социометрия әдісінің қорытындысы бойынша сыныптың ұйымшылдық деңгейін арттыру мақсатында 7 - 8 сынып оқушыларымен «Нұрлы жүрек» тренинг сабағы жүргізілді. Топ бір-біріне әр оқушының бойындағы, мінезіндегі жағымды және жағымсыз тұстарын айта отырып, сол кемшіліктерді жоюға келісті. Тренинг соңында жылы тілектерін білдірді.

2. Дарынды балаларды қолдау және дамыту, мейірімділік сезіміне баулу мақсатында 7 – 10 оқушыларымен «Мен мейірімді адаммын» тақырыбында ашық алаңда тренинг–сабақ жүргізілді. Тренинг барысында «Ойланайық, пікірлесейік» айдары арқылы оқушылар өздерінің дербес пікірлері мен тұжырымдарын білдірді, қатаюдан арылу, айналадағылардан сенім мен түсінуіне негізделген жылы достық қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында көңіл-күйді көтеру жаттығуы жүргізілді.

3. 7 - 8 сынып оқушыларының танымдық процестерін, соның ішінде зейінінің шоғырлануы мен өзіндік бағалауын анықтау үшін «Күн шуақты алаңқай» топтық жұмысы жүргізілді. Оқушыларды жылдамдыққа үйрету, ойланып дұрыс жауап беруге дағдыландыру мақсатында «Зейінің шоғырлануы мықты ма?» жаттығуы және адекватты өзін-өзі бағалауды қалыптастыру мақсатында «Мен қай баспалдақтамын» жаттығуы жүргізілді. Осы жаттығулар арқылы оқушылардың деңгейлері анықталып, қорытынды жасалып, хаттамасы толтырылды.

4. ҰТБ қарсаңында күйзеліс жағдайының алдын алу бағытында 11а,б сынып оқушыларымен жағымды психоэмоционалды көңіл-күйіне жетуге тиімді жағдай тудыру, өзіне деген сенімділіктерін қалыптастыру мақсатында «**Сенімділік кілті**» тақырыбында тренинг жүргізілді. Тренинг барысында оқушылар өздерінің арман-мақсаттарын, айналысатын сүйікті істерін айта отырып сәлемдесті. Қорқыныш, қобалжу және сенімділік туралы қысқаша лекция оқылды, күйзелістен арылуға арналған жаттығулар кешені оқушылармен бірге жасалынды. «Қорқыныштың суретін сал», «Бірақ...» жаттығулары жасалынды. «Өз жұлдызыңызды табыңыз» релаксациясы жүргізілді. «Шырақ» жаттығуы арқылы бір - бірлеріне жылы лебіздерін, тілектерін білдіріп, сәттілік тіледі. Тренинг соңында «Холдинг-терапия»

әдісі арқылы әр бала ұзындыққа секіру арқылы жетістікке ұмтылу техникасы қолданылды.

5. 9 сынып оқушыларының болашақтағы мақсаты, жоспарларымен бөлісіп, пікір алмасу, мамандықтарға деген ынта-ықыласын арттыру, кәсіптік бағдар беру, өзін-өзі тану аумағын кеңейту, мамандық әлемінен ақпараттар беру мақсатында «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында жұмыс жүргізілді. Топтық жұмыс барысында оқушылар өздерінің ойларын ашық айтып, бір-бірлерімен пікір алмасты. Әңгімелесу барысында мамандық таңдауда әр бала жеке өзіндік бейімділігін, қабілетін, қызығушылықтарын ескеру керектігі жөнінде кеңестер беріліп, мамандық таңдауда нақты жоспарлы түрде ұмтылу арқылы мақсатқа жетуге болатыны айтылды.

6. Өзін-өзі бағалауын анықтау үшін «Мен қай баспалдақтамын?» тақырыбында әдістеме жүргізілді. Әдістеме 7а,б сынып оқушыларымен жүргізілді. Нәтижесінде: 18-60% оқушының өзін-өзі бағалауы адекватты, 10-33,3% оқушының өзін-өзі бағалауы жоғары, 2 – 6,7% оқушы өздерін төмен бағалағандығы байқалды. Осы мақсатта оқушыларда адекватты бағалауды қалыптастыру үшін «Өзіңді таны» тренингі өтті. Мақсаты: өмірдің адам үшін маңыздылығын жан – жақты ашу, өмірді мәнді де мазмұнды сүруіне ықпал ету. Оқушыларға өмір, өмірдің мәні, мәнді өмір сүру, өмірді бағалай білу және ол үшін адамның ең әуелі өзін – өзі тани білуі қажет екенін ұғындыру үшін «Ойланайық, пікірлесейік» айдарымен сұрақтар арқылы әңгімелесу жүргізілді.

7. Олимпиадаға қатысатын оқушыларымен «Сенімділік күш береді» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларымен тренинг өтті.

Сабақтың мақсаты:

- Оқушылардың сенімділігін, мінез – құлық, эмоциялық ерік сфера дағдысын психологиялық тұрғыда қалыптастыру, оқу – танымдық қабілеттерін арттыру.

Е р е ж е

- Белсенді қатысу
- Тыныштық сақтау
- Бірін – бірі тыңдау
- Ойын ашық айту
- Бірін – бірі сынамау
- Ынтымақтылық

Күйзеліс жағдайының алдын алу бағытында оқушылармен жағымды психоэмоционалды көңіл-күйіне жетуге тиімді жағдай тудыру, өзіне деген сенімділіктерін қалыптастыру мақсатында «**Сенімділік кілті**» тақырыбында тренинг жүргізілді. Тренинг барысында оқушылар өздерінің арман-мақсаттарын, айналысатын сүйікті істерін айта отырып сәлемдесті.

Қорқыныш, қобалжу және сенімділік туралы қысқаша лекция оқылды, күйзелістен арылуға арналған жаттығулар кешені оқушылармен бірге жасалынды. «Мен сені ... теңеймін», жаттығуы жасалынды.

Оқушыларға өзі – өзіне сенімділік орнату бойынша сенімділік формулалары берілді.

Өзін-өзі сендіру формуласы

- Мен толығымен өзімнің тәртібімді бақылаймын. Мен өз жолымдағы қиындықтарды көріп тұрмын және бұл менің жеке өсуімнің мүмкіндіктері.
- Мен өз ойым мен сезімімді бақылаймын.
- Менің өзіме деген сенімділігім күн сайын артуда.
- Менің өз мақсаттарыма қол жеткізуге жағдайым бар және мен қол жеткіземін.
- Мен өзімді бақытты, дені сау және сәтті оқушы сияқты елестетемін.
- Мен өзімді қалай елестетсем, сондай боламын.
- Мен сабырлымын және өзіме өзім сенімдімін.

«Шырақ» жаттығуы арқылы бір - бірлеріне жылы лебіздерін, тілектерін білдірді. Тренинг соңында оқушылар алған әсерлерімен бөлісіп, бір – бірлеріне сәттілік тіледі.

8. Кәсіби бағдарлау бойынша Польша елінен филология ғылымының докторы Мария Каламаж келіп мектебіміздің 9-11 сынып оқушыларына кәсіби бағдарлау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, Польша елінде оқудың тиімділігін айтып, таныстырды.

3. Психологиялық ағарту (профилактика) бағыты бойынша келесі жұмыстар атқарылды:

1. Емтихан тапсыруға психологиялық даярлық

1. Мектеп бітіруші 11 сынып оқушыларының мемлекеттік емтиханда және ҰБТ өтуде сапалық көрсеткіштеріне әсер ететін жағымсыз факторларды алдын алуға бағытталған кешенді бағдарлама бойынша жұмыс жасалды.

Бағдарламаның мақсаты: Түлектердің жағымды психоэмоционалды күйіне жетуге тиімді жағдай тудыру.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Стреске қарсы тұруын арттыру
2. Сенімді мінез – құлық дағдысын қалыптастыру
3. Эмоциялық ерік сферасын дамыту
4. Эмпатия сезімін дамыту, өзіне көңіл бөлу және айналасындағыларға сенім білдіру
5. Ішкі резервтерді тірек етіп, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту
6. Іс-әрекетін талдауда өз жауапкершілігін сезінуге көмектесу

Бағдарлама 5 кезеңнен тұрды:

1. Емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады?
2. Емтихандағы мінез – құлық
3. Жүйелік – психологиялық күштенуден, қатаюдан арылу
4. Стресстен қалай арылуға болады?
5. Эмоция және мінез – құлық
2. Жасөспірімдермен психологиялық алдын алу мен ағарту мақсатында «Менің отбасым!», «Менің ең жақын досым!», «Менің арманым!» тақырыбында эссе жазды.

4. Психологиялық қызметтің кеңес беру бағыты бойынша келесі жұмыстар атқарылды:


1. Қыркүйек - қазан айында жаңадан қабылданған 7 сынып оқушысының мектепке бейімделуінің қалай жүріп жатқандығын білуге келген ата-аналарға арнайы кеңестер берілді. 7 сынып оқушыларымен жүргізілген диагностикалық жұмыстардың нәтижесімен, мектепке деген қатынасының деңгейімен танысты.
2. Өтпелі кезеңде жүрген оқушылардың жеке кеңеске көптеп келгендігін байқауға болады. Кеңес барысында оқушылар өз ойларын ашық айта білді. Өз бойындағы мазалаған сұрақтардың жауаптарын алып, оқушыларға көптеген мысалдар келтіріліп, кеңестер берілді.
3. Мектептегі жас маманның ұжымға, оқушыларға бейімделуі үшін, дұрыс қарым – қатынас орната білу үшін қажетті «Жас маманға 10 ереже» жадынамасы таратылып, кеңес берілді.
4. Жоғарғы сынып мамандық таңдау бойынша кеңес беру жұмыстары жыл басынан бастап жүргізілді. «Емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады?», «Емтихандағы мінез-құлық», «Жүйкелік - психологиялық күштенуден, катаюдан арылу», «Стресстен қалай арылуға болады?» тақырыптар аясында жылдық жоспарға сай мини - лекциялар оқылып, кеңес берілді. Оқушылардың бойына сенімділікті арттыру үшін әрбір оқушыға жадынама таратылды.
5. 9-11 сынып оқушыларына арналған «Менің қабілеттерім» тақырыбында оқушылардың танымдық үрдістерін дамытуға арналған кеңестер берілді. Кеңес барысында мектеп оқушылары есте сақтау қабілетін жақсартуға және ойлау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар мен тәсілдер берілді. Оқушыларға дене шынықтыру, миға жүктеу, тәтті ұйқы, күйзелістің алдын алу, есте сақтаудың дұрыс жолы, қайталаңыз, өзіңізді тексеру үшін, еске түсіру, ұмыту да керек, дұрыс тамақтаныңыз сияқты жаттығулар берілді, ал оқушылар белсенділігін танытып, айтылған жаттығулар мен әдістерді қолдануға асықты.
6. Сынақ кезінде оқушылардағы стрессті алдын алу мақсатында ата-аналар бойындағы стрессті жеңуге ұсыныстар беру мақсатында 9-11 сынып оқушыларының ата-аналарына «Стресстен қалай арылуға болады?» тақырыбында кеңес берілді. Кеңес беру барысында ата-аналар балаларының сынақ тапсыру кезіндегі уайым мен қобалжу сезімдерінің жоғары деңгейде болатындығы, ата-аналар бойында стресстік қалып басымдылықта болатындығы ескертілді. Ата-ана өз эмоцияларын қолда ұстай алмаған жағдайда бұл қобалжу балаларына беріліп, сынақ нәтижесіне теріс әсер етуі мүмкін екендігі сыни уақытта балаларына сенім арту қажеттілігі туралы кеңес беріліп, жадынама таратылды.
7. 2022 - 2023 оқу жылында жыл бойы мұғалімдердің, ата-аналардың, оқушылардың жеке сұраныстары бойынша жұмыстар жүргізіліп, кеңестер берілді.
8. Жоспарға сай балаларға *есте сақтау қабілетін жақсарту үшін* мынадай тағамдармен ағзаны қоректендіру ұсынылды: - сәбіз мидың зат алмасуын жақсарту арқылы, кез-келген нәрсені жаттаған кезде жақсы көмектеседі, ананас – көлемді мәтінді есте сақтау үшін, асқабақ шемішкелерінің құрамында цинк бар, мидің жылдамдығын ұлғайтып, есте сақтауды жақсартады. Ал *зейінді*

бір жерде жинақтау үшін креветка – зейіннің әлсізденуіне жол бермейді, себебі миды маңызды май қышқылдарымен қамтамасыз етеді, пияз – мидың мөлшерден тыс шаршауда және психикалық шаршаған кезде көмектеседі. Сонымен қатар ата- аналарға да кеңестер ұсынылды.

- Балаңызға түсінушілікпен қарап, жақын болуға, сөйлесуге тырысыңыз, сынамаңыз, ұрыспаңыз.
- Балаңызды ешкімнің баласымен салыстырмай, мақтап, оның өзіне деген сенімділігін арттырыңыз.
- ҰБТ алдында балаңыз толымды демалу үшін жағымды жағдай жасаңыз, өйткені ол жақсы ұйықтап, демалуы қажет.
- ҰБТ- дан кейін балаңызды сынға алмаңыз және ашу танытпаңыз деп ата – аналарға ата- аналар жиналысында айтылып, баяндама оқылды.

5. Әлеуметтік – диспечерлік бағыттағы жұмыстар:

1. Қыркүйек айында оқушылардың тізімдері алынып, отбасындағы әлеуметтік ахуалы анықталып, тізімдері түзілді.



2. «БЕС ТЕРЕК» жоба концепциясы бойынша, жастар мен жасөспірімдер арасындағы деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу үшін білім беру ұйымдарына қарасты бес маман бірлесіп, яғни мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог, педагог-психолог және мектеп инспекторы белгілі бір алгоритммен жұмыс жасалынды.

Осы мамандардың бірлескен жұмыстары нәтижесінде кез келген оқушы өзінің қауіпсіздікте және психологиялық әлеуметтік тұрғыдан қанағаттанарлықтай сезініп деструктивті және аутодеструктивті әрекетке бару ықтималы төмендейді.

Жобаның мақсаты: жастар мен жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу.

1. Мектеп инспекторынан Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп - интернатының кәмелетке толмаған оқушылары Төлеби ауданыдық полиция бөлімінде профилактикалық есепте тіркелмегендігін растайтын жазбаша хат алынды.
2. КАБИНЕТТІК ТАЛДАУ АУТОДЕСТРУКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ БОЙЫНША ТӘУЕКЕЛ ТОБЫН АНЫҚТАУ АЛГОРИТМІ

Мектеп оқушылардың тізімдері алынып, отбасындағы әлеуметтік ахуалы анықталынды:

Жалпы оқушы саны – 221

Ұлы – 96

Қызы – 125

Оның ішінді ауылды жердің оқушылары – 95

Оның ішінде қалада тұратын оқушылар - 126

Оның ішінде интернатта тұратыны – 100

Интернаттағы ұлдар – 54

Интернаттағы қыздар - 46

Аз қамтылған отбасы (АСП) – 5(жыл басында), жыл соңында – 2(тізімнен алынған – 2, кеткен оқушы - 1)

Аз қамтылған отбасылардың оқушылар саны – 5

Көп балалы отбасы – 98

Толық емес отбасы – 12

Жартылай жетім – 13

Мүгедек оқушы – 1

Ата – анасы мүгедек отбасы - 2

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕСІ түзілді:

Қорытынды кесте бойынша:

Жасыл деңгейі: бір оқушы 1 маманда тіркеуде

Сары деңгейі: бір оқушы 2-3 маманда тіркеуде

Қызыл деңгейі: бір оқушы 4 маманда тіркеуде

(**Сары** деңгейлі: бір оқушы 2-3 маманда тіркеуде – 19 оқушы
(көпбалалы және Д есеп бойынша)

3. Сынып жетекшілерінен өз сыныптары бойынша оқушының үлгерімі, тәртібі, әлеуметтік желілердегі парақшаларының атаулары бойынша толық мәліметтер алынды, кестесі түзілді.

4. Мектеп мейірбикесінен «Д» есепте тұратын оқушылар тізімі алынды.

3. Қазан айының 21 жұлдызында педагог – психолог Э.Керимкулова және тәрбиеші Қ.Үсіпбекова түнгі рейдтік тексерісті 21³⁰ – 22³⁰ уақыт аралығында жүргізді. Тексеріс уақытында түнгі күтушілер Э.Тилесова және С.Сопбековалар өз қызметтерін дұрыс атқарды. Оқушылардың жағдайлары жақсы, үй тапсырмаларын орындап, топтасын сабақ оқып, домбыра тартып, тоғыз құмалақ ойнап, өз уақыттарын тиімді пайдалануда. 11 сынып қыздары өз бөлмелерінде ҰБТ – ға жүйелі, онлайн курстарға қатысып, дайындалу үстінде.

10б сыныптан Сабыр Гүлім, 11а сыныптан Тұрысбек Хангелді мен Манас Жайна отбасылық жағдайларына байланысты сұранып кеткен.

4. Ата-аналармен байланысты арттыру мақсатында мектеп-интернат ұжымы 2022 жылы 26 қазан 7-8-9 сыныптармен, 27 қазан күні 10-11 сыныптарға «Отбасы-тәрбие басы, мектеп тәрбие жаршысы» атты кездесу сағатын өткізді. Екі күнге созылған іс-шарада ата-аналар балаларының оқу және тәрбие жағдайларымен танысу мақсатында әрбір пән мұғалімдерімен жеке-жеке кездесуге мүмкүндік алды. Әр ата – анаға өз баласының педагогикалық – психологиялық жағдайы таныстырылды, өз сұрақтарына жауап алды.

5. Қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасының алшақтығын жою, алшақтықты қысқарту мақсатындағы Төлеби ауданының

мамандандырылған мектеп – интернатында Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты шағын жинақты мектептердің мұғалімдеріне арналған түрлі тақырыптарда семинарлар өтті. Жоспарға сай психологиялық жағымды ахуал орнату мақсатында мектебіміздің педагог-психологы Керимкулова Эльмира психологиялық тренинг өткізді.

Қорытынды. Оқу жылы барысында сұраныс бойынша оқушылармен, ата-аналармен, педагогтармен психологиялық кеңес беру, жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстары белсенді түрде жүргізілді.

Психологиялық қызметтің негізгі бағыттары бойынша 2022 - 2023 оқу жылында жоспарланған психологиялық жұмыстар легі толығымен атқарылды.

2023-2024 оқу жылы

Психологиялық қызметтің мақсаты:

- Білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік - психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету;
- Оқушылар арасында буллинг, кибербуллинг, психикалық денсаулыққа, репродуктивті денсаулыққа дер кезінде көмек көрсету;
- Оқушылардың өзін тануына, айқындауына және дамытуына мүмкіндік беру, бала дамуындағы табиғи механизмдерді сақтау;
- Педагогтардың, ата - аналардың қарым-қатынас жасау біліктілігін, психологиялық – педагогикалық жағымды дағдыларын жетілдіру.

Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:

- Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін - өзі тәрбиелеу және өзін - өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- Білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- Білім алушыларды психологиялық - педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- Психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- Білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;
- Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу - тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата - аналар мен педагогтерға консультациялық көмек көрсету; мәселелерді шешуде психологиялық көмек және қолдау көрсету;
- Білім беру үрдісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзіреттілігін көтеру. Ұстаздар мен ата - аналардың психологиялық құзіреттілігін арттыру;

Психодиагностика.

Оқыту мен тәрбиелеудегі себептерді, проблемаларды анықтау мақсатында тұлғаның қасиеттерін психологиялық - педагогикалық зерттеу.

Психопрофилактика.

Қоғамдық қауіпті құбылыстар мен аурулардың алдын алу шараларын жоспарлау, білім алушылардың әлеуметтік – психологиялық жат қылықтарының алдын алу.

Психологиялық кеңес беру.

Білім беру мен оқытуды дамытуға өтініш білдірген ересектер мен балаларға жағдайды шешуге көмек көрсету.

Психологиялық түзету.

Жеке тұлғаны қалыптастыру үдерісіне қиындықтар, мәселелер, белсенді әсер етушілермен жұмыс. Психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуды болдырмау.

Психологиялық ағарту.

Психологиялық мәдениетті көтеру, психологиялық қызметке сұранысты қалыптастыру және проблемалар туралы ақпарат беру.

Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп-интернаты кешенінде оқытуда баланың психологиялық қызметіне тұлғалық өсуін қадағалау, олардың дұрыс білім алып бейімделуін қалыптастыру іс шаралары қолға алынған. Осы мәселелердің қиындық тудырмауының алдын алу үшін оқуға жаңадан келген балаларды және мектеп оқушыларын, педагогтар мен ата - аналарды мектеп заңдылықтарымен талаптарына дұрыс бейімдеу үшін төмендегі іс – шаралар атқарылды.

2. Психологиялық қызметтің психодиагностика бағыты бойынша келесі жұмыстар атқарылды:

1. Аталған бағыт бойынша қыркүйек айында оқушылардың тізімдері алынып, отбасындағы әлеуметтік ахуалы анықталып, тізімдері түзілді.

Барлық оқушылар саны: 220

Ұл – 94

Қыз - 126

Ауылдан келгендер – 101

Ұл – 50 , қызы - 51

Қаладан келгендер – 119

Ұл – 41 , қызы - 78


Көпбалалы отбасы – 105 - 47,7%

Жартылай жетімдер – 11 - 5%

Толық емес отбасы – 12 – 5,45%

М.б.о – 7 (1еуі оқушының өзі 8б Қалаубекова К.)


АСП - 1



2. «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту» Бұйрық №377 25.08.2022ж бұйрық негізінде білім алушыны жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүргізуге ата-аналармен келісімшарт түзілді.

3. 7 – 11 сынып оқушыларының темперамент ерекшеліктерінің қорытынды мониторингі

	Сыныбы Темпераменттер											Барлығы :
		7асынып	7б сынып	8а сынып	8б сынып	9а сынып	9б сынып	10а сынып	10б сынып	11а сынып	11бсынып	
1	Холерик	8	6	4	4	5	2	6	5	6	3	49
2	Сангвиник	1	1	4	1	3	1	2	2	2	3	20
3	Флегматик	4	7	-	7	3	10	4	6	7	4	52
4	Меланхолик	3	5	3	4	5	5	2	4	3	4	38
5	Санг-флегм.	2	-	4	2	-	1	2	2	-	-	13
6	Санг-меланх.	-	-	1	1	2	-	-	-	1	-	5
7	Холер-флегм.	2	-	2	1	2	-	3	-	1	-	11
8	Холер-санг.	2	-	4	1	-	1	-	2	-	3	13
9	Холер-меланх.	-	3	-	1	1	-	-	1	1	1	8
10	Флегм – меланх.	-	-	1	1	-	2	2	1	1	2	10
	Оқушы саны:	22	22	23	23	22	21	22	22	22	20	219




Қорытынды: Оқушылардың темперамент ерекшеліктерін анықтау барысында мінез-құлықтарын ескере отырып, оқу-тәрбие барысында әр оқушымен жеке дара қарым-қатынас жасауға ыңғайлы екендігі байқалады. 31% экстрроверт оқушылар кез – келген кедергіден қиындықсыз өте алатын, кез келген әрекетін сыртқы ортамен бөлісетін, алға ұмтылғыш, ашық-жарқын оқушылар. 41% интроверт оқушылар шығармашылықпен айналысуға бейім, жалғыздықта еңбек ету қолайлы оқушылар.


Ал, 28% амбиверттер, яғни экстраверсия мен интроверсияның ортасы, көпшілікте өзін жақсы сезінетін, сонымен бірге жалғыздықта нәтижелі жұмыс атқаратын оқушылар.

Ұсыныс: Сыныптан тыс іс-шараларда, сабақ барысында топтық жұмыстарда холерик пен флегматик типіндегі оқушыларды, сангвиник пен меланхолик типіндегі оқушыларды топтастырып жұмыс жасату тиімдірек. Тұрақты, бір тәртіппен орындалатын қызметтерде флегматик темперамент типі тиімді нәтиже көрсете алады. Үздіксіз жаңа, қызғылықты, зейін тоқтатып, белгілі күш жұмсауды талап еткен істерді сангвиник типі тиімді атқара алады.


4. Жыл басында қабылданған 7-сынып оқушыларының және 8-сынып оқушыларының мектептегі адаптациясын анықтау мақсатында бірнеше түсіндірме жұмыстары мен бақылау жүргізілді. 7 - 8 сынып орта буын оқушыларының мектепке қызығушылығын, қатынасын, психологиялық дайындығын анықтау мақсатында Н.Лускалованың сауалнамасы жүргізілді. Нәтижесінде:



8а сынып қорытындысы



8б сынып қорытындысы



Қорытынды: 7-8 сынып оқушыларының мектепке қатынасын, бейімділігі жылдан – жылға өзгертіндігі байқалады. 7 сыныпта бейімделу оқу жағдайындағы жүктеменің артуымен байланысты қиындық тудырған.

Ұсыныс:

- сынып ұжымын біріктіруге, сыныптастар арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған сынып сағаттарын өту;
- денсаулықты сақтау және нығайту үшін спорттық сайыстар ұйымдастыру;
- әр сабақта әр оқушының шығармашылық, зияткерлік және физикалық мүмкіндіктері мен қабілеттерін үнемі дамытып отыру.



5. 7а,б сынып оқушыларының ата-аналарымен балаларының бейімделу деңгейінің ата-ана тарапынан бағалануын, бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты анықтау мақсатында «Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие?» тақырыбында сауалнама жүргізілді. Мақсаты: Білім беру ұйымдарында ата – аналармен бірлесе отырып білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Нәтижесінде:

«Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие?» сауалнамасы

7а сынып ата-аналары

7б сынып ата-аналары




Мектеп – интернатта психологиялық зерттеулер нәтижесіне бойынша ата – аналар тарапынан баланы қолдау шаралары

1. Баланың күшті жағына арқа сүйеңіз.
2. Баланың жеңіл – желпі ағаттықтарына ерекше көңіл аударудың керегі жоқ.
3. Балаңызға қанағаттанғандығыңызды көрсетіңіз.
4. Балаға деген махаббатыңызды көрсете біліңіз.
5. Баламен уақытты көбірек өткізіңіз.
6. Баламен бірлесе қимылдау (әртүрлі жұмыстарда)
7. Қолынан келетін проблемаларды өзіне шешкізу.
8. Тәртіпке байланысты мадақтау мен жазалаудан бойды аулақ ұстау.
9. Баланың өзіне тән ерекшеліктерін қабылдау.
10. Балаға сеніммен эмпатия көрсете білу.

Баламен қарым – қатынаста керек кезде аздаған әзіл – қалжыңдар кіргізу.

6. Социометрия әдісі бойынша сынып оқушыларының қарым-қатынасын зерттеу және ұйымшылдық деңгейін анықтау мақсатында 7а,б сынып оқушыларына зерттеу жұмысы жүргізілді. «Таңдау матрицасындағы» мағлұматтарды өңдеп болған соң, «Социограмма» жасалынды.Сыныптағы лидер, орташа беделділер, ортадан төмен оқушылар анықталды.

$$R = \frac{R1}{R2} \times 100\%$$



7. 7-11 сынып оқушыларынан «Құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған» сауалнама алынды.

Қорытынды: Мектеп оқушыларының 79,5% осы мектепте оқыған ұнайтындықтарын көрсетті. Мектептегі психологиялық ахуал 47,8% жағымды деп көрсеткен. Мектепте оқушылар арасында бір – біріне әлімжеттік көрсету 2% бар деп көрсетсе, 84,9% - ы жоқ деп көрсеткен. Ұлдар арасында ақша жинау фактісі кездеспейді деп 54,1% - ы көрсеткен. 80% оқушылар өздерін мектепте қауіпсіз сезінеді. Өз пікірлерін 96,6%-ы ашық көрсеткен.

Ұсыныс:

- Мектеп оқушыларының ұйымшылдық деңгейлерін арттыру бойынша сынып жетекшілер іс-шара ұйымдастыру;
- Оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалануына көбірек көңіл бөлу, спорттық жарыстар ұйымдастыру;
- Үйірме жұмыстарына оқушыларды көбірек қатыстыру.

8. Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп – интернатындағы жатақханада жататын оқушылардан алынған құқық бұзушылықтың алдын – алуға бағытталған сауалнама қорытындысы

Қорытынды: Интернат оқушыларының ішінде 87 оқушы қатысты. 65-74,7% оқушы жатақханада өзін қауіпсіз сезінеді. Жатақханада оқушылар арасында бір – біріне әлімжеттік көрсету бар деп 4-4,6% оқушы, жоқ деп 68-78,2% оқушы жауап берген. Білім беру ұйымындағы қорлауды 30-34,5%-ы оқушылардың өздері тоқтата алады деп көрсеткен.

Ұсыныс:


- Мектеп-интернат оқушыларының ұйымшылдық деңгейлерін арттыру бойынша іс – шаралар өткізу;
- Оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалануына көбірек көңіл бөлу;
- Спорттық жарыстар ұйымдастыру;
- Сауалнама нәтижесімен мектеп – әкімшілігін және жатақхана меңгерушісін таныстыру.

9. Мектеп – интернаты оқушыларының ата – аналарынан «Ата-ананың бала тәрбиесімен білім беру процесіне қатысу деңгейін өлшеуге» арналған сауалнама алынды. *Сауалнама мақсаты - ата-ананың бала тәрбиесімен білім беру процесіне қатысу дәрежесін анықтау.*

Сауалнамаға қатысқаны: 98 ата-ана


2. Балаңыз/қызыңыз оқитын сынып

98 ответов




3. Сіз балаңызбен оның мектептегі үлгерімін қаншалықты жиі талқылайсыз?

98 ответов



4. Мен балама жаңа тақырыптар бойынша үй тапсырмасын орындауға көмектесемін

98 ответов




5. Сіз балаңыздың мектебіне қаншалықты жиі барасыз?

98 ответов




6. Сіз балаңызбен әртүрлі тақырыптарда қаншалықты жиі сөйлесесіз (әлемдегі оқиғалар, сіздің қалаңыздағы оқиғалар, үй жұмыстары, қаралған кинофильмдер және т. б.)

98 ответов




7. Сіздің отбасыңызда балалармен бірге театрларға, мұражайларға, көрмелерге бару, қызықты жерлерге саяхаттау, кітаптарды бірге оқу қаншалықты жиі қолданылады?

98 ответов




8. Устаздарыңыз сабақ беруіне көңіліңіз толады ма?

98 ответов



12. Сіз балаңыздың достар шеңбері туралы қаншалықты білесіз?

98 ответов




13. Менің ойымша, баланы келесі тәсілдермен тәрбиелеу қажет

98 ответов



14. Мектеп маған баланың үлгерімі туралы ақпаратты ыңғайлы түрде үнемі ұсынады

98 ответов



15. Сіздің мектеп өміріне қатысуыңыз қандай?

Сауалнамаларға, сауалдауларға қызығушылықпен қатысамын – 64 (65,3%)

Ата-аналар мен мұғалімдердің бейресми кездесулеріне қатысамын – 27 (27,6%)

Мен ата-аналар комитетінің мүшесімін – 11 (11,2%)

Мектепте мұғалімге сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыруға көмектестім - 11 (11,2%)

16. Аталған себептердің қайсысы мектеп өміріне қатысуға кедергі келтіреді?


Менің уақытым болмайды – 59 (60,2%)

Мен мектеп үшін қалай пайдалы болатынымды білмеймін – 21 (21,4%)

Аталған сауалнамаға мектеп – интернат оқушыларының ата – аналары 44,5% -ы қатысқан. Баламен оның мектептегі үлгерімін 59,2% күнделікті талқылайтындығы байқалады. Достар шеңбері туралы 62,2% ата-ана достары кімдер екенін біліп, сұрап отырады. Мектеп өміріне ата – аналардың 64 (65,3%) сауалнамаларға, сауалдауларға қызығушылықпен қатысса, 27 (27,6%) ата-аналар мен мұғалімдердің бейресми кездесулеріне қатысатындығын көрсеткен.


10. «Дұрыс тамақтану - үздік білімге жол!» тақырыбында дұрыс тамақтану, уақытылы тамақтану туралы түсініктерін саралау, салауатты өмір салтын ұстануды қадағалау мақсатында мектеп оқушыларынан сауалнамасы алынды. Қорытынды: қатысқаны – 87 оқушы

Мектеп асханасына барасыз ба?



Күнделікті ас мәзірі Сіздің көңіліңізден шығады ма?

ответ



Мектеп асханасында тамақтану ұнайды ма?


Бірінші тағамдар – 16,2%

Екінші тағамдар - 27%

Салаттар – 8,1%


Жоғарыдағының барлығы – 64,9%

Үзілісте тамақтанып үлгересіз бе?




Асхана қызметкерлерінің қызмет көрсетуі сізге ұнайма?

ответов



7. Сіздің денсаулығыңыз және үлгеріміңіз дұрыс тамақтануыңызға байланысты деп ойлайсыз ба?

37 ответов



Мектеп асханасында тамақтану бойынша сіздің ұсынысыңыз (оқушының ұсынысы)

Гречка тамағын қосу .Себебі бұл тағамда темір көп
 Барлығы күшті, тек балықты қуырып берсеніздер ғана болды
 Алма шырыны көп болса екен
 Тағы да ас мәзірлерін қосса
 Кешкі тамаққа басқада тағам түрлерін қосыңыздаршы.(картоптан басқа)

Қорытынды:

Мектеп – интернат оқушыларының 97,3 % оқушы күнделікті асханадан тамақтанса, күнделікті ас мәзірі 16,2% оқушының көңілінен шықпаған. Асхана қызметкерлерінің қызмет көрсетуін 2,7% оқушы ұнатпайтындығын айтса, оқушы денсаулық жағдайы және үлгерімі дұрыс тамақтануыңызға байланысты деп 91,9%-ы жауап берген.


Ұсыныс:

- мектеп – интернат меңгерушісін және мектеп әкімшілігін сауалнама қорытындысымен таныстыру
- Оқу жылында асхана ас мәзіріне өзгеріс енгізуді басшылыққа алу
- Оқушылардың ұсыныстарын ескеру

11. 9 сынып оқушылары арасында еңбек нарығының жай – күйі, оқушылардың жеке тілегі, психологиялық ерекшеліктері мен өңірдегі еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер туралы ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Психодиагностикалық және түзету – дамыту материалдары дайындалып, сол бойынша жұмыс жасалды. Мектеп оқушыларымен кәсіптік бағдарлау бойынша Дж.Голландтың әдісі арқылы жеке адам типологиясын анықтау сауалнамасы жүргізілді. Нәтижесі төмендегідей:


9а сынып оқушыларынан алынған Дж.Голланд әдісінің қорытындысы

№	Оқушының аты - жөні	Типі	Таңдау бағыты
1	Ақылжанұлы Ырысмед	Интеллектуалдық тип	Жаратылыстану бағыты
2	Алимулов Ахмед	Тапқыр тип	Жаратылыстану бағыты
3	Алихан Әлібек	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
4	Ахметали Гүлбану	Артистік тип	Гуманитарлық бағыт
5	Гаппар Көркем	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
6	Дәуренқызы Дария	Тапқыр тип	Жаратылыстану бағыты
7	Едегенов Ермұхан	Конвенциялық тип	Жаратылыстану бағыты
8	Есмахан Жайна	Конвенциялық тип	Жаратылыстану бағыты
9	Жанатбек Нұрхан	Интеллектуалдық тип	Жаратылыстану бағыты
10	Жомарталы Нұркелді	Реалистік тип	Жаратылыстану бағыты
11	Лес Нұрлыбек	Реалистік тип	Жаратылыстану бағыты
12	Лесбай Жанерке	Конвенциялық тип	Жаратылыстану бағыты
13	Меирбек Шұғыла	Конвенциялық тип	Жаратылыстану бағыты
14	Мусахан Құрбан	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
15	Нурбосын Асылзат	Конвенциялық тип	Жаратылыстану бағыты
16	Нұрымбет Диас	Интеллектуалдық тип	Жаратылыстану бағыты
17	Омарұлы Рахат	Интеллектуалдық тип	Жаратылыстану бағыты
18	Полатбек Кәмшат	Конвенциялық тип	Жаратылыстану бағыты
19	Рахматулла Гүлдария	Реалистік тип	Жаратылыстану бағыты
20	Талгатбекова Диана	Артистік тип	Гуманитарлық бағыт
21	Темірхан Бексұлтан	Тапқыр тип	Жаратылыстану бағыты
22	Тойшыбек Еркеназ	Тапқыр тип	Жаратылыстану бағыты
23	Тұраш Еңлік	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт



9б сынып оқушыларынан алынған Дж.Голланд әдісінің қорытындысы


№	Оқушының аты - жөні	Типі	Таңдау бағыты
1	Абдығалиева Каусар		Гуманитарлық бағыт
2	Аселхан Қасиет	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
3	Ауелбек Болат	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
4	Бейсекұл Бекасыл	Тапқыр тип	Жаратылыстану бағыты
5	Ермек Ернұр	Интеллектуалдық тип	Жаратылыстану бағыты
6	Жандарбек Алдияр	Тапқыр тип	Жаратылыстану бағыты
7	Жарлықап Балауса	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
8	Кадыр Балжан	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
9	Керимжан Диас	Интеллектуалдық тип	Жаратылыстану бағыты
10	Құрасбек Бекарысәлі	Тапқыр тип	Жаратылыстану бағыты
11	Курбанова Аружан	Тапқыр тип	Жаратылыстану бағыты
12	Құттымбек Балым	Артистік тип	Гуманитарлық бағыт
13	Лесбеков Нұрасыл	Тапқыр тип	Жаратылыстану бағыты
14	Мелсбек Нұртілек	Тапқыр тип	Жаратылыстану бағыты
15	Мустафа Еркеназ	Реалистік тип	Жаратылыстану бағыты
16	Мырзалиева Айсұлу	Тапқыр тип	Жаратылыстану бағыты
17	Ниязбек Жанеля	Интеллектуалдық тип	Жаратылыстану бағыты
18	Октябрь Нұрзила	Конвенциялық тип	Жаратылыстану бағыты
19	Омаров Маді	Тапқыр тип	Жаратылыстану бағыты
20	Тағабек Нұрасыл	Тапқыр тип	Жаратылыстану бағыты
21	Шалқарбай Гүлнұр	Интеллектуалдық тип	Жаратылыстану бағыты
22	Шатырхан Оразәлі	Интеллектуалдық тип	Жаратылыстану бағыты
23	Турлыбек Нұртас	Конвенциялық тип	Жаратылыстану бағыты



10а сынып оқушыларынан алынған Дж.Голланд әдісінің қорытындысы

№	Оқушының аты - жөні	Типі	Таңдау бағыты
1	Алиева Алтынай	Артистік тип	Гуманитарлық бағыт
2	Анартай Аяжан	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт


3	Ашетова Айжан	Интеллектуалдық тип	Жаратылыстану бағыты
4	Бақытбай Айжан	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
5	Батиханұлы Тәңірберген	Конвенциялық тип	Жаратылыстану бағыты
6	Бауржанұлы Қасымжомарт	Интеллектуалдық тип	Жаратылыстану бағыты
7	Ғалымжан Арнабибі	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
8	Есенбек Рамазан	Реалистік тип	Жаратылыстану бағыты
9	Илхамов Рауан	Реалистік тип	Жаратылыстану бағыты
10	Қайым Жәнібек	Реалистік тип	Жаратылыстану бағыты
11	Қамытбек Нұрдаулет	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
12	Қуан Нұрымбет	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
13	Маккамбай Рахманберді	Конвенциялық тип	Жаратылыстану бағыты
14	Маханбетәлі Ақниет	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
15	Муратбек Ұлсая	Артистік тип	Гуманитарлық бағыт
16	Назарбекова Диана	Артистік тип	Гуманитарлық бағыт
17	Нарымбек Нұрай	Интеллектуалдық тип	Жаратылыстану бағыты
18	Темир Бибіназ	Интеллектуалдық тип	Жаратылыстану бағыты
19	Түлегенов Ернар	Интеллектуалдық тип	Жаратылыстану бағыты
20	Үсен Нұрай	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
21	Хасанова Айдын	Интеллектуалдық тип	Жаратылыстану бағыты
22	Шалбай Нұржайна	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт



106 сынып оқушыларынан алынған Дж.Голланд әдісінің қорытындысы

№	Оқушының аты - жөні	Типі	Таңдау бағыты
1	Ақылбек Еркебұлан	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
2	Айтбай Бәйкен	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
3	Айтуғанова Алтынай	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
4	Алсейіт Жанэля	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
5	Асқар Рамазан	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
6	Бауржан Фариза	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
7	Досмұрат Тоғжан	Тапқыр тип	Жаратылыстану бағыты
8	Еркінбек Сайран	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
9	Әбдрәсіл Айдархан	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
10	Жолдыбай Нұрай	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
11	Жұмақазы Алуа	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
12	Карибай Ақжан	Тапқыр тип	Жаратылыстану бағыты
13	Кенжеғалиқызы Назерке	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
14	Қалибаева Гүлсая	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
15	Қонысбек Қуаныш	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
16	Қошқарбай Гүлім	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
17	Махат Аяулым	Артистік тип	Гуманитарлық бағыт
18	Нұрланқызы Динара	Конвенциялық тип	Жаратылыстану бағыты

19	Сапарқұл Еркежан	Артистік тип	Гуманитарлық бағыт
20	Талас Балжан	Конвенциялық тип	Жаратылыстану бағыты
21	Ұзақбай Дәулет	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт
22	Жұмағазы Ұлбосын	Әлеуметтік тип	Гуманитарлық бағыт



1. Реалистік тип – «Ер-азамат» типі». Нақтылыққа бағытталған, жоғарғы эмоционалдық тұрақтылыққа ие. Нақты нысандармен және оны қолданумен айналысқанды жөн көреді. Буындық дағдыларды, ептілікті талап ететін (үнемі қозғалыста болатын) тапсырмаларды таңдайды. Көбінесе, механик, жүргізуші, инженер, агроном т.б. нақты тапсырмаларға бағытталған мамандықтарды қалайды. Вербальді емес қабілеттер, буындық дағдылардың дамуы, кеңістікті ойға берілу (сызбалы оқу) сынды сипаттар тән.

Физика, экономика, кибернетика, химия, медицина (хирург), спорт сияқты салаларда жетістікке жету мүмкіндігі бар.

Таңдау пәндері: физика, математика, химия, география

2. Интеллектуалдық тип (зияткерлік) – сараптамалық ақыл – ой, ерекшелік пен тәуелсіз ой – тұжырым жасау тән. Теориялық және эстетикалық құндылықтары басымдыққа ие. Зияткерлік, шығармашылық мәселелерді шешуге икемді. Әдетте, ғылыми мамандықтарды таңдайды. Ой-өрі қабілеті үйлесімді; вербальді және вербальді емес қабілеттері дамыған. Жоғарғы белсенділігіме ерекшеленгенімен, қызметте қарым – қатынас жасауға бейім емес. Әңгімелесу кезінде көбінесе тұйық. Негізінен **математика, география, геология, теориялық мамандықтар, физика** сияқты қызмет саласын таңдайды.

Таңдау пәндері: математика, физика, география

3. Әлеуметтік тип – әлеуметтік біліктілігінің айқындылығымен ерекшеленеді (қарым-қатынас жасай білу, топ басшысы болуға ұмтылу). Айналасындағылардан тәуелсіз, орын алған жағдайларға тез иекмделеді. Күйзеліске берілгіш, сезімтал. Ой-өріс құрылымында вербальді қабілеттері айқын, ауызша сөз, тілге бай. Әлеуметтік біліктілікті меңгерген. Мінезіндегі сипаттар: оқытуға, тәрбиелеуге деген ұмтылыс, адамға психологиялық жағынан қолдау көрсету, адамгершілік, нәзіктік тән.

Ұсынылатын қызмет түрлері: **оқыту мен емдеу (мұғалім, дәрігер, психолог)**

Таңдау пәндері: биология, химия, география

4. Конвенциялық тип – құрылымы айқын қызмет түрлерін қалайды. Мінезі стереотипті, нақты әрі іскер. Нақты санды өңдеп, ұқсатуға әуес. Ауызша сөзге жоқ, есеп – қисапқа жақын. Шығармашылыққа икемі жоқ, қызмет түрін ауыстырғанды

ұнатпайды. Ұйымдастырушылық қабілеттері әлсіз дамыған, математикалық қабілеттері басым.

Кеңсе, есеп айырысуға байланысты мамандықтар – бухгалтер, финансист, тауартанушы, экономист, іс жүргізуші мамандықтарын қалайды.

Таңдау пәндері: география, математика.

5. Тапқыр (іскер) тип – күш-жігерді, ұшқыр ойлылықты, импульсті көрсетуге мүмкіндік беретін мақсаттарды таңдап, шытырман оқиғаларды ұнатады. Осы типтің өкілдері басымдылықты, өзін айналасының мойындағанын, жетекшілік жасағанды жақсы көреді. Оған тәжірибелік жұмыстар ұнамайды, сондай – ақ интеллектуалдық күш-қуатты, шыдамдылықты қажет ететін жұмыстарды да жаны қаламайды. Басшылық, билік, мәртебемен байланысты мәселелерді жақсы шешеді, қатал әрі іскер, жақсы вербальды қабілеттерді меңгерген.

Мұндай мінез ерекшеліктері: **дипломат, журналист, заң, телеоператор, меңгеруші, менеджер** сияқты мамандыққа лайықты.

Таңдау пәндері: дүниежүзі тарих, құқық, ағылшын тілі, қазақ тілі.

6. Әртістік тип – эмоцияға, қиялға, ішкі сезімге арқа сүйейді. Адаммен қарым – қатынаста өз қиял-сезіміне сенеді. Өмірге сезімталдықпен қарайды. Шешім қабылдауда тәуелсіз, ерекше. Моторлық, вербальды қабілеттері жоғары дамыған. Осы типтің өкілдеріне өзіндік «менін» дәлелдеуге деген өмірлік ой-ниет тән. Қалыпты ереже, дәстүрмен жүрмейді. Қабылдау, түсіну, ұғыну қабілеті мол. Шығармашылық кәсіпті ұнатады: музыка, би, сурет салу, гуманитарлық саладағы қызметке бейім.

Бұл типтегілер: **архитектура, тарих, филология, әдеби шығармашылық, өнер** жағын ұнатады.

Таңдау пәндері: қазақ тілі, ағылшын тілі, орыс тілі, дүниежүзі тарих, география.

12. Мектеп – интернатының 9 - 10 сынып оқушыларының ата – аналарынан **"Оқушының мамандық таңдауында ата-анасының маңызы"** тақырыбында сауалнама алынды.

Қорытынды: сауалнама нәтижесі бойынша 96,4%-ы баланың мамандық таңдауына ата – ана ретінде өте көп көңіл бөлетіндігі байқалды. Баланың болашақтағы мамандығы тек қана өзі үшін пайдалы болуы керек деп 87,3% жауап берді. Біздің жанұямызда атадан балаға мирас қалған дәстүрлі бір іс болғандықтан ешқандай мамандыққа жол берілмейді деп 12,7%-ы жауап берген. Баланың болашағы, мамандық таңдауына да ата – ананың үлкен үлесі болуы қажеттігі көрінді.

13. Мектеп – интернатының 7-11 сынып оқушыларынан «Тұлғалық психологиялық күйін анықтау» Г.Айзенк сұрақнама қорытындысы

I. Мазасыздану: 0-7 ұпай – сізде мазасыздану сезілмейді; 8-14 ұпай – қалыпты орташа мазасыздану; 15-20 ұпай – жоғары мазасыздану.

II. Фрустрация: 0-7 ұпай - өзіңізді бағалау деңгейіңіз жоғары емес, сәтсіздіктерге төтеп бере аласыз, қиындықтардан қорықпайсыз; 8-14 ұпай – орташа деңгей, фрустарция бар; 15-20 ұпай – сіздің өзіңізді бағалауыңыз төмен, қиындықтардан қашасыз, сәтсіздіктерден қорқасыз, фрустарцияға бейімсіз.

III. Агрессивтілік: 0-7 ұпай – сіз салмақтысыз, ұстамдысыз; 8-14 ұпай – агрессивтіліктің орташа деңгейі; 15-20 ұпай – сіз агрессивтісіз, қарым-қатынас пен адамдармен қызмет барысында қиындықтарға кездесесіз.

IV. Ебедейсіздік: 0-7 ұпай – ебедейсіздік байқалмайды, назарыңызды басқаға аударуыңыз жеңіл; 8-14 ұпай – орташа деңгей; 15-20 ұпай – ебедейсіздік анық байқалады, мінез-құлқыңыз, өмірге көзқарасыңыз, сеніміңіз нақты жағдайға, өмірге сәйкес келмесе де тұрақты қалпынан өзгермейді. Сізге жұмыс ауыстыруға, отбасында өзгерістер жасауға болмайды.

7а сынып

Деңгей/шкаласы	Мазасыздану	Фрустрация	Агрессивтілік	Ебедейсіздік
Қалыпты 0-7	9	17	11	7
Орта 8-14	13	5	11	15
Жоғары 15-20	-	-	-	-

7б сынып

Деңгей/шкаласы	Мазасыздану	Фрустрация	Агрессивтілік	Ебедейсіздік
Қалыпты 0-7	8	11	3	3
Орта 8-14	10	7	15	11
Жоғары 15-20	-	-	-	4

8а сынып

Деңгей/шкаласы	Мазасыздану	Фрустрация	Агрессивтілік	Ебедейсіздік
Қалыпты 0-7	8	11	8	10
Орта 8-14	9	7	12	10
Жоғары 15-20	3	2	-	-

8б сынып

Деңгей/шкаласы	Мазасыздану	Фрустрация	Агрессивтілік	Ебедейсіздік
Қалыпты 0-7	13	21	10	8
Орта 8-14	9	1	12	13
Жоғары 15-20	-	-	-	1

9а сынып

Деңгей/шкаласы	Мазасыздану	Фрустрация	Агрессивтілік	Ебедейсіздік
Қалыпты 0-7	14	16	14	11
Орта 8-14	6	4	6	9
Жоғары 15-20	-	-	-	-

9б сынып

Деңгей/шкаласы	Мазасыздану	Фрустрация	Агрессивтілік	Ебедейсіздік
Қалыпты 0-7	15	8	7	8
Орта 8-14	2	9	10	9
Жоғары 15-20	-	-	-	-

10а сынып

Деңгей/шкаласы	Мазасыздану	Фрустрация	Агрессивтілік	Ебедейсіздік
Қалыпты 0-7	12	10	14	11
Орта 8-14	8	10	6	9
Жоғары 15-20	-	-	-	-

10б сынып

Деңгей/шкаласы	Мазасыздану	Фрустрация	Агрессивтілік	Ебедейсіздік
Қалыпты 0-7	14	22	17	14
Орта 8-14	9	1	5	8
Жоғары 15-20	-	-	-	1

11а сынып

Деңгей/шкаласы	Мазасыздану	Фрустрация	Агрессивтілік	Ебедейсіздік
Қалыпты 0-7	8	7	8	9
Орта 8-14	9	11	12	11


Жоғары 15-20	3	2	-	-
--------------	---	---	---	---

11б сынып


Деңгей/шкаласы	Мазасыздану	Фрустрация	Агрессивтілік	Ебедейсіздік
Қалыпты 0-7	10	5	8	9
Орта 8-14	4	9	6	5
Жоғары 15-20	-	-	-	-

14. Мектеп – интернаты педагогтарымен психологиялық қызмет бойынша жүргізілген жұмыс анықтамасы

Педагогикалық қарым-қатынас стилі - педагогтың өз шәкірттерімен әрекеттесуінің дербес психологиялық ерекшеліктерін, оқушының жеке басын, оның даму мүмкіндіктерін анықтау мақсатында мектеп – интернат педагогтарынан сауалнама алынды. Нәтижесінде:



Педагогтың өз шәкірттерімен әрекеттесуінің дербес психологиялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында мектеп – интернат тәрбиешілерінен сауалнама алынды. Сауалнамаға бес тәрбиеші қатысты. Нәтижесінде:



Демократиялық білім беру стилі

Мұндай қарым-қатынас түрін жариялайтын ересектер балаларға құрметпен қарап, эмоционалды байланыс орнатуға тырысады, жеке ерекшеліктерін ескереді. Қателікті және жазаны жоққа шығармай, нақты жағдайды түсіндіріп, неліктен белгілі бір талапты орындау үшін қандай себептерге байланысты екеніне көз жеткізеді. Осындай ересектерде балалармен қарым-қатынаста оң баға, өмірлік растайтын, оптимистік стилі басым. Олар балалардың белсенділігін жоққа шығармастан тәуелсіздікті шектеместен, ұйымды, тәртіпті тәрбиелейді. Баланың

тұлғасын тәрбиелеуде білім берудің демократиялық стилі ең жемісті. Баланың өзін-өзі бағалауы дамиды. Баланың құқықтары бұзылмайды.

Авторитарлық білім беру стилі

Авторитарлық ересектер балаларға соқыр және сабырсыз мойынсұнуға тырысады, кез келген түсініктеме, дәлел, бағалауды теріс пайдаланады. Балалардың мінез-құлқының деңгейі мен мониторингінің деңгейі өте жоғары. Мұндай білім беру түрі, қатандық пен жаза негізгі педагогикалық құралдары болып табылады. Нәтижесінде кемшілігі көп бала болып қалыптасады. Бұл сипаттамада балалардың жалпы мінез-құлқы - өзін-өзі төмен бағалау, өзіндік күмән.

Ұсыныс:

- Оқушылардың қызығушылықтарын ескере отырып, бірлесе шешім қабылдау;
- Оқушының жеке пікірін тыңдау;
- Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету

15. Психологиялық зерттеу қорытындысы.

Әдістеме: Гарднердің көптік ақыл – ой теориясы

Мақсаты: Гарднердің көптік ақыл – ой теориясына сәйкес оқушының басымдық танытқан ақыл-ой түрін анықтау

Құрал –жабдық: жауап парағы, қалам **Зерттелінуші:** 9 «Б» сыныбы

Зерттеу поцедурасы: Сізді сипаттайтын нақты пікірдің жанына 1 санын қоя отырып, әр секцияны толтырыңыз

№	Оқушылардың аты -жөні	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	Атауы
1	Абдығалиева Каусар	50	70	30	100	90	50	100	80	100	100	80	90	30	Тұлға аралық ақыл-ой, ішкі және тұлғалық ақыл-ой, ақындық ақыл-ой, әртістік ақыл-ой
2	Ауелбек Болат	50	70	80	60	60	60	80	40	40	60	80	40	60	Логикалық ақыл-ой, ішкі және тұлғалық ақыл-ой, аспаздық ақыл-ой
3	Бейсекұл Бекасыл	40	40	30	60	70	30	60	90	70	30	0	30	60	Визуалды кеңістікті ақыл-ой
4	Ермек Ернұр	50	70	80	90	70	70	70	90	60	70	70	100	90	Спорттық ақыл-ой
5	Жандарбек Алдияр	90	100	90	90	80	100	70	80	80	100	70	70	80	Музыкалық ақыл-ой, вербалды, лингвистикалық ақыл-ой, әртістік ақыл-ой
6	Жарлықап Балауса	50	30	70	70	70	40	60	80	30	50	40	80	70	Визуалды кеңістікті ақыл-ой, спорттық ақыл-ой
7	Кадыр Балжан	60	40	70	60	60	40	70	60	30	60	70	90	60	Спорттық ақыл-ой
8	Келдібек Аянат	80	90	90	80	70	40	90	90	90	90	50	100	80	Спорттық ақыл-ой
9	Керимжан Диас	70	60	80	60	50	60	80	80	70	90	80	70	80	Әртістік ақыл - ой
10	Курбанова Аружан	70	80	100	80	80	40	90	40	60	90	80	80	50	Логикалық ақыл-ой
11	Құттымбек Балым	80	60	70	60	60	30	60	40	60	80	0	40	50	Натуралистік ақыл-ой, әртістік ақыл-ой
12	Лесбеков Нұрасыл	50	80	80	20	50	60	80	40	30	40	30	50	70	Музыкалық ақыл-ой, логикалық ақыл-ой, ішкі және тұлғалық ақыл-ой
13	Мустафа Еркеназ	50	40	80	70	70	50	70	80	80	60	80	100	80	Спорттық ақыл-ой
14	Мырзалиева Айсұлу	100	70	80	80	70	70	90	90	60	90	80	90	70	Натуралистік ақыл-ой
15	Ниязбек Жанеля	60	70	80	50	80	50	80	90	60	40	60	100	60	Спорттық ақыл-ой

16	Октябрь Нұрзила	60	50	40	10	20	30	60	50	0	10	0	10	0	Натуралистiк ақыл-ой, iшкi және тұлғалық ақыл-ой
17	Тағабек Нұрасыл	60	70	10 0	70	70	50	70	10 0	30	70	30	70	70	Логикалық ақыл-ой, визуалды кеңiстiктi ақыл-ой
18	Шалқарбай Гүлнұр	50	30	40	40	30	30	80	60	50	60	30	40	40	Iшкi және тұлғалық ақыл-ой

Психологиялық зерттеу қорытындысы.

Әдістеме: Гарднердің көптік ақыл – ой теориясы

Мақсаты: Гарднердің көптік ақыл – ой теориясына сәйкес оқушының басымдық танытқан ақыл-ой түрін анықтау

Құрал –жабдық: жауап парағы, қалам


Зерттелінуші: 9 «А» сыныбы

Зерттеу поцедурасы: Сізді сипаттайтын нақты пікірдің жанына 1 санын қоя отырып, әр секцияны толтырыңыз

№	Оқушылардың аты -жөні	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	Атауы
1	Ақылжанұлы Ырысмед	60	60	80	80	80	70	90	70	70	70	80	90	70	Iшкi және тұлғалық ақыл-ой, спорттық ақыл-ой
2	Алимкулов Ахмед	60	50	80	100	50	50	70	50	30	40	40	70	70	Тұлға аралық ақыл-ой
3	Алихан Әлібек	10	30	40	60	30	60	60	50	40	50	60	20	40	Тұлға аралық ақыл-ой, вербалды лингвистикалық ақыл-ой, iшкi және тұлғалық ақыл-ой, аспаздық ақыл-ой
4	Дәуренқызы Дария	70	90	80	80	70	50	80	70	60	80	50	10 0	50	Спорттық ақыл-ой
5	Есмахан Жайна	80	30	70	50	70	50	70	80	10	30	40	90	40	Спорттық ақыл-ой
6	Жанатбек Нұрхан	80	60	80	90	80	80	80	80	50	50	60	90	20	Спорттық ақыл-ой ,Тұлға аралық ақыл-ой
7	Жомарталы Нұркелді	50	70	60	80	60	50	70	50	70	70	40	80	50	Тұлға аралық ақыл-ой, спорттық ақыл-ой
8	Лес Нұрлыбек	80	90	80	90	60	60	100	90	90	90	50	10 0	10 0	Iшкi және тұлғалық ақыл-ой, спорттық ақыл-ой, математикалық және зерттеушілік ақыл-ой
9	Лесбай Жанерке	50	60	60	70	30	40	70	50	10	10	10 0	40	50	Аспаздық ақыл - ой
10	Меирбек Шұғыла	70	70	80	80	90	60	90	80	90	10 0	80	80	60	Өртістік ақыл - ой
11	Мусахан Құрбан	50	70	60	80	60	50	70	50	70	70	40	80	50	Тұлға аралық ақыл-ой, спорттық ақыл-ой
12	Нурбосын Асылзат	40	40	40	50	40	40	60	30	0	40	10	20	20	Iшкi және тұлғалық ақыл-ой
13	Нұрымбет Диас	50	70	70	50	40	60	60	60	0	30	40	10	80	Математикалық және зерттеушілік ақыл-ой
14	Омарұлы Рахат	40	30	60	80	80	30	60	60	30	40	50	90	50	Спорттық ақыл-ой
15	Полатбек Кәмшат	30	60	60	40	40	30	70	40	50	0	30	80	60	Спорттық ақыл-ой
16	Рахматулла Гүлдария	70	90	90	100	60	80	80	90	70	60	9	50	40	Тұлға аралық ақыл-ой
17	Темірхан Бексұлтан	50	70	70	50	40	60	60	60	0	30	40	10	80	Математикалық және зерттеушілік ақыл-ой
18	Тойшыбек Еркеназ	50	40	30	60	80	40	60	80	30	40	80	20	50	Моторикалық-


															қозғалыс ақыл-ой, визуалды кеңістікті ақыл-ой, аспаздық ақыл-ой
19	Тұраш Еңлік	40	50	50	60	70	30	70	10	10	50	0	60	50	Моторикалық- қозғалыс ақыл-ой, Ішкі және тұлғалық ақыл-ой

16. Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп – интернатының 9а,б сынып оқушыларының өзіндік бағалауларын анықтау, адекватты бағалауды қалыптастыру мақсатында «Мен қай баспалдақтамын?» әдістемесі жүргізілді. Нәтижесі:



Кеңес беру: Оқушыларға адекватты бағалауды қалыптастыру үшін өзіне деген сенімділікті арттыру кеңестері берілді.

17. 9-сынып оқушыларының ББЖМ психологиялық дайындығын анықтау мақсатында «Стресс» тесті жүргізілді. Әдістеме 44 оқушымен жүргізілді. Нәтижесінде: 62,5% оқушы туындаған мәселелерді шешіп, тыныш әрі ақылмен өмір сүре біледі, бәріне жақсы жағынан қарайды, стресс жағдайы байқалмайды. 37,5% оқушының өмірі қарбалас, басқаның пікірі маңыздырақ болғандықтан өзін стресс күйінде ұстайтындығы көрініс тапты.



Қорытынды:. Әдістеме нәтижесі бойынша оқушылармен жеке кеңес беру жұмыстары жүргізіліп, өзін-өзі бағалауын адекватты қалыптастыруға, жоғарылатуға ықпал ету,өзіне деген сенімділікті арттыру мақсатында «Логотерапия» әдісі жасалынды.Өз денсаулықтарына көңіл бөліп, күн режимін дұрыстауға, дұрыс тамақтану мен ұйқыны реттеу бойынша жадынама таратылды.

Сынып жетекшіге ұсыныс:

- Оқушының күн режимін реттеуін қадағалау;
- Физикалық дене жаттығуларын жасату;
- Дұрыс тамақтану бойынша ата-анамен байланысу.

2.Психологиялық қызметтің түзету - дамыту бағыты бойынша келесі жұмыстар атқарылды:

1. Социометрия әдісінің қорытындысы бойынша сыныптың ұйымшылдық деңгейін арттыру мақсатында 7 - 8 сынып оқушыларымен «Нұрлы жүрек» тренинг сабағы жүргізілді. Топ бір-біріне әр оқушының бойындағы, мінезіндегі жағымды және жағымсыз тұстарын айта отырып, сол кемшіліктерді жоюға келісті. Тренинг соңында жылы тілектерін білдірді.

2. Дарынды балаларды қолдау және дамыту, мейірімділік сезіміне баулу мақсатында 7 – 10 оқушыларымен «Мен мейірімді адаммын» тақырыбында ашық алаңда тренинг–сабақ жүргізілді. Тренинг барысында «Ойланайық, пікірлесейік» айдары арқылы оқушылар өздерінің дербес пікірлері мен тұжырымдарын білдірді, қатаюдан арылу, айналадағылардан сенім мен түсінуіне негізделген жылы достық қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында көңіл-күйді көтеру жаттығуы жүргізілді.

3. 7 - 8 сынып оқушыларының танымдық процестерін, соның ішінде зейінінің шоғырлануы мен өзіндік бағалауын анықтау үшін «Күн шуақты алаңқай» топтық жұмысы жүргізілді. Оқушыларды жылдамдыққа үйрету, ойланып дұрыс жауап беруге дағдыландыру мақсатында «Зейінің шоғырлануы мықты ма?» жаттығуы және адекватты өзін-өзі бағалауды қалыптастыру мақсатында «Мен қай баспалдақтамын» жаттығуы жүргізілді.Осы жаттығулар арқылы оқушылардың деңгейлері анықталып, қорытынды жасалып, хаттамасы толтырылды.

4. ҰТБ қарсаңында күйзеліс жағдайының алдын алу бағытында 11а,б сынып оқушыларымен жағымды психоэмоционалды көңіл-күйіне жетуге тиімді жағдай тудыру, өзіне деген сенімділіктерін қалыптастыру мақсатында «**Сенімділік кілті**» тақырыбында тренинг жүргізілді. Тренинг барысында оқушылар өздерінің арман-мақсаттарын, айналысатын сүйікті істерін айта отырып сәлемдесті. Қорқыныш,

қобалжу және сенімділік туралы қысқаша лекция оқылды, күйзелістен арылуға арналған жаттығулар кешені оқушылармен бірге жасалынды. «Қорқыныштың суретін сал», «Бірақ...» жаттығулары жасалынды. «Өз жұлдызыңызды табыңыз» релаксациясы жүргізілді. «Шырақ» жаттығуы арқылы бір - бірлеріне жылы лебіздерін, тілектерін білдіріп, сәттілік тіледі. Тренинг соңында «Холдингтерапия» әдісі арқылы әр бала ұзындыққа секіру арқылы жетістікке ұмтылу техникасы қолданылды.

5. 9-сыныптар арасында кәсіптік бағдар беру бағытында «Профи TIME мамандықтар әлемінде» («Жеткіншектің жеті жарғысы») жобасы аясында іс-шара өтті. **Мақсаты:** оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту; оқушылардың өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу, таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау, мамандық әлемі туралы ақпарат алу арқылы және өзін тану шекарасын кеңейту арқылы мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру.

Мамандықтар калейдоскопы интерактивті ойыны екі сынып арасында ойнатылды. Ойын барысында:

1. Мамандық сөздіктер
2. Деректер
3. Мақал – мәтелдер
4. Сипаттау
5. Мамандықтар ребусы

Аталған бөлімдер арқылы оқушылардың креативті ойлай білетіндіктері, жылдамдықтары мен тез шешім қабылдай алу қасиеттері өте жоғарғы деңгейде екендіктері анық байқалды.

Бекіту сұрақтары:

- Осы күннен не алдыңыз?
- Өзіңіз үшін қандай қорытынды жасадыңыз?

Қорытынды: «Адам өз өмірінде екі нәрсені таңдауда қателеспейуі керек: біреуі – жар таңдау, екіншісі – мамандық таңдау» деп М. Мақатаев атамыз айтқандай, мамандық таңдау – жасөспірім кездегі адам өміріндегі ең маңызды шешімдердің бірі. Бүгін біздер өз қабілеттерімізге қарай мамандық пен бағдар таңдауда алғы шарт жасадық. Бүгінгі сынып сағатымыз сіздердің болашақта қай бағдарда оқитындарыңызды, өз қызығушылықтарың мен қабілеттеріңе сәйкес келетін мамандықты анықтауға, кейбіреулеріңізге өз таңдауларыңызды жасауға үлкен септігі тиді деп ойлаймын.

6. «ДосболLike» акциясы шеңберінде 7-8 сынып оқушыларымен өткен тренинг-сабақ өтті.

Мақсаты: «ДосболLike» акциясы шеңберінде оқушылардың жағымды қарым – қатынастары мен әл-ауқатын дамыту, айналадағылардан сенім мен түсінуіне негізделген жылы достық қарым – қатынасты қалыптастырып, өз – өздерін бағалауды адекватты қалыптастыруға көмектесу, сенімділікті, ұйымшылдықты дамыту. Сынып оқушылары шеңгерге тұрып «Дос достыққа» сергіту ойынын ойнады. Оң қол оң қолмен! Мұрын мұрынмен! «Дос достыққа» деген бұйрықты

естігенде жұптарын айырбастады. Ойын арқылы ой, сезім және мінез - құлық бір - бірімен қалай байланысты екендігін білді. Содан кейін «Мен досымды теңеймін...» жаттығуы жасалды. Осы арқылы бір – бірлеріне жылы лебіздерін білдіріп, бір – біріне үлкен қуаныш сыйлады. «Көңілді жасырын сурет» арттерапия өз жалғсын тапты. Бұл терапия оқушыларға үлкен қуаныш сыйлады. Шеңбер бойлай бастапқы оқушы А4 парағына салған суретті келесі оқушы сезе отырып аяқтады.

Сабақтың соңын «Рахмет» жаттығуы арқылы аяқтады. Қатысушылар ортада шеңбер құрып бойымен тұрып, Жүргізуші (психолог) ойша осы сабаққа келгенге дейінгі көңіл - күйлерін, ойларын, жағдайларын, себептерін сол алақанға, ал бүгінгі сабақтан алған әсерлерін оң алақанға салуын сұрады. Мұнан кейін барлығы бір уақытта алақандарын қатты соғып «Рахмет» деп айтып, сабақты аяқтады.

Сабақтың рефлексиясы:

Мен бұл сабақтан алған тәлімім...

Маған ұнағаны...

Маған ұнамағаны...

Менің естігім, білгім, жасағым келгені...

7. 10 сынып оқушыларының болашақтағы мақсаты, жоспарларымен бөлісіп, пікір алмасу, мамандықтарға деген ынта-ықыласын арттыру, кәсіптік бағдар беру, өзін-өзі тану аумағын кеңейту, мамандық әлемінен ақпараттар беру мақсатында «Мамандығым - болашағым» тақырыбында жұмыс жүргізілді.Топтық жұмыс барысында оқушылар өздерінің ойларын ашық айтып, бір-бірлерімен пікір алмасты. Әңгімелесу барысында мамандық таңдауда әр бала жеке өзіндік бейімділігін, қабілетін, қызығушылықтарын ескеру керектігі жөнінде кеңестер беріліп, мамандық таңдауда нақты жоспарлы түрде ұмтылу арқылы мақсатқа жетуге болатыны айтылды.

Мамандықтар калейдоскопы интерактивті ойыны екі сынып арасында ойнатылды. Ойын барысында:

1. Мамандық сөздіктер
2. Деректер
3. Мақал – мәтелдер
4. Сипаттау
5. Мамандықтар ребусы

Аталған бөлімдер арқылы оқушылардың креативті ойлай білетіндіктері, жылдамдықтары мен тез шешім қабылдай алу қасиеттері өте жоғарғы деңгейде екендіктері анық байқалды.

8. 7 сынып оқушыларының отбасында қалыптасқан қарым-қатынас ерекшеліктерін, отбасылық жылуды, қарым-қатынасты, бір-біріне жақындықтарын анықтау мақсатында Л.Лебедеваның «Гүл бейнесіндегі отбасы суреті» арттерапия әдістемесі жүргізілді. Отбасындағы әрбір жанды өзінің қалаған гүл бейнесімен бейнелеу ұсынылды.Отбасы мүшелерін суретке түсіру ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан қарым-қатынасты баланың бағалауы және одан әсерленуі, мазасыздануын анықтау міндетін қоя отырып, суреттер бойынша интерпретация жасалды, біраз бөлігі әкелерінің мінезінің қатандығын кактус гүлі арқылы бейнелеген және бірінші етіп салған. Яғни әкелерінің беделі отбасында

жоғары екендігін көрсеткен. Нәтижесінде қатысқан оқушылардың басым бөлігінде отбасындағы психологиялық ахуалдың жақсы қалыптасқандығын байқауға болады. Салынған гүлдерге қарағанда бір-біріне жақын орналасқан, ашық түстер пайдаланылған, басым бөлігі ыдысқа салған, ендігі біреулері жерге нықтап орнатқан. Бұдан шығатын нәтиже отбасының берік, ынтымақты, жанұяда жылулық, татулық бар екенін байқатты.

9. 7-8 сынып оқушылармен «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында тәрбие сағатын өтті. Мақсаты: «Сыбайлас-жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптастыру.

Мектебімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды насихаттайтын «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылған. Клуб сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізу бағытында жұмыстарды атқаратындығы оқушыларға таныстырылды.

«Жемқорлық – ғасыр дерті» атты сурет иллюстрациясы ұйымдастырылып, оқушылар сурет арқылы өз ойларын жеткізді.

10. Өзін-өзі бағалауын анықтау үшін «Мен қай баспалдақтамын?» тақырыбында әдістеме жүргізілді. Әдістеме 7а,б сынып оқушыларымен жүргізілді. Нәтижесінде: 18-60% оқушының өзін-өзі бағалауы адекватты, 10-33,3% оқушының өзін-өзі бағалауы жоғары, 2 – 6,7% оқушы өздерін төмен бағалағандығы байқалды. Осы мақсатта оқушыларда адекватты бағалауды қалыптастыру үшін «Өзіңді таны» тренингі өтті. Мақсаты: өмірдің адам үшін маңыздылығын жан – жақты ашу, өмірді мәнді де мазмұнды сүруіне ықпал ету. Оқушыларға өмір, өмірдің мәні, мәнді өмір сүру, өмірді бағалай білу және ол үшін адамның ең әуелі өзін – өзі тани білуі қажет екенін ұғындыру үшін «Ойланайық, пікірлесейік» айдарымен сұрақтар арқылы әңгімелесу жүргізілді.

11. Олимпиадаға қатысатын оқушыларымен «Сенімділік күш береді» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларымен тренинг өтті.

Сабақтың мақсаты:

- Оқушылардың сенімділігін, мінез – құлық, эмоциялық ерік сфера дағдысын психологиялық тұрғыда қалыптастыру, оқу – танымдық қабілеттерін арттыру.

Е р е ж е

- Белсенді қатысу
- Тыныштық сақтау
- Бірін – бірі тыңдау
- Ойын ашық айту
- Бірін – бірі сынамау
- Ынтымақтылық

Күйзеліс жағдайының алдын алу бағытында оқушылармен жағымды психоэмоционалды көңіл-күйіне жетуге тиімді жағдай тудыру, өзіне деген сенімділіктерін қалыптастыру мақсатында «Сенімділік кілті» тақырыбында

тренинг жүргізілді. Тренинг барысында оқушылар өздерінің арман-мақсаттарын, айналысатын сүйікті істерін айта отырып сәлемдесті.

Қорқыныш, қобалжу және сенімділік туралы қысқаша лекция оқылды, күйзелістен арылуға арналған жаттығулар кешені оқушылармен бірге жасалынды. «Мен сені ... теңеймін», жаттығуы жасалынды.

12. 21.05.2024ж «Қыз еркем - қылығымен көркем» тақырыбында мектеп психологі Э.Керимкулова, сынып жетекшілер Р.Қарымсақова, Г.Зайтова, Г.Шинтаеваның ұйымдастыруымен 9,10-сынып қыздарымен сырласу кеші болып өтті.

Мақсаты:

- Қыздарды халқымыздың ізгі қасиеттері: имандылық, инабаттылық, ізеттілік, іс - қимыл, жүріс - тұрыс, т.б. негізінде тәрбиелеу;
- олардың бойында қарапайымдылық, әсемділік, өнерге қызығушылық, шығармашылық қабілеттерін арттыру;
- салт-дәстүрімізді ары қарай жалғастыруға себепші болуға баулу.

Кеш барысында қыздармен түрлі тақырыптарда пікір алмасып, ой бөлісті. «Арайлым» қыздар клубының жылдық есебі таныстырылды. Кеш соңында мектеп-интернат директоры Лязат Нурымбетова сөз алып, қыздарымызға ақыл-кеңес айтып, жылы лебізін білдірді.

3. Психологиялық ағарту (профилактика) бағыты бойынша келесі жұмыстар атқарылды:

2. Емтихан тапсыруға психологиялық даярлық

1. Мектеп бітіруші 11 сынып оқушыларының мемлекеттік емтиханда және ҰБТ өтуде сапалық көрсеткіштеріне әсер ететін жағымсыз факторларды алдын алуға бағытталған кешенді бағдарлама бойынша жұмыс жасалды.

Бағдарламаның мақсаты: Түлектердің жағымды психоэмоционалды күйіне жетуге тиімді жағдай тудыру.

Бағдарламаның міндеттері:

7. Стреске қарсы тұруын арттыру
8. Сенімді мінез – құлық дағдысын қалыптастыру
9. Эмоциялық ерік сферасын дамыту
10. Эмпатия сезімін дамыту, өзіне көңіл бөлу және айналасындағыларға сенім білдіру
11. Ішкі резервтерді тірек етіп, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту
12. Іс-әрекетін талдауда өз жауапкершілігін сезінуге көмектесу

Бағдарлама 5 кезеңнен тұрды:

6. Емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады?
7. Емтихандағы мінез – құлық
8. Жүйелік – психологиялық күштенуден, катаюдан арылу
9. Стресстен қалай арылуға болады?
10. Эмоция және мінез – құлық
2. Жасөспірімдермен психологиялық алдын алу мен ағарту мақсатында «Менің отбасым!», «Менің ең жақын досым!», «Менің арманым!» тақырыбында эссе жазды.

4. Психологиялық қызметтің кеңес беру бағыты бойынша келесі жұмыстар атқарылды:

9. Қыркүйек - қазан айында жаңадан қабылданған 7 сынып оқушысының мектепке бейімделуінің қалай жүріп жатқандығын білуге келген ата-аналарға арнайы кеңестер берілді. 7 сынып оқушыларымен жүргізілген диагностикалық жұмыстардың нәтижесімен, мектепке деген қатынасының деңгейімен танысты.
10. Өтпелі кезеңде жүрген оқушылардың жеке кеңеске көптеп келгендігін байқауға болады. Кеңес барысында оқушылар өз ойларын ашық айта білді. Өз бойындағы мазалаған сұрақтардың жауаптарын алып, оқушыларға көптеген мысалдар келтіріліп, кеңестер берілді.
11. Мектептегі жас маманның ұжымға, оқушыларға бейімделуі үшін, дұрыс қарым – қатынас орната білу үшін қажетті «Жас маманға 10 ереже» жадынамасы таратылып, кеңес берілді.
12. Жоғарғы сынып мамандық таңдау бойынша кеңес беру жұмыстары жыл басынан бастап жүргізілді. «Емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады?», «Емтихандағы мінез-құлық», «Жүйкелік - психологиялық күштенуден, қатаюдан арылу», «Стресстен қалай арылуға болады?» тақырыптар аясында жылдық жоспарға сай мини - лекциялар оқылып, кеңес берілді. Оқушылардың бойына сенімділікті арттыру үшін әрбір оқушыға жадынама таратылды.
13. 9-11 сынып оқушыларына арналған «Менің қабілеттерім» тақырыбында оқушылардың танымдық үрдістерін дамытуға арналған кеңестер берілді. Кеңес барысында мектеп оқушылары есте сақтау қабілетін жақсартуға және ойлау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар мен тәсілдер берілді. Оқушыларға дене шынықтыру, миға жүктеу, тәтті ұйқы, күйзелістің алдын алу, есте сақтаудың дұрыс жолы, қайталаңыз, өзіңізді тексеру үшін, еске түсіру, ұмыту да керек, дұрыс тамақтаныңыз сияқты жаттығулар берілді, ал оқушылар белсенділігін танытып, айтылған жаттығулар мен әдістерді қолдануға асықты.
14. Сынақ кезінде оқушылардағы стрессті алдын алу мақсатында ата-аналар бойындағы стрессті жеңуге ұсыныстар беру мақсатында 9-11 сынып оқушыларының ата-аналарына «Стресстен қалай арылуға болады?» тақырыбында кеңес берілді. Кеңес беру барысында ата-аналар балаларының сынақ тапсыру кезіндегі уайым мен қобалжу сезімдерінің жоғары деңгейде болатындығы, ата-аналар бойында стресстік қалып басымдылықта болатындығы ескертілді. Ата-ана өз эмоцияларын қолда ұстай алмаған жағдайда бұл қобалжу балаларына беріліп, сынақ нәтижесіне теріс әсер етуі мүмкін екендігі сыни уақытта балаларына сенім арту қажеттілігі туралы кеңес беріліп, жадынама таратылды.
15. 2022 - 2023 оқу жылында жыл бойы мұғалімдердің, ата-аналардың, оқушылардың жеке сұраныстары бойынша жұмыстар жүргізіліп, кеңестер берілді.
16. Жоспарға сай балаларға **есте сақтау қабілетін жақсарту үшін** мынадай тағамдармен ағзаны қоректендіру ұсынылды: - сәбіз мидың зат алмасуын жақсарту арқылы, кез-келген нәрсені жаттаған кезде жақсы көмектеседі, ананас – көлемді мәтінді есте сақтау үшін, асқабақ шемішкелерінің құрамында

цинк бар, мидің жылдамдығын ұлғайтып, есте сақтауды жақсартады. Ал **зейінді бір жерде жинақтау үшін** креветка – зейіннің әлсізденуіне жол бермейді, себебі миды маңызды май қышқылдарымен қамтамасыз етеді, пияз – мидың мөлшерден тыс шаршауда және психикалық шаршаған кезде көмектеседі.

Сонымен қатар ата- аналарға да кеңестер ұсынылды.

- Балаңызға түсінушілікпен қарап, жақын болуға, сөйлесуге тырысыңыз, сынамаңыз, ұрыспаңыз.
- Балаңызды ешкімнің баласымен салыстырмай, мақтап, оның өзіне деген сенімділігін арттырыңыз.
- ҰБТ алдында балаңыз толымды демалу үшін жағымды жағдай жасаңыз, өйткені ол жақсы ұйықтап, демалуы қажет.
- ҰБТ- дан кейін балаңызды сынға алмаңыз және ашу танытпаңыз деп ата – аналарға ата- аналар жиналысында айтылып, баяндама оқылды.

5. Әлеуметтік – диспечерлік бағыттағы жұмыстар:

1. Қыркүйек айында оқушылардың тізімдері алынып, отбасындағы әлеуметтік ахуалы анықталып, тізімдері түзілді.

Барлық оқушылар саны: 220

Ұл – 94

Қыз - 126

Ауылдан келгендер – 101

Ұл – 50 , қызы - 51

Қаладан келгендер – 119

Ұл – 41 , қызы - 78


Көпбалалы отбасы – 105 - 47,7%

Жартылай жетімдер – 11 - 5%

Толық емес отбасы – 12 – 5,45%

М.б.о – 7 (1еуі оқушының өзі 8б Қалаубекова К.)

АСП - 1



2. «БЕС ТЕРЕК» жоба концепциясы бойынша, жастар мен жасөспірімдер арасындағы деструктивті және аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу үшін білім беру ұйымдарына қарасты бес маман бірлесіп, яғни мектеп директорының

тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог, педагог-психолог және мектеп инспекторы белгілі бір алгоритммен жұмыс жасалынды.

Осы мамандардың бірлескен жұмыстары нәтижесінде кез келген оқушы өзінің қауіпсіздікте және психологиялық әлеуметтік тұрғыдан қанағаттанарлықтай сезініп деструктивті және аутодеструктивті әрекетке бару ықтималы төмендейді.

Жобаның мақсаты: жастар мен жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу.

5. Мектеп инспекторынан Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп - интернатының кәмелетке толмаған оқушылары Төлеби ауданыдық полиция бөлімінде профилактикалық есепте тіркелмегендігін растайтын жазбаша хат алынды.

6. ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕСІ түзілді:

Қорытынды кесте бойынша:

Жасыл деңгейі: бір оқушы 1 маманда тіркеуде

Сары деңгейі: бір оқушы 2-3 маманда тіркеуде

Қызыл деңгейі: бір оқушы 4 маманда тіркеуде

(**Сары** деңгейлі: бір оқушы 2-3 маманда тіркеуде – 19 оқушы (көпбалалы және Д есеп бойынша)

7. Сынып жетекшілерінен өз сыныптары бойынша оқушының үлгерімі, тәртібі, әлеуметтік желілердегі парақшаларының атаулары бойынша толық мәліметтер алынды, кестесі түзілді.

8. Мектеп мейірбикесінен «Д» есепте тұратын оқушылар тізімі алынды.

Қорытынды. Оқу жылы барысында сұраныс бойынша оқушылармен, ата-аналармен, педагогтармен психологиялық кеңес беру, жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстары белсенді түрде жүргізілді.

Психологиялық қызметтің негізгі бағыттары бойынша 2023 - 2024 оқу жылында жоспарланған психологиялық жұмыстар легі толығымен атқарылды.

2024 – 2025 оқу жылы

